

Әділғазы
ҚАЙЫРБЕКОВ

ҒҰМЫРДАРИЯ

(Балладалар кітабы)

«Алматы-Болашақ» АҚ
Алматы
2020

ӘОЖ 821.512.122
ҚБЖ 84 (5 қаз)
Қ23

Қайырбеков Ә.
Қ23 Ғұмырдария /Балладалар кітабы/ Әділғазы
Қайырбеков. – Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ,
2020. – 176 б.

ISBN 978-601-7461-83-6

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын Әділғазы Қайырбековтің «Ғұмырдария» кітабы «Балалық шақ балладалары» және «Базарлы шақ балладалары» атты екі бөлімнен тұрады.

Қазақ поэзиясында шағын оқиғалы өлеңдердің табиғаты өзгеше. Кенжелеу дамып келе жатса да шағын оқиғалы өлеңдер оқырмандарын тез баурайды, автор кейде болған оқиғаны ықшам баяндай отырып, тосын көркемдік шешім жасайды, өзгеше бір әлемге жетелейді. Балладаларға көбінде оқиға мен сюжет арқылы ашылатын драмалық қақтығыстар, ойдағы, санадағы, іс әрекеттегі қайшылықтар негізгі арқау болса да, өлеңнің бейнелі табиғаты ақын шеберлігіне, оның поэтикалық ойлау қуатына, иланымды көркемдік шешіміне қатысты бағаланады.

Бұл жыр кітабындағы балладалар оқырманның сағынышын қозғайды, аңсарын оятады, қиялына қанат бітіреді, шынайы бояуларымен баурайды.

ӘОЖ 821.512.122
ҚБЖ 84 (5 қаз)

ISBN 978-601-7461-83-6

@ Ә.Қайырбеков
«Алматы-Болашақ» АҚ, 2020

Бірінші бөлім**БАЛАЛЫҚ ШАҚ БАЛЛАДАЛАРЫ****ОНДА МЕН ОН ҮШТЕМІН**

Бір белгі естелік боп барша күннен,
Ойыма оралады таңсәріден...
Әкеміз мал дәрігері болғандықтан,
Көшеміз біз де бірге малшы ауылмен.

Төбеден жаз аунапты, күз аунапты,
Оңай ма балалықтан ұзау қатты...
Бір жылы сауын сиыр фермасында,
Он үшке толғанымда, бұзау бақтым.

Аңызак шілдедегі өткір, тегі,
Төбемде лапылдап Күн от бүркеді.
Астымда құнаным бар құла қасқа,
Алдымда алпыс бұзау, жоқ бір кемі.

Жанассаң жақсыларға деген қайық,
Жарасам қолғабысқа менен бе айып,
Сауынға әкелгенше сиырларды
Жүремін бұзауларды бөлек жайып.

Далада тербетсе де бір күй мені,
Жаспын ғой, ат үстінде ұйқым келді.
Біртүрлі маңғазданып қарайтұғын,
Бұзаулар алғашқыда сүйкімді еді.

Жел соқса қалың қияқ желбірейді
Жігерге жеңдіремін мен үрейді.
Ән салсам аңырады ала бұзау,
Бір жақта қара бұзау мөңірейді...

Жазықта сөз ұғардай, құдауанда,
Не керек дейтін-сынды бұл адамға...
Қайтадан жинай алмай бір қиналам
Өзенге алпыс бұзау құлағанда...

Өріске шығарсам да мен ертелеп,
 Күтпеймін ешкімнен де кенен көмек.
 Су ішіп алғаннан соң бұзауларым
 Шықпайды әр ағашты көлеңкелеп.

Не дерсің басса аяғын соқыр ағат,
 Тұтқиыл сынға адам тоқырамақ.
 Талтүсте, ең қиыны, қашады ғой
 Алпысы алпыс жаққа оқыралап.

Көңілдің көлбеп ұшып көбелегі,
 Табысты күреп тапсам деген еді.
 Оқыра тиген кезде бұзау біткен
 Құйрығын тік шаншып ап жөнеледі.

Қуамын анасын да, мынасын да,
 Сынаса тағдыр өстіп сынасын да.
 Ыстықта өкпең өшіп, тіл салақтап,
 Жылайсың жапа-жалғыз тұрасың да.

Құнаным да шаршайды құла қасқа,
 Бейнетті берді Құдай мына басқа.
 Кененнің “Көкшолағын” көп айтушы ем,
 Шара жоқ енді өкіріп жыламасқа.

Қателік жасағандай қия басып,
 Қалайша осыдан соң сый аласың.
 “Бақпаймын бұзауыңды, қайтып ал!” деп,
 Айтуға сиыршыдан ұяласың.

Шиырлап сиыр соқпақ түз-аумақты,
 Парағы күнтізбенің жүз аунапты.
 Осылай каникулда үш ай бойы,
 Азапқа төзіп алпыс бұзау бақтым.

Шыдадым. «Аруаққа сиыншы да,—
 Деген соң, – не болса да биыл шыда!».
 Ыриза еңбегіме әке-шешем,
 Ыриза төзіміме сиыршы да.

Үш айда ерте тұрып, кеш құладым,
 Бұзаудан оңай шығар ешкі бағу.
 Жоспарын сиыр ферма орындады,

Күздеуге шұбатылып көш құлады.

Болсам да әлі бала барды салдым,
 Үніне құлақ аспай жан құсамның.
 Үш айда тоқсан сомнан табыс тауып,
 Мұқатай сиыршыдан алғыс алдым.

Құнаным болар әлі-ақ дөнен қасқа,
 Жаз бойы бозторғайға өлең қосқам.
 Кластас достарымның арасында
 Ешкім жоқ табыс тапқан менен басқа.

... Адамзат арман қуып алға асығар,
 Олжалы болсаң, көршің сауға сұрар.
 Осымен аяқтауға болар еді,
 Бірақ бұл әңгіменің жалғасы бар...

Тосын жай айтты бір күн үй қонағы,
 Кеудеме жаңалықтан күй қонады.
 Мектептен Ленинградқа оншақты жан,
 Баруға саяхаттап жиналады.

Жер түбі аяқ-асты кім ерсін көп,
 Шешем тұр жөнін қайдан білерсің деп.
 Директор сәлем айтты әкеме де;
 “Баласын табыс тапқан жіберсін!” деп.

Аспанды бұлт құрсап түнеруде,
 Басымда мың сан ойлар үдеруде.
 Үй іші ақылдасып, ойласып кеп,
 Келісті мені алысқа жіберуге...

Алақай! Алып-ұшқан көңілім-ай!
 Бұлттардың аспандағы жеңілін-ай!
 Ешқашан ойламаппын Арман қала,
 Сапарға шақырар деп мені бұлай!

Болады олай деуге, былай деуге,
 Не деген ұшқалақ деп сынай көрме.
 Сұлутал құшағынан суырылып
 Мен кеттім ақ қанатты лайнерде.

Бұл енді өңім емес, түсім шығар,
 Көрмеген қиялдап та ісім шығар.

Неваның жағасында бұл қалада
Ғаламат сәулетші бар, мүсінші бар.

Көрмеген бөтен әлем, көңіл алаң,
Көздерден күлімдеген сенім алам.
Тұрғанда шығарып сап Совет ағай!
“Бір дәптер күнделік жаз!” деді маған.

Сол сөзді құйып алдым құлағыма,
Өмірдің бұл да маған сынағы ма.
Көргенім, білгенімді жаза бердім,
Үн қосып су бұрқағы, бұлағына.

Адамдар мұнда қандай шат күледі,
Бауырға тартып бәрі, бақ тіледі.
Арманға астасқандай алабөтен
Қалада сол бір жазда ақ түн еді!

“Бөлме бар Эрмитажда мыңнан аса,
Жүзіне бас сұқпадық тым болмаса,
Қайтеміз, уақыт тар!” – деп жазыпшын,
Сырымды ақтарамын жырмен қоса.

Ақ сарай, Патша сарай алтындаған,
Айналам нұр шашады жалтылдаған.
Ақ кептер жем шоқиды қолымыздан,
Саялап су бұрқақты салқындаған.

Киевтен келген сары Света қыз,
Балмұздақ жеуді бірге ұнатамыз.
Ол кезде оқытпады, қайдан білем,
Днепрге ат суарған ұлы атамыз!

Тарихтан талай сырды үзіп алғам,
Қиырға жол шектірген қызық арман,
Шоқанның, Марғұланның, Әуезовтің
Қала бұл әр жылдарда ізі қалған.

Астасқан ақ түнменен таңды ұнатам,
Естіліп тұратындай мәңгі мақам!
Қоршауда қалған кезде тоғыз жүз күн
Қала бұл жыр арнаған Жамбыл атам.

Не керек, өте шықты азғана күн,

Азғана күнде жанды сазға малдым.
 Білмеймін, сонша неге қуанамын,
 Білмеймін, неге сонша мәз боламын!

Оралдық он үш күнде отбасына,
 Уақыт зымырайды, тоқтасын ба.
 Шегініп барғандаймыз өткен күнге,
 Ілгері кеткендейміз көп ғасырға!

Көзтаныс кітаптан тек аян қала,
 Сырына құлағың тос, аялда да.
 Кеңшардың клубына жиналған жұрт
 Алдында жасап тұрдым баяндама.

Ғибрат болар, бәлкім, мен үшін де,
 Ғибрат болар, бәлкім, сен үшін де,
 Жадымда жаңғырады енді бүгін
 Басымнан кешкен дәурен он үшімде!

БІР ҚҰШАҚ ШӨП

Оқыдық әр тоқсаннан жүлде сұрай,
 Таныта бермес тағдыр күнде сыңай.
 Онжылдық мектебіміз «Сұлуталда» –
 Кеңшардың орталығы іргесі бай.

Ауыр жүк жеңілдемей арқандағы,
 Мектепке бастайды жол әр тандағы.
 Еңсеріп оқуын да жетіншінің,
 Күтеміз каникулды қаңтардағы.

Білімнен көшет егіп бақшама мен,
 Баптадым өз бойыма шақ шамамен.
 Алдында каникулдың орталыққа,
 Ауылдан әкем келді атшанамен.

Демеймін ерке едім, еріншек ем,
 Қаққанда қисаймайтын менің шегем.
 – Ауданға баратын бір шаруам бар,
 Қайта бер, – деді әкем, – бөлімшеге!

Божыны білем қалай ұстауын да,
 Қиялым құс боп сонда ұшты ауылға.
 Бесінде атшанамен шығып кеттім,

Бөлімше – «Қожагелді» қыстауында.

Ән салсам даусым сонда қарлыға ма,
Ақбоз ат сар желіспен барлыға ма.
Аязы шымшылайды мұрынымнан,
Айналам апшақ әлем, қарлы дала.

Болмайды қысқы жолда адасуға,
Бір үрей ақ қасқыр боп жанасуда...
Орталық пен бөлімше аралығы
Он сегіз шақырымдай шамасында.

Арманшыл жүрек іздеп дос табады,
Сағыныш баурап көзден жас тамады.
Шамалы күшейгендей кешкі аяз,
Шананың қар сызады қос табаны.

Қар биыл түскен екен тауға қалың,
Көрсең ғой қарға түлкі аунағанын.
Шанадан түсіп кейде жүгірсем де
Бойымды суық алды, жаурағаным...

Балалық, балғын дәурен, шақ қой асыл,
Бұзам деп бөгесінді, шарт қоясың.
Оншалық қашық емес жол шетінен
Көрінді қоршаулаған шөп маясы.

Қуанып кеттім соны көзім шалып,
Тербетіп келе жатқам сезім-шабыт:
«Шанаға бір құшақ шөп салып алсам,
Тоңбаймын, жаурамаймын осыншалық!».

Демеймін оң-солымды танығанмын,
Бассауға іздері хақ жаны бардың.
Иісі мұрын жарған бір құшақ шөп,
Шанама ойланбастан салып алдым.

Шіркін-ай, қарлы дала, шөпті шана,
Шыңылтыр аязға да жетті шама.
Бақыттың бұрқырайды буы менен,
Шалқалап, тоңазытқан көкті шола...

Қиялым тізгін қақты, тежемедім,
Бір ойым тұра қашқан көжек еді...

Батырлар жырын жатқа оқысам да
Мен үшін асқар тауым – әжем еді!

Ақ дала алақанда тербетеді,
Жас ұлан туған жерде ержетеді.
Ақ көбік бұрқырайды сауырынан
Ақбоз ат өршеленіп өрге , тегі.

Шөп исі, таза ауа, ұлан дала,
Бір тәтті ой ұшқыны қылаңдаған...
Сәл қалғып кетсем керек, қос салт атты
Тоқтатты, маған жекіп, мынаң қара!

“Оқисың нешіншіде?!”, “Пәмилең кім!”,
“Кімдерден, шөп ұрлауды, сен үйрендің?!”,
“Мектептен қуу керек мұндайларды!..”
...Сөз ұғар деген сенім кеми берді...

Шәріпхан зоотехник зіркілдеді,
Бастық та қасындағы күркілдеді.
“Қазір бұл шөп ұрласа, есейген соң,
Кеңшардан мал ұрлауы, мүмкін!” деді.

“Тоңған соң...” деп бастап ем, тыңдамады,
Маңайды бірте-бірте түн қамады.
“Балақай, шөпті түсір!”
Зоотехник
Аузынан көбік шашып жынданады.

Баламын, таласуға шама қайда,
Үлкендер сөз тыңдауға жарамайды, ә!
Амал не, қалды ақыр бір құшақ шөп,
Шашылып жол шетінде, анадайда...

«Баукеспе ұрлықшыны тауып менен,
Мектепке хабарлайды-ау!..” Қауіптенем.
Өзегім өкініш боп өртенемін,
Жарылар жанартау боп жанып келем.

Естісе, ұят болды-ау, достарымнан,
Сынғандай, кіржемін, қос қабырғам.
Жазықсыз жалалымын деп күйінем,
Бәрінен, болдым-ау деп босқа “құрбан”.

... Арада жылдар өтті жайыменен,
Мен кудым қара өлең, қайым өлең.
“Алматы қайдасың?!” деп алыс кеттім,
Арбады сиқырымен сайын әлем.

Әкемнің дауысына шап-шақ әуен,
Ойымда жүрген ылғи оқшау өлең!
Оралған Алматыдан ұлын әкем,
Қаңтарда қарсы алды ат-шанамен.

Бұл өмір сеніңше ме, меніңше ме,
Әкемнен аумайтұғын едім шебер.
Екеуміз жылы тонға оранып ап,
Бесінде тартып кеттік бөлімшеге.

Сұрадым көршілерді, таныстарды,
Сұрадым бәйгелерді, жарыстарды.
“Шал болып қалыпсыз ғой!” деген едім,
Бұл сөзге әкем аздап намыстанды.

Әкемнің әр сөзінен ой аңдадым:
“Бұл қыста қасқырлар аз, қоян қалың!”.
...Бір кезде еске түсіп бір құшақ шөп,
Барлығын бастан-аяқ баяндадым.

Көп сөздің бірі қаяу, бірі медет,
Біреу күліп, ал біреу күңіренед.
Содан соң, сөз сыралғы, сұрай салдым,
“Сол кісі – зоотехник тірі ме?” деп.

Біразға дейін әкем үндемеді,
Молаға қарап қойып іргедегі...
“Мал басын көп кемітіп, істі болып,
Сабаздың тапқан жері – түрме!” деді.

Елестеп көз алдыма қарлы дала,
Жәутендеп тұрды сонда арлы бала!
Біртүрлі жаны ашып қарайтындай,
Балалық дәуреніме барлық адам!..

ОН ҚАНАТ ШЕТЕН

Жылт еткен жаңалықты бөтен көрмен,
Жанынан өтем әрмен, өтем бермен,
Ауылда Айдаболдың шөп қорасы
Қоршалған керегекөз шетендермен.

Шетеннің кісі бойы биіктігі,
Өзгеше көзге, тіпті, күйік-тұғын.
Әкем де “шөп қорамды қоршап бер” деп,
Мазалап жүрген жиі сүйікті ұлын.

Сөзімді бермесем де құрақ ұшып,
Әкемді қуантуға бұрады ішім...
Ауылда Айдаболдың шөп қорасы
Көз тартып анадайдан тұрады шын.

Басыма түрлі-түрлі ой қонақтап,
Бозаңнан ойын қумай жәй далақтап,
Айдабол шетен тоқып жатқан кезде
Қасында жүрдім талай айналақтап.

Боғастың бойын құлдап гүл кешемін,
Іздеймін іскерліктің ілгешегін.
Саусақтың саласындай шілік-талды
Сұрыптап қидым содан бірнеше күн.

Каникул, жаз маусымы, жабағат күн,
Зымырап өтіп жатыр, санамаппын...
Тасыдым ат-арбамен қиған талды
“Ал, шетен тоқимын!” деп қада қақтым.

Ақылын үлкендердің талай тыңдай,
Есейдік қолғабысқа жарайтындай.
Байқаймын, бұрын шетен тоқымағам,
Басқалар маған күле қарайтындай.

Есімде Бақты шалдың қағытқаны,
Біртүрлі аяушылық танытқаны...
Солқылдақ шілік-талды бұрап иіп,
Шетенді тоқыдым мен шабыттанып.

Өр намыс сол бір шақта қанда ойнапты,
Ыңылдап айтып қоям “Балқаймақты”.

Бір күні Құдайберген құрдасым кеп,
“Сен нағыз шеберсің!” деп таңдай қақты.

Шыбықты иіп, тоқып, өргенімде,
Келтірдім құс қанатты өрнегін де.
Азанда басын шайқап ұзақ тұрды
Айдабол арнайы кеп көргенінде.

Керейхан, Оразбай мен Жеңіс, Кеней,
Мақтады, мына жерің кеміс демей.
Бәйкен шал, Сексен, Бейсен, Түсіпхан да,
Қолпаштап қойды мені келіскендей.

Лензат пен Дию Кеңес, Шағамбайдың,
Көздері түсті маған, бағамдаймын.
Он қанат шетен тоқу ойымда бар,
Тезірек бітірсем деп алаңдаймын.

Әкеме жарадым деп қолғабысқа,
Әрдайым жүрем іштей толғаныста.
Сол кезде әкем соғыс мүгедегі
Көрмеді айыр, күрек қолға ұстап.

Жақсылық – әкем аты, тұйық кісі,
Сонда да малшы ауылдың ұйытқысы.
Жарықтық жалғыз өзі отыратын
Маңайға күле қарап, биік түсіп.

Сол жазда көктен жұлдыз сорғалаттым,
Тәңірім танытқандай оң қабақты.
Тамсанып көршілерім көрді дейсің
Тоқыған шетенімді он қанатты.

Ұл жарап ат ұстарға, ту ұстарға,
Бұл да той қызық, думан қуысқанға.
“Шөп қора мәселесі шешілді!” деп,
Әкем де, әй, мақтанды, туыстарға.

Қайтпайды алған беттен бекіген ер,
Айдабол, айтсам енді реті келер:
“Апырай, саңылау жоқ арасында
Шыраққа қонған, – депті, – шетін өнер!”

Жас талды майыстырып өремін ғой,
 Өрнегін үйлестіріп көремін ғой.
 Сол шетен – өз қолыммен, ең алғашқы,
 Ұйқасқа түскен менің өлеңім ғой!

Жетеді қуған адам шын арманға,
 Ұқсайды арман, шіркін, шырағданға.
 Сол шетен – шабытымның ақ бастауы,
 Алғашқы жазған менің шығармам да!

Жіп есер қалаған жан жібекпен де,
 Дүрсілдеп соғар асау жүрек менде.
 Не керек, әке-шешем дән ыриза,
 Қалаға кеттім өзім жыл өткенде.

...Білімнен нәр алуға ерік бердім,
 Жастық шақ жайлауында зеріккен кім.
 Арада бесеу, алтау, он жыл өтті,
 Шетенім ескіріпті, келіп көрдім.

Әкем де жерге төсеп жауырынын,
 Естімей кетті жаңа дәуір үнін.
 Шалдары сиреп қапты қауқылдасқан,
 Шап-шағын «Қожакелді» ауылының.

Бұл ауыл аттандырған небір саңлақ,
 Талай ел алыс-жақын көрдім шарлап...
 Ауласын айналдыра қоршап жатты
 Жас жігіт алып келіп темір шарбақ...

ЖАР ЖАҒАСЫНДА

Ай тозып, жыл озады, сырғып, мүлде,
 Шартабақ, дөңгелек жүз күлдік Күнге.
 Мөлшері бес-алтыда болсам керек,
 Мекендеп отырғанбыз Кіндіктіде...

Қозғасам көне сырды әрі-бері,
 Айтқан сөз ауылымның кәрілері.
 Әйбәт жер Кіндіктіні ел мақтайды,
 Әкем сол малды ауылдың дәрігері.

Кіндікті ең әсемі жер төсінің,
 Мүйізі Ай секілді серкесінің.

Әй дейтін, беттен қағар бір адам жоқ,
Әжемнің бауырында еркесімін.

Біғады ауылдағы дауылға кім,
Бірысты аялаған қауымдамын.
Келбетін танығым кеп, білгім келіп,
Күніге жүз шарлаймын ауыл маңын.

Тамаша табиғатта жарасым бар,
Айып па айырмасам арасын дәл...
Қалың ши, қалың қамыс, қалың шілік,
Одан соң ойдым-ойдым қара сулар.

Бәрін де бала көзбен бағалаймын,
Көрінер шағын өзен маған айдын.
Оншақты қарасирақ балаларды
Ертіп ап қара суды жағалаймын.

Қай қазақ жаздыгүні бақша баптар,
Тек қана қиялымен ақша қаптар...
Бауыры Күн нұрына шағылысып,
Ойнайды қара суда ақ шабақтар...
Ойынға бала құмар тарқамапты,
Ол кезде арманды кім арқалыпты.
Оншақты жүгермекті ертіп алып,
Бір күні жағаладым жарқабақты.

Алдыда аш күнім бар, тоқ күнім бар,
Мен білем деген сонда екпінім бар.
Бар ойым: ақ шабақты көрсе деймін,
Өмірде түк көрмеген боқмұрындар.

Заңына табиғаттың жүгінеміз,
Ойнаймыз асыр салып, жүгіреміз.
Бәріміз жарқабаққа жақын келіп,
Тұңғиық қара суға үңілеміз.

Бүгін бір атқан екен таң нұрлана,
Сіркіреп жауып өткен жаңбыр мана.
Түбінде қара судың тылсым ұйып,
Бетінде жүзіп жүрді балдыр ғана.

Танымда не даналық, не балалық,
Тамырың табиғатта деген анық.

Көріп қап ақ шабақты су түбінен,
Деп тұрғам: “Әне, балық!”, “Әне, балық!”.

Бала да құштарлықты бөгемейді,
Төнсе де қауіп-қатер елемейді...
Тұрып ап жарқабақта бір топ бала
Шуылдап “Кәне балық?!”, “Кәне?!” дейді.

Баланың көрсем, білсем – бар құмары,
Қиялдың алып-ұшып арғымағы...
Сол кезде мен тұрған жер опырылып,
Қас қағым... қара суға жар құлады!

Көргісі келген құқай бір көреді,
Бұл-дағы дүниенің дүрбелеңі.
Балалар тұра қашты, қорыққаннан,
Ауылға, бір шақырым іргедегі.

Сол шақта алаңғасар, аңғалмын ба,
Құладым қолмен ауа қармандым да.
Қай сезім баурағаны есімде жоқ,
Білмеймін, қорықтым ба, таң қалдым ба.

әжем де жоқ ақылшы құт,
Қалайда күтетінім жақыншылық.
Қолымды создым қайта жағалауға
Жандәрмен қара суға батып-шығып.

Мен-дағы армандамын, армандамын,
Достарым, қалай кетіп қалғандарың...
Бір кезде саусағыма шөп ілікті,
Бір кезде Құдай ондап тал қармадым.

Өтеді бұл уақыт зулап оқтай,
Бәйгеде бірін-бірі қуған аттай.
Бұтағын көк шіліктің көмек көріп,
Тұрышпын ажал аузы суға батпай...

Осыдан ұғатын жан ой аңдайды,
Даусыма менің дала оянбайды...
Балалар бара сала үйлеріне
Бәрі де болған жайды баяндайды.

Тырналар тыраулайды тізбектеліп,

Күдерін менен әжем үзбек пе еді.
Уақыт сүт пісірім өткеннен соң
Шығады бүкіл ауыл іздеп мені.

Ісі жоқ айғайменен, ұранменен,
Не дауыс шықты деген күмәнменен,
Суатқа келіп қалып кездейсоқта,
Көршіміз құтқарады Құнан деген.

Жаратқан хикметіне мына қара,
Жарық күн бұйырыпты сыбағама.
Ажалдан алған мені арашалап,
Алдыңда қарыздармын, Құнан аға!

ЗАУАЛ

Жүгермектер он екі-он үштегі,
Ермек үшін шағады шемішкені...
Шатырларды адақтап кептер жинап,
... Кешкіғұрым бір іске келіскені...

Келіскенде, шешкен іс жоспар құрып,
Есті кісі емес бұл қостар қылық...
Әуелгіде әуестік жеңе қарап,
Шошынасың соңынан астар ұғып...

Аузын буған қапқа сап кептерлерді,
Алып шықты ауылдан бөктердегі...
Көл жағалап, жарлауыт қабақ іздеп,
Жүгермектер жінікті бетперделі...

Қызыл іңір ұзарып, қас қарайған,
Адам қуат алады асқақ ойдан ...
Ал мыналар сұмдық бір іс соңында,
Баба сөзін ұмытқан тасқа ойған ...

Жүгермектер он екі, он үштегі,
Ақыл-есі, білмеймін, кеміс пе еді...
Әлі күнге бір сауал миым тесер:
«Әумесерлер осыны неге істеді?!».

Бір қап кептер, бір шелек керосин бар...
 Елестетіп “қызықтың” елесін дәл ...
 Жарқабаққа шықты олар көлге төнген,
 Қорықпады Құдайдан неге сұмдар?!

Батырып ап шелекте керосинге,
 Кептерлерге от қойды!.. Сенесің бе?!
 “Қызыл шарлар” ұшады көл үстінде,
 Лаулаған от ойнайды төбесінде!..

Көзді ашып-жұмғанша пенде ғаріп,
 Лаулаған от құлайды көлге барып.
 “Қызыл шарға” айналған көк кептерлер,
 Қиналамын, обалы менде қалып...

Жүгермектер, зәнталақ, бәтшағарлар,
 Өздері жас емес пе, отша лаулар.
 Отқа орап бейкүнә кептерлерді,
 Күйінбессің қалайша, жатса олар!..

Отқа оранған кептерлер көлге құлап,
 Ауыл үнсіз, естімей елде құлақ...
 Түнгі аспанды тілгілеп “қызыл шарлар”,
 Арашашы табылмай емге, бірақ...

Есіреді мәз болып жарыместер,
 Жарыместер барында зарың өскен ...
 Отқа оранып үміт пен сенім өлген,
 Есіңе тұт, ертең де бәрің ескер...

Отқа орап лақтырған кептерлерге,
 Кептер болып өртеніп кеткендерге,
 Терек дұға оқиды басын иіп,
 Түнгі сарын аңырап Көк пен Жерде...

Соңғы кептер тыпырлап қап түбінде,
 Бір жүгермек қолына ап күбірлеп:
 “Тірі шарға айнал!” – деп от қойғанда,
 Ауыл жақта айғай-шу, ат дүбірлеп...

Әлгі «кептер – зымыран» самғады тік,
 Қызыл қанат кеткендей жанға бітіп...
 Көлге емес, құлдилап ауыл жаққа,
 Есі шыққан адамдар қалған күтіп...

Жаратқанға табынып жиын-халық,
 Әр кәллаға үймелеп дүйім қауіп...
 ... Отқа орады от-кептер ақырында
 Он үштегі кешенің үйін тауып!..

ҚОҢЫР ҚАЗ

Күйбеңдеумен жүрісі түк өнбейтін,
 Қолда барын қорғаштап, үнемдейтін,
 Көрші кемпір жем шашып ертелі-кеш,
 Қайта-қайта қаздарын түгендейтін .

Шүйке шуда ермегі түтетұғын,
 Шаруа шағын, шаршатпай бітетұғын .
 Шау тартса да жеңгізбей жалғыздыққа,
 Шапағатын Тәңірдің күтетұғын...

Күн қабағы жадырап, түнереді,
 Көктемеде көк белде гүл өреді,
 Ақ қаздардың ішінде бір қоңыр қаз
 Көзге дара көрініп жүрер еді.

Кемпірдің де мейірі қоңыр қазда,
 Қос балапан шығарды со бір жазда.
 Қамқорлыққа қаншама бөленсе де
 Кездейсоқтық кесірі өмірде аз ба?!

...Көл жағалай жайылып жүргенінде,
 Күтпеген жай болды ғой бірде мүлде.
 Бір сары үрпек жоғалды көз алдында.
 Ғайып болып құстардың дүрмегінде.

Тағы бірде... ауылға бұрып бетті,
 Қайтарда... қоңыр қаздан ырық кетті.
 Қара боран соқты да, балапанын
 Қара бұршақ жаңбыры ұрып кетті...

Көп адасты қоңыр қаз үйге дейін,
 Басқадай бір ауысты күйге кейін.
 Айдын көлден, ақ қаздар арасынан
 Аласұрып іздеді “түймедейін”.

Қалың шүйгін жетілді қолаттағы,

Қаңқылдаумен өткізді ол аптаны,
Жемді бірге жесе де жайшылықта,
Басқа қаздар жанына жолатпады.

Санап жүріп ғұмырда аз қалған күнді,
Кемпір күтті ізгілік алдан нұрлы.
Бауырына сап үйректің балапанын,
Қоңыр қазды сонымен алдандырды!..

Күрмеуі көп тірліктің құба таңы
Күліп атса, әркім-ақ ұнатады.
Андаусызда аһ ұрған адамдарды
Өмір кейде өстіп те жұбатады!

КӨК БОЗ АТ

Қағажу көріп, ұмыт боп,
Міністен көк боз қалғалы,
Қырқаға қарап тұнық көк,
Ұмсынар тыныс алғалы.

Арқасы жауыр ер батқан,
Жем түскен аяқ бастырмай,
Құлақтың түбін тер қатқан
Қытықтамайды жас қурай.

Жануар сұлық тұрады,
Ұқсату қиын жылқыға.
Самарқау мойын бұрады,
Сүлесөк қана жұлқына.

Жасыдың сонда, қария,
Қолыңа алып жүгенін,
Бір ойға шомып дария,
Күрсіне кейіп, жүдедің.

Көк бозың көңіл құсы еді,
Бәйгенің алдын бермейтін.
Көп жайлар еске түседі
Өзіңді-өзің тергейтін.

Көк құнан еді кешегі,

Көтерген шаңын даланың,
Жөн білер жандар көшелі
Көп айтқан еді талабын...

«Арбаға жексең, бұзылар,
Алқымын қамыт қажап көп.
Терінің ащы тұзы бар,
Аяқ сілтесі ғажап!» деп...

«Қой бақпа, – дейтін, – мұнымен,
Бүйірге қос-қос тепкілеп!».
«Қор болады ғой, шынымен,
Бас асау емес, текті!» – деп.

«Көк боздан үміт көп!» – дейтін,
Келелі кеңес құрғанда.
Күш-көлік бірақ жетпейтін,
Қыруар жұмыс тұрғанда.

Мәлім ғой шопан мұраты,
Шабады ойға, қырға да
Шалдыққан кезде бір аты
Баптай ма мұны құр ғана.

Бір ауық бұған ауысып,
Тартатын қатты айылын
Жайлаудың отын тауысып,
Іздейтін басқа жайылым.

Қамытын киіп тұрмыстың,
Қажыдың талай өзің де
Қауқарың барда тырмыстың,
Қайратты едің кезінде.

Шау тартқан шақта келіп мен
Тұқырту емес мақсатым:
«Бағаламадың неліктен,
Жабы болыпты жақсы атың!».

Алыста жылқы үйірі,
Кісінейді бір жас құлын.
Солықтап екі бүйірі,
Көк бозды ауыр басты мұң.

Оңалмай содан кейін-ақ,
Сүлесок тұрды неше күн.
Еңкілдеп қария бейуақ,
Таба алмай қойды еш емін.

Жусаудан қалды көк боз ат,
Жығылды мүлде тұра алмай
Қарияның өңі боп-боз ақ,
Ағарды шашы қыраудай.

Тұяғын серпіп соңғы рет,
Шығармай көк боз дыбысын,
Көзінде аспан мөлдіреп
Тереңнен үзді тынысын.

Жүгінді қария жүрелеп,
Жасырмай көздің жасын да.
Кетердей көк боз түрегеп,
Ертоқым жатты қасында...

БАЛДАҚ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Ер тұлғасы сын сәтте дараланбақ,
Жолын тосып жүргенде жорамалдап,
Ауылына Айдабол оралыпты,
Қолтығында сықырлап қара балдақ.

Бұдан қырық жыл бұрын, жігіт шағы,
Әркімнің де қолында үміт шамы
Өшіп-жанып тұрғанда оралыпты,
Жыртылғанды жамапты іліп-шалып...

Бозбаланы көргендер сыңар аяқ,
Белгілі ғой, біртүрлі, тұрар аяп.
Бір аяғын беріпті Жеңіс үшін,
Бағамдапты басқалар сұрамай-ақ.

Мүгедектпін демепті, қорынбапты,
Талқандапты қиындық торын қатты,
Қаз тұрғызып кеңшардың шаруасын,
Тапсырмасын мүлтіксіз орындапты.

Балдақ үнін тыңдатып бар маңына,
 Бойда күшін халқына арнады да,
 Бақуатты қазақтың қара шалы
 Бұғалықты салыпты арманына.

Тірлік-теңіз толы ғой шу-ағысқа,
 Толқын болып жығылу жұбаныш па.
 Ұрпақ сүйіп, ұзартып ғұмыр көшін,
 Ұластырды шаттығын қуанышқа.

Ой жүгіртсек өткенге сара барлап,
 Сыздауы көп соғыстан жара қалмақ.
 Соның дерті сырқырап қинағандай,
 Сықырлайтын еді ғой қара балдақ.

Қатал тағдыр ауыр жүк артсын, ұқты,
 Тым жадағай түсінбе жақсылықты.
 Айдабол, бәрін бастан өткеріпті,
 Ал, бірде, қара балдақ шарт сыныпты...

Қарияның болса да тегі мықты,
 Қолына алып балдағын егіліпті.
 Қарманыпты ауаны қалт-құлт етіп,
 Қабырғасы қайғыдан сөгіліпті.

Тұрғызыпты орнынан демеп ұлы,
 Бекер айтып отыр ғой деме мұны.
 «Протезбен жүресіз бұдан соң!..» – деп,
 Апарыпты қалаға келер күні.

Таңдағанға мақсат көп, мұрат өзге,
 Қолдан келсе дәл тигіз, тура көзде.
 Қолайлы деп қаншама мақтағанмен,
 Қызықпапты Айдабол протезге.

Болған дұрыс өмірде асқағырақ,
 Ғұмыр деген ойласаң қас-қағым-ақ.
 Бір аяқпен жүруге мүмкін емес,
 Балдақ сатып алыпты, басқа, бірақ...

Айдаболдың шек қойман талғамына,
 Сенімменен қарайтын алдағыға,
 Сүйеніпті ол ылғи адамдарға,

Сүйеніпті содан соң балдағына!..

МӘТКӘРІМ

Мың тоғыз жүз алпысыншы жыл еді,
«Арпа ұны ас болған!». Жұрт біледі!..
Алты жаста ат қып мініп шыбықты,
Ауыл маңын алты айналып жүремін...

Ескі сурет еміс-еміс есімде,
Киіз үйде, ірге түріп, бесінде,
Бебеулетіп домбырасын шертеді,
Беу, Мәткәрім өмір-керуен көшінде.

Домбыраның қоңыр үні баурайды,
Жерошақта қызыл жалын лаулайды.
Сол Мәткәрім тәру-тәру күй тартып,
Тас төбемде кешкі бұлттар аунайды...

Күн бесінге тайқып келе жатады,
Қой өрістен қайтып келе жатады.
Сауыншылар шелектері білекте
«Шилі өзенді» айтып келе жатады...

Әжем маған: «Жүрші, балам, күй тыңдап
Қайтайықшы!» – десе, ойын, ұйқым қап,
Мәткәрімнің үйін бетке аламыз,
Мама қаздай әжеме еріп, бипыңдап.

Әжем өктем: «Тәттімбеттен тарт!» дейді,
Беу, Мәткәрім домбырасын «ерттейді».
«Тәттімбеттің күйлері де «тілсіз жау»,
«Сарыжайлау» – өзекжұлын дерт!» – дейді.

Қазақ шертпе күйлерінің шебері,
Бөлек әсте қолтаңбасы, бедері,
Дәулеткерей, Тәттімбет пен Қазанғап

Шерлерінің қозғар аңыз-дерегін...

Жүрек сазып, әжем үнсіз жылайды,
Күйбең тірлік ысырылып былайғы,
Жайнап тұрған жасыл дүние сарғайып,
Ұбақ-шұбақ жайлаудан көш құлайды.

Деп тартады: «Байжігіттен, Тоқадан...»,
Дең күйлерден сезім алам, от алам.
Бірде – сәуір, бірде – тамыз сол күйлер,
Бірде – қазан, бірде – қаңтар қақаған.

Салтанат па, сағынышты сарын ба,
Жорға жарыс, шабу емес арындап...
Шым-шым толқын жүрек қылын шертеді,
Мәткәрімнің саусақ ұшын дамылдап...

Беу, Мәткәрім – Қаракерей Қыржыдан,
Шер шерткенде бір жыла да, бір жұбан.
Бүкіл ауыл кешкіғұрым күй тыңдап,
Байқалмайтын ұшқыр уақыт жылжыған.

Жалпақ белбеу тағушы еді қайыстан,
Жанарынан күй толғаса жай ұшқан.
Бағаналы Саятөлек күйшімен
Түскен екен үш күн, үш түн сайысқа.

Бірін-бірі жеңе алмапты ырғасып,
Алыптар ғой көк тіреген тұлғасы.
Тағы үш күн, үш түн бойы сырласып,
Өткен екен өмір бойы сыйласып...

«Мәтекеңнің күйлері-ай!» – деп күрсініп,
Әжем бүгіп қалушы еді бір сырын...
Бес жасымда құлағыма құймаса,
Қайдан білем шертпе күйдің тылсымын...

Қауқылдасып Жәнтікейдің шалдары:
«Мәткәрімнің көп болды ғой арманы, –

Десетін-ді: «Соңында не шәкірті,
Ізін жалғар не бір ұлы қалмады!»...

Шығыс күйін көп зерттеген бекемдеп,
Уәли, Мұрат, Таласбектер бөтен бе...
Айтып жүрді: «Түспей қапты нотаға...
Мәткәрімге обал болған екен!» –деп.

Орайына келген шаруа, қараңыз,
Ғұмыр кешкен қарапайым әрі аңыз,
Тоқсан жаста Алматыға алдыртып,
Күй жаздырған Бағаналы бабамыз.

Мәткәрім ше, ұмыт қалды ол неге?!.
Кедергілер болғаны ғой әлде не...
Сүт тасушы болып жүріп совхозда
Кезігіпті кесапатқа көлденең...

Өнер, шіркін, өмірмен де өлшенер,
Тосын бейнет, мехнатты ер шегер...
Төрт саусағын темір бөшке жаныштап,
Молақ болып қалған екен сол шебер!..

Өнер шері домбырасын өтті аңсап,
Мәткәрім деп жыр толғасам көп тамсап:
Көз алдыма келер қанға боялып,
Топырақта тулап жатқан төрт саусақ!

Пырақ өнер жалынан бір ұстатып,
Түн ұйқысын қашырды ол түс қатып...
«Бізге жеткен жалғыз күйін жаңғыртып,
Тартып жүрмін!» – дейді Біләл Ысқақов.

Өнерпаздың өзегінде күйді арман,
Өмірінде тек иманға иланған,
Мәткәрімнің аңсарындай мәңгілік
«Әсем толғау» деп аталған күй қалған!..

2017.

* Есенғұлов Мәткәрім (1880 –1967), күйші,
домбырашы. Атақты Балғожа биің немересі.
Ол туралы деректер «Найман Мәмбетқұл және
Ырғызбай әулие әулеттері» (Семей, 2004; Алматы,2007)
шежіре кітабына енген.

БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ БАҚШАСЫ

Алдамшы фәни үлдемен және бүлдемен,
Тіршілік мәні емес қой бірақ бұл деген.
Балалық шақты сағынам, сонша аңсаймын,
“Қимайтын нең бар?” дейтін де шығар білмеген.

Балалық шақта бізге тым қымбат күлкі бар,
Жұлдызды түнде, жусаған шақта жылқылар.
Алтыбақанда... ақ сүйек ойнап адастық,
Адасып жүріп табысу салты, ғұрпы бар.

Балалық шақта естіген қызық ертегі,
Бал-шырын сезім жандырды сонда, өртеді,
Ертеді қиял елсізге, шетке, қиянға,
Ерекше күйді, ғажайып сырды шертеді.

Балалық шақта... біз үшін қымбат пәк сана,
Ақылын айтқан аяулы еді жақсы аға.
Тәттіге құмар болдық қой, жалғыз кінәміз,
Біз ұрлық жасап түссек те талай бақшаға.

Балалық шақтың түндері мақпал, күні ыстық,
Болсақ та бала қас пенен көзден ұғыстық.
Ойнағанда біз: қыз алып қашып ойнадық,
Соғысқанда біз: ақ таяқтарды қылыш қып.

Балалық шақта естіген есті әңгіме,
Есіңнен шықпай қояды екен мәңгіге.
Ыңылдап іштей жүресің дәйім қайталап,
Сызылтып салған тойларда әсем әнді де.

Балалық шақта хат жазушы едік қыздарға,
Сөйлесу қайда сотовыйменен ызвандап...
Хатыңа жауап күту ғой дүние қызығы,
Айналаң жанған сырғалдақ пенен қызғалдақ.

Балалық шақтың бір күні мыңға татымақ,
 Көршінің қызын көзбенен жүрдік бақылап.
 Бұрымнан тартып жылатушы едім қыздарды,
 Әй, аңғал басым, әй, аңқау басым, ақымақ.

Балалық шақта біз бағаламаған бақыт бар,
 Бұтарлап-талдап беруге қазір уақыт тар.
 Көп жылдар бойы жаныма маза бермейді,
 Жарқ ете қалып жоғалған лағыл, жақұттар.

Балалық шақта біз аялаған үміт бар,
 Табылса кілті ашылар барлық құлыптар.
 Күліп бар дейтін жұмсаса әжем бір жаққа,
 Ешкімге бірақ болмағын дейтін кіріптар.

Балалық шақта таулар да биік, дала кең,
 Жаңбырдан кейін ашады ауыл жаңа өң.
 Бірақ та біздер ойлаған жоқпыз сол кезде,
 Сағынамыз деп, сарғаямыз деп санамен.

Балалық шақта арманың асқақ, өр кеудең.
 Қашпайсың ешбір талқыдан яки тергеуден.
 Қолыңда барды шашасың досқа алғаусыз,
 Тұрасың даяр ал деуге және бер деуге.

Балалық шақта ойламайды адам өш-қастық,
 Өңмеңдеп саған өткізбес сөзін еш бастық.
 Білмеймін қалай, қай күні және қай жерде,
 Балалық шақпен, базарлы шақпен қоштастық.

Балалық шақтың ауылы енді жырақта,
 Жадыңнан мүлде шықпайды екен бірақ та.
 Сұраққа жауап табасың қазір қиналып,
 Ғасырдай ұзақ көрініп кейде бір апта.

Балалық шақтың ауылы енді қалды алыс,
 Сатулы көңіл, саудагер өмір, жанбағыс.
 Арзандап, сірә, кетпесе дейсің ар-намыс,
 Қазаққа қазақ жасаса дейсің қолғабыс.

Балалық шақтан бір белгі болса қалатын,
 Ол – арман шығар күйдіріп алған қанатын,
 Ол – аңсар шығар, көзінде құрбыларымның,

Кездескен кезде жарқ ете қалып жанатын.

БАТҚАН КҮННІҢ БОЯУЫ

Уа, таңырқат, жаңа күн, таң арайлы,
Нұрлы шуақ жаһанды аралайды.
Пенделерден қашам да, Пәруардігер,
Мұң шағамын құшақтап қарағайды.

Кейбір кезде елеусіз, ұмыт қалдым,
Ұлықталдым демеймін, құлыпталдым.
Шуылдасқан тобырдан шеттедім де,
Ынтымағын шерткемін шілік, талдың.

«Ат біледі батқанын артқы айылдың»,
Ақиқатты айтқанда шалт қайырдым.
Аяулымды көргендей күй кешемін,
Ақ білегін ұстасам ақ қайыңның.

Бауырында отырмын көлеңкелеп,
Басқаға сөз, ал, маған өлең керек.
Ағаларым секілді асқақтайды,
Көкке қарай ұмтылған емен, терек.

Туған жерге тағзым ет тусаң дара,
Көңіл кірі кете ме жусаң ғана.
Бұлдыраған сағымның ар жағында –
Бұрқыраған иісі жусан дала.

Жазықсыз да ет жүрек жараланбақ,
Жүзден озып, шын жүйрік дараланбақ.
Сездіреді тірліктің баянсызын
Сайға қарай домалап қара қаңбақ.

Мың күн жанған шырағың бір күн сөнер,
Жаратқанмен оңаша кім тілдесер.
Ұйқың шайдай ашылып кетері хақ,
Үй шатырын ұрғанда түнгі нөсер.

Бәрі жұмбақ бұл өмір, бәрі күмән.

Тау шыңдарын бүркейді сары тұман.
 Өкініштің өксігі естілгендей
 Сарқырама өзеннің сарынынан.

Жапырақты жынды жел ала қашты,
 Қуанышқа қайғы-мұң араласты.
 Белгісіз құс сайрайды не жайында,
 Бұтағына қонып ап қара ағаштың.

Қылыш пенен қамшыны қойдым бірге,
 Домбыра тұр шанақта ой күмбірлеп.
 Әлі күнге келеді тамсандырып,
 Тіл үйірген дәмімен қой бүлдірген.

Ғұмыр жалға, жолыңды сызып ал да,
 Қызыл-жасыл тіршілік қызығы алда.
 Қыз анары секілді құпия ғой,
 Уысымды толтырған қызыл алма.

Табиғатта тылсым көп жырға нұсқа,
 Қыз қолыма су құйды құмған ұстап.
 Көмек күтіп тұр ма деп қарайладым,
 Басын иген шартабақ күнбағысқа.

Ойын соғып, қайтушы ек мәз боп үйге,
 Сурет салып содан соң сөзбен ирек.
 Ұшып-қонған қиялдың құсы екен ғой,
 Көлге келген кешқұрым қаз бен үйрек.

Жар жағалап, құм кешіп, торға түстім,
 Жыққан жоқпын ақ туын ар-намыстың.
 Сыбызғыма қосылып сыңсығанын
 Саздаудағы көрсең ғой нар қамыстың.

Құба белде жүйткіді құртқа киік,
 Көрінердей кей төбе жұртқа биік.
 Абайсызда ақ мақта тұтанғандай
 Батқан күннің бояуы бұлтқа тиіп...

БІР КЕСЕ СҮТ

Ойын қуған балада уақыт тапшы,
 Ойды қуған адамда бақыт тапшы.
 Балалық шақ ойынға жарытпаса,

Өмір қатал сабағын оқытпақшы.

Біз ойнадық, доп қудық, күн батыра,
Сол ойынның қызығы қымбатырақ.
Дайындалар сабаққа бар уақытты
Ойын қуып, өкіндік, ұрлатып ап.

Ауылымның шетінде доп алаңы,
Доп-домалақ көп күндер домалады.
Ақ, көк ала жейделі көп баланың
Доптан басқа жоқ еді көп алаңы.

Кедергіден кез емес тосылатын,
Дос жүрегін тек қана дос ұғатын.
Қайтқан малдың өрістен қою шаңы
Доп алаңы шаңына қосылатын.

Әрі қуып бір допты, бері қуып,
Қызыл арай батыста керіп уық,
Әбден қатып сілеміз, шаршасақ та,
Бір жеңістің ауылы еді жуық!

Содан үйге келгенде әлім құрып,
Қалың жауды жайратып, бағындырып,
Тастағандай төңкеріп Толағайды,
Нұрбиса апам қарайтын халімді ұғып.

Алғаннан соң азырақ тамақтанып,
Отырамын ойланып сабақ қамын.
Әдебиет әлемін шарлап шығып,
Физика, химияны парақтадым...

Түңгі сағат он екі, әлде, бір ме,
Өлең сөздің елітіп өрнегіне,
«Қыз Жібекті» түгесіп бір тоқтаймын,
Ғажап әуен жанымды тербеді де.

«Көзің талды көп оқып, қарағым-ай!»,
Нұрбиса апам қамқоршы маған ұдай.
Дәу кесемен ыстық сүт ұсынады,
Мейірімнің сол саумал самалын-ай!

Ыстық сүттің дәмі қап таңдайымда,
Біқыластың табы қап маңдайымда.

Нұрбиса апам жайында мен өмірден,
Өтсем дедім өшпейтін эн дайындап!

Нұрбиса апам. Ыстық сүт. Кәрлен кесе.
Елендеймін бір адам елден келсе.
Айтқым келіп тұрады ыстық сүтті,
«Таза ауада, – дәрігер, – емдел!» – десе.

Доп қуғаннан шықты ғой бұл әңгіме,
Дос іздеген қалпымда тұрам кілең.
Сыныптастар бейнесі тізбектеліп,
Көз алдымнан өтеді сылаң, міне!

Нұрбиса апам, еске алдым, сүт бергенін,
Ыстық сүтті бойыма күт көргемін.
Доп ойнаған кластас достар еді –
Тағы да бір әңгімем діттер менің.

Б.Серік, Біржан, Саябек, Тілеубектер,
Біреу ақ тер болғанда, біреу көк тер,
Сайыпқыран футболшы еді бәрі
Санамалап ал енді түгендеп көр.

Кенжеғұл мен Мейрамхан, Ұзын Серік,
Сөзін дәмдеп сөйлейтін, тұзын сеуіп,
Әнін әсем айтатын үзілдіріп,
Сапқа тұрса секілді қызыл шерік.

Құдыш, Арғын, Қазыкен, Сайболат бар,
Алатынын білмейсің қайдан ақпар,
Жаңалығын әлемнің жарыса айтып,
Төс қағысып тұратын «бай-манаптар».

Қадылбек пен Қонысбек, Төлегенді,
Еске алудың жөні де бөлек енді.
Осылардың барлығын ойлағанда
От-жалын боп түсіме өлең енді.

Еркінбек пен Қабыршақ, Талғат, Мекен,
Бәрімізге ортақ қой ардақ мекен.
Кір жуып, кіндік кескен жерді ойлап,
Қиялыммен қиянға самғап кетем.

Кәдірбек, Иван, Тұрсын, Жұматайдың,

Есімдерін ішімнен мың атаймын.
Асық атып, доп қуып, ләңгі теуіп,
Ащы терін алғанбыз құла тайдың.

Теміржанов, Аданов, Бақалай бар,
Қайрат, Дәулет...кез емес атақ ойлар,
Қос команда болып біз доп ойнадық,
Жүректерде бір сазды мақам ойнар.

Қ.Серік пен Д.Серік, Ақат, Сайда,
Жар жағалап жүруші ек, тақап сайға.
Бірімізге біріміз құрақ ұшып,
Хан көтеріп қоюшы ек атап-сайлап.

Бекен, Совет, Әби мен Төлеуғазы,
Еске аламын сендерді өлең жазып.
Артта қалып кетіпті алпыс асу,
Қолын бұлғап жазира, белең, жазық.

Махаббатқа жасымнан қаталадым,
Мен неге бостан босқа мат аламын...
Доп ойнап, біз сияқты гол соққан жоқ,,
Қыздардың есімдерін атамадым...

Жеті бояу құбылған түрге сенем,
Күнге, Айға, Тұңғиық Түнге сенем.
Біз бәріміз, не керек, сүт ішіп ек
«Жәнтікей» дейтін үлкен бір кеседен!

04.10.2016 ж.

ҚОҢЫР АУЫЛ

Қоңыр ауыл
Бүйірдегі бөлімше,
Біреулерге қиян шет боп көрінсе,
Ылғи соған бұрып тұрар бүйрегім,
Ыстық нүкте сол әлемде, меніңше.

Қоңыр ауыл,
Балалық шақ өткен жер,
Базарлы шақ, балауса, гүл-көктемдер.
Қалалардың қанатында жүріп мен,

Жырақ кетсем,
Оған айып етпендер.

Қоңыр ауыл,
Жұлдыз тамған аспаны,
Ұмытпаймын,
Ұмытсам да басқаны.
Кеше ғана шаңдатып ек көшенде,
Қаншама жыл өте шыққан қас қағым.

Қоңыр ауыл,
Жүрегіме жақынсың,
Бір түкпірде бұйығып-ақ жатырсың,
Бәрібір сен
Сыздатасың сағыныш,
Жаңа шаһар,
Шақырымдар шақырсын.

Қоңыр ауыл,
Ашық еді ақ таңың,
Мархабатым,
Мәртебем де мақтаным.
Адамдарың аңқылдаған ақ жүрек,
Мейірімнің
Маздақ оты жаққаның.

Қоңыр ауыл,
Шилі өзенің іргенде,
Бақытты едік балық аулап жүргенде,
Білгендей-ақ,
Ұзақ жолдың азабын,
Біз есейіп кетіппіз ғой бір демде.

Қоңыр ауыл,
Жанған ошақ түнімен,
Бекер жазып отырғам жоқ мұны мен.
Алтыбақан, асық ату, ақсүйек,
Ақ қайыңның айтқан сырын ұғып ем.

Қоңыр ауыл,
Арманымның бастауы,
Айтсам бүгін түсінер ме жас қауым.
Ақ әжемнің ертегісі есімде,
Алдына алып айтқан тесік астауын.

Қоңыр ауыл,
 Қой күзеткен түн есте.
 Кемпір-шалдар ұмтылады күнеске.
 Азаматы алты қадам ұзаса,
 Амандығын,
 Есендігін тілескен.

Қоңыр ауыл,
 Ағайынның ортасы,
 Ақ мектептің
 Атым қалған партасы,
 Қазақстан картасында жоқ ауыл,
 Бәрібір сен мені өзіңе тартасың.

Қоңыр ауыл,
 Құрдастардың құшағы,
 Құшақтардан ұштым талай күш алып.
 Сары қымыз,
 Ақ ірімшік,
 Бауырсақ,
 Айқындайтын ажарын сол үш анық.

Қоңыр ауыл,
 Сырнай сазды кештері,
 Сол кештердің жаққан оты өшпеді.
 Байқамаппыз,
 Жаз бенен қыс алмасып,
 Басымыздан
 Талай дәурен көшкенін.

Қоңыр ауыл,
 Аязды қыс. Ат-шана...
 Бәрін тізіп еске алуға жоқ шама.
 Алма бет қыз қар лақтырды бақшама,
 Алма сатып алдым алғаш ақшама..

Қоңыр ауыл,
 Бөртостаған бүйірде,
 Отыз шақты үй. Қой-ешкісін иірген.
 Диірменге ұн тартады үлкендер,
 Балқаймақтың дәмі тілді үйірген.

Қоңыр ауыл,

Жаһандағы жақыным,
 Көп еді ғой батырың мен ақының.
 Саған қайта бір оралу ойымда,
 Соған әзер жетті, сірә, ақылым.

Қоңыр ауыл,
 Күре жолдың бойында.
 Осы күнде бір шықпайсың ойымнан.
 Үлкен, үлкен қалаларда өтуде
 Қуанышым,
 Қызығым да,
 Тойым да.

Қоңыр ауыл,
 Көп көремін түсімде.
 Жол түспеді. Өкпелісің. Түсінем.
 Мен барғанда шығар ма екен алдымнан
 Сол баяғы қасқа құлын кісінеп...

ҚАРАКӨЗ МҰҢ ҚАРШАДАЙ

Жадымызда тек елес,
 Жаңғырады,
 Өшеді.
 Аз да емес,
 Көп емес,
 Кешкен бейнет кешегі.

Жадымызда көп елес,
 Жаңғырады,
 Өшеді.
 Аз да емес,
 Көп емес,
 Көрген қызық кешегі.

Ғұмыр мәнін ұқпайды,
 Барша адам,
 Бақ сынар.
 Жадымыздан шықпайды,
 Жаны жайсаң
 Жақсылар.

Қайран қалам,
Кейде, осы.
Жақының да алыстар.
Ұмытылар бейнесі
Бейтаныстар,
Таныстар.

Қайран қалам,
Кейде, мен.
Алыстағы жақындар.
Жанып,
Өшкен бейнелер,
Баяғы шок
Лапылдар.

Ұмытылды қаншама
Қайырым мен
Қолғабыс.
Қаракөз мұң қаршадай,
Тұтатады
Толғаныс.

Ұмытылды талайғы
Өштесу мен
Кектесу.
Енді көңіл қалайды
Болмағанын
От кешу.

Жатқызбайды жай, тегі,
Естеліктер
Жаңғырып.
Мұрсат берсе, қайтеді,
Оянғанша,
Таңғы үміт.

Зырылдайды дамылсыз
Уақыттың
Ұршығы.
Біздің сайран бақ үнсіз,
Жанардан жас
Ыршыды.

Өршеленіп соғады

Ғасырлардың
Дауылы.
Оған дауа жоқ әлі,
Қандай күйде
Ауылым.

Балалықтан бір белгі
Қалса деп ем,
Қалмады.
Кімдер кетті, кім келді,
Қу тіршілік
Алдады.

Бал дәуреннен баяғы
Бір үзік сыр
Жеткені.
Судың құрдым аяғы,
Бәрі өткінші,
Өтпелі.

Базарлы шақ тарқаған,
Қайта оралмас,
Не шара.
Орта шаруа.
Ортақ ән.
Орта көңіл бейшара.

Үңгіріңнен қорқасың,
Кеудең – үңгір,
Көз – үңгір,
Тізгініңді тартасың,
Солып қалып,
Сезім – гүл.

Үңгіріңнен қорқасың,
Кеудең – үңгір,
Көз – үңгір.
Өмір, өлім ортасын
Өзің ойлан,
Өзің біл.

Ізі жатыр ескінің,
Көзі қалып
Көненің.

Ілкі әуен естідім,
Сол әуенді
Бөгедім.

Табы жатыр ыссының,
Сыры қашып,
Сыны да.
Шолақ екен қысқы күн,
Кәрі қасқыр
Ұлыған.

Ерте деме,
Кеш деме,
Қызығы бар әр үйдің.
Жетпейді ғой ештеңе
Күлкісіне
Сәбидің.

Ерте деме,
Кеш деме,
Жөні бөлек жаңаның.
Жетпейді ғой ештеңе
Бақытына
Баланың.

Өмір сүрдім
Ғашық боп.
Өлең жаздым тыншымай.
Аспанымыз ашық боп,
Төбемізде
Тұрсын Ай.

Өтсем деп ем
Ғашық боп,
Өлең жаздым. Күрсіндім...
Аспанымыз ашық боп,
Төбемізде
Тұрсын Күн.

ҚҰНАН БӘЙГЕ

Он бірден шыққан кезім он екіге,
 Доп қуып, қыста шаңғы тебетін ем,
 Үйретіп құла тайды, бас білгізіп,
 Бәрінен соны артық көретін ем.

Құла тай тұлпар болар түбі деймін,
 Тіл қатып оңашада, күбірлеймін.
 Тай мініп, тойға барған бала едім,
 Ұласты көктем жазға білінбей күн.

Сөз қозғап таңғы шайда Қабден ағам,
 Қарата айтып отыр әлде маған:
 «Шопандар тойы өтпек Кіндіктіде!»
 «Мен де барам! – деп қалдым, – Мен де барам!».

«Мен саған дайындадым қасқа құнан,
 Тайдан үлкен, әрине, жас жағынан.
 Құла тайың жетілсін!», – деді көкем,
 «Құп!» – дедім мән бермей сөз астарына.

Біраз күн өтті тағы құнан баптап,
 Бір үміт шақырады қылаңдап қап.
 Құнаным бас бәйгені алатындай
 Дейтіндей біреу маған ұрандап бақ.

Бәйгеге түседі екен елу құнан,
 Мәртебе бірінші боп келу бұдан.
 Тәптіштеп түсіндірді Қабден аға
 Жарыста не нәрсеге беруді мән.

«Тебінбе қос өкпеден баста!» – деді,
 «Тізгінді кейін еркін таста!» – деді.
 «Сүртіп қой орамалмен, құнаныңның
 Толмасын қос жанары жасқа!» – деді.

«Ықтама, желге қарсы көсіл!» – деді,
 «Дүбірлет кең даланың төсін!» – деді.
 «Ең жасы қасқа құнан және өзің –
 Аламан бұл бәйгенің көшіндегі!».

Белгісіз бап шаба ма, бақ шаба ма,
 Жайлауда үйлер анау ақ шағала.
 Қуырды жер танабын елу құнан,
 Шабандоз елу арман деп шамала.

Қарамай белең жазық, еңіс, ойға,
 Ұмтылды, құлаперен, жеңіс ойда.
 Ұшады бізбен бірге үміт-арман,
 Ақ тілек тілеп ауыл, тегіс аймақ.

Дүбірге дүбір қосып, тебінемін,
 Кетердей ерден ұшып емінемін,
 Құнаным жын қаққандай парлап ұшты,
 Жанардай бақ жұлдызым, тегі, менің!

Соңымда сары құнан жүйрік деген,
 Қапталда қара құнан сүйрік деген.
 Дүние қарсы ағады деген осы,
 Көзіме түк көрінбей құйғып келем.

Айналдым, қасқа құнан, шабысыңнан,
 Жаралған шығарсың сен намысымнан.
 Бұл – бәйге, Өмір – жарыс бітпейтұғын,
 Біреуге сор, біреуге бақ ұсынған.

Қылқұйрық соңымда көп ере жатыр,
 Құнаным мойны озық келе жатыр.
 Екпіні бәсең тартты неге деймін,
 Сеземін, көз бұлдырап, сөре жақын...

Сөрені сызып өтті сары құнан,
 Кірсемші бар болса жер жарығына.
 Сыр берді жөпелдемде қасқа құнан,
 Жетпейді көзім анық-қанығына.

Жайлауда өтіп жатты халық тойы,
 Шопандар қауымының анық тойы.
 Бәйгенің ең өшпейтін күйініші –
 Бірінші келе жатып, қалып қою!..

Көзімнен жаңбыр болып жас парлады,
 Кеткендей аласарып асқарларым.
 ...Мәз-мәйрам Қабден ағам, неменеге,
 Қалып қойды бәйгеге қосқан малы:

– Басыңа бұйырады бақ-несібе..,
 Бауырым, жылап тұрсың, қой, несіне.
 Қасқа тай озып келді, нансаңыздар,

Қатысып құнан жарыс бәйгесіне!

Қосып ем қасқа тайды сынайын деп,
Жарыста бір тамаша қылайын деп.
Қасқа тай озып келді, қараңыздар,
Қуаныштан тұрмын мен құлайын деп!

Күй болып домбыраның пернесіне,
Омырау төсеп сөре кермесіне,
Келер жыл қасқа тайым құнан болып,
Сенемін бәйге алдын бермесіне!

...Таң қалдым, тайым қалай құнан болды,
Қайтадан құзар шыңға қыран қонды.
Қасқа таймен қатысқан құнан жарыс,
Менің де еншілеген мұрам болды!

Өткеніме көз салып тұрам кейде,
Бұл көңіл құмарынан шығам дей ме!
Өмірде талай жүлде алсам-дағы,
Ойымнан бір кетпейді құнан бәйге!

БЕЛЕСЕБЕТ

Бала кезде бар балада бір арман,
Белесебет теуіп, шығу құмардан.
Құдышта бар, Тұрсында бар, менде жоқ,
Үміт бейне өшіп-жанған шырағдан.

Бесіншіні бітірген соң үздікке,
Көк аспаннан шұға жауды біз күткен.
Әкем жаңа белесебет әперді,
Әлем жайнап, түрленді ғой түз біткен.

«Орленек» деп аталатын көк темір,
Шешем айтты: абайлап жүр, ептеп жүр.
Фарлары бар сары, қызыл, көк түсті,
Ершігі бар доп секілді теп-теңбіл.

Құйғытамын қара жолмен, шаң өріп,
Түнде ғана тынығамын «шөгеріп».
Тауға, тасқа, сайға, дөңге саламын,

Танытамын неше түрлі шеберлік.

«Орленегім» үлкен емес, шақ қана,
 Достарыма көрсетемін мақтана.
 Құдыш пенен Тұрсын көріп, қызықты,
 Қарап тұрды үлкен-кіші, топ бала.
 Белбеуіне іліп алған жанторсық:
 «Қоңырауы күшті!» – деді паң Тұрсын.
 «Жарылғында кәмірі сен маған айт,
 Жамап берем!» – деді Құдыш қамқорсып.

Жаз жайлаудан төмен түсті ел көшіп,
 Қыстауға кеп қонып жатыр тең шешіп.
 «Сұлуталдан» «Қожагелді» қашықтау,
 Күн көрген жұрт бір-бірімен селбесіп.

«Сұлуталда» – оқып жатқан мектебім,
 Мектебімде өткізгем жоқ текке күн.
 Сабақ жақсы. Қарашада – каникул,
 Алып-ұшып ауылыма жеткемін.

Су суыған. Қар қылаулай бастады,
 Бозарып тұр балалық шақ аспаны.
 Жуып, сүртіп, төбесіне кілеттің
 «Орленекті» шандып байлап тастадым.

Біздің жақта қыс ұзақ та, көп қой күн,
 Жаз шыққанша белесебет теппеймін.
 «Мұның не?» деп сұрағанда әкеме:
 «Донғалағы шірімейді!» – деп қойдым.

Орталыққа келді әкем бір күні,
 Қабағы пәс, өңі жүдеу біртүрлі...
 Қысқы қысқа каникулым басталған,
 «Алып қайтам!» – деді де әкем іркілді.

Қар сызады шананың қос табаны,
 Аяз күшін байқатардай шамалы.
 Кеш караймай жетіп алсақ дей ме екен,
 Тор төбелді сар желіске салады.

«Бір ай бұрын үйімізді өрт жалмады,
 Қора-қопсы, кілет те сырт қалмады.
 Тек, әйтеуір, баспананың басы аман,

Күлге айналып кетті бәрі, қалғаны!»

Қарасы да өшеді ғой сабырдың,
Мына қара қылған ісін тағдырдың:
«Белесебет! Менің белесебетім...
Ол да өртеніп кетті ме?» – деп аңырдым.
Күлі жатыр қора-қопсы, кілеттің,
Мына қара дүрсілдеуін жүректің.
«Орленегім» отқа қалай балқыған,
Бір-ақ уыс темір жатыр, дір еттім!..

Сол темірге қарап тұрып, егілдім.
«Өрт – тілсіз жау!». Одан өзге не білдім.
Белесебет ондай енді табылмас,
Емі қайсы алай-дүлей көңілдің?!

Әжем өлген кезде қатты жылағам,
Жыламай-ақ қояр едім мынаған,
Белесебет – саудыраған темір ме,
Белесебет – сұлу қыз ба ұнаған?!

Өмір сырын түсіндік пе біз ұғып,
Ай туады баяғыдай сызылып,
Сол балқыған темірменен жанымның
Бір бөлшегі түскен-сынды үзіліп!

Білгір болсаң, бұл дертімнің айт емін,
Бір қымбатым ғайып болды, қайтемін.
Сол өртенген белесебет болмаса,
Балалық шақ қызық еді, әй, тегі!

БАЛАУСА ДӘУРЕН – БІР ЕЛЕС...

Балауса дәурен,
Балалық шағым,
Бал күнім.
Тау-тасты кезіп,
Табаным тозып қаңғыдым.
Жәудіреп көзім,
Жүретін кезім шапқылап,
Жадымда менің тұрады дәйім жаңғырып.

Ауылдың маңын,
 Шилі өзен бойын,
 Аңғарды,
 Шарлап та жүріп,
 Шолып та шығып бар маңды.
 Алдандым таулар қол созым жерде екен деп,
 Бұлбұлдың даусын естіген сәтте таң қалдым.

Ауладық балық,
 Ұстадық қоян,
 Тұзақпен.
 Қиянат жасай бастадық,
 білмей, біз, әттең.
 Құлшындық сонша дүние сырын ұғуға,
 Күлімдеп көктем,
 Жайдары жаз бен күз өткен.

Жайлауға шығу,
 Бүлдірген теру,
 Тай міну.
 Балалық көңіл білмейді жасу, қаймығу.
 Дүние түгел түрленіп тұрды, малынып,
 Балаға бірақ оңай ма барлық жайды ұғу.

Күзеттік жылқы,
 Жұлдызды санап,
 Ай бағып.
 Батырлар жырын жатқа оқып, қару сайладық.
 “Болатын бала алысқа қарайды!” дегенде,
 Алысқа қарап, қалушы едік ойланып.

Қойлы ауыл кеші,
 Шопандар тойы,
 Ән-думан.
 Көш-керуен болып өтеді көзім алдынан.
 Балуан күрес, ат жарыс – бәрі қызық қой,
 Ал, мені сонда қыз қуу естен тандырған.

Ақбоз ат қандай,
 Бозбала қандай,
 Қыз қандай!
 Қарайсың қалай қызықпай әрі қызғанбай.
 Ойласам қазір, болмаса егер осы ойын,
 Санамнан өшіп қалар ма ед бәрі із қалмай.

Содан соң, тағы,
 Есімде қалды,
 Апырым.
 Ауылдан ұзап шыққанбыз бір-ер шақырым.
 Қар басқан дала, сонадай жерден ит көрдім,
 “Ит емес, Көкжал!” деді әкем сонда ақырын.

Қасқырға қарап,
 Қорықтым, әлде,
 Құмарттым.
 Көзімнің алды буалдырланып, мұнартты.
 Сол қасқыр менің түсіме кіріп жүреді,
 Көкжалды көру айықпас маған мұң артты.

Көк бөрі десек,
 Көк түрік десек,
 Елердік.
 Ұлт үшін рухпен сіңетін бойға өнер құт.
 Көкшулан қасқыр көрінген шығар ырымға,
 Күтетін шығар бабалар бізден көп ерлік.

Қуанған кезде,
 Қайғырған кезде,
 Қиналған.
 Жанымды емдер құлағымда бір күй қалған.
 Мәткәрім күйші домбыра шертсе іңірде,
 Кәрісі-жасы ауылдың түгел жиналған.

Көне бір сарын,
 Жаңа бір сарын,
 Алмасқан.
 Буыршындардың бұйдасын кескен алдаспан,
 Селеулі дала үстімен өткен керуен,
 Өнердің жолы –
 өмірдің жолы жалғасқан.

Күйдегі сарын,
 Үйдегі сарын,
 Түздегі.
 Көктемнің лебі, жаздағы әуен, күз демі.
 Мәткәрім күйші басымнан сипап қоятын,
 Шер кеуде, бірақ, тек күйден медет іздеді.

Патефон тыңдап,
 Радио тыңдап,
 Күнде біз.
 Көршілерменен жақындап кеткен іргеміз.
 Балалар сонда жиналып алып басқа үйге,
 Үлкендер болып ойнағанбыз да күлгенбіз.

Арбайтын сонда
 Бір шуақ пенен
 Бір арай.
 Еске алсақ қазір езіліп жүрек тұрады-ай!
 “Енесін атып, содан соң ұстап алдық” деп,
 Аңшылар маған сыйлады жетім құралай!

Жаз бойы бақтым,
 Еліктің жәудір
 Ылағын.
 Қамыстай сүйрік қайшылайды қос құлағын.
 Құралайменен суды да бірге ішемін,
 Құралайменен қырға да бірге шығамын.

Мойнына тақтым,
 Арнайы өрген,
 Жібек бау.
 Жәудіреп үнсіз жанымды менің жүдетті-ау.
 Құралайымды қорғаштап ит пен құстан да,
 Ұйқымды ұрлап қаншама түн мен күн өтті-ау.

Шілдеде ыстық
 Шалғында жаттым,
 Шалқалап.
 Аспаннан жерге от шашқан Күн де шартабақ.
 Құралай қайда?
 Орнымнан атып тұрғанда,
 Үрікті байғұс...
 Алдында үлкен жарқабақ...

Қуып та келем,
 Өкпем де өшіп,
 “Тоқта!” деп.
 Құралайымды тоқтатар бір күш жоқ па деп.
 Су ішкіздім ғой,

Жем де бердім ғой қолымнан,
Неге қашады?
Қайда қашады өкпелеп?!

Құралай, сонда,
Жарқабак аса
Қарғыды.
Бұғаудан босау екен ғой оның бар мұңы.
Бостандық алып, боз дала кезіп ол кетті,
Ұқтырып маған басқа бір әлем барлығын.

Еңіреп келем,
Езіліп келем,
Енді не...
Жоғалтып алдым ең қымбатымды мәңгіге.
Сыбдырлап қамыс, сыңғырлап бұлақ сыр айтты:
«Сынына тағдыр көндіге бер,-- деп,-- көндіге...».

БАЛА МЫСЫҚ НЕМЕСЕ ЖАРЫҚ НҰР

Әсер алып әйтеуір әлденеден,
Бала мысық ойнайды сәулеменен.
Кейде мен де өзімді алдандырып,
Түкке тұрмас нәрсемен әуреленем.

Бала мысық ойнайды сәулеменен,
Осы сәуле әлде от, әлде өлең...
Сәуле қуып мен-дағы ержетіп ем,
Махаббатты оятып елге деген...

Мені ойға қалдырды бала мысық,
Өне бойым от болып барады ысып.
Жарық нұрға ұмтылған жандар қанша
Жан берісіп немесе жан алысып...

Бала мысық, әрине, қуады ермек,
Ермек қуған пенде де туа бермек...
Көрші қыздың көзінен бір от көрдім,
Содан бері маза жоқ мына менде....

Бала мысық алысты ақ нұрменен,
Жазу жазар маңдайға тағдыр деген...
Қызық, мені, қарадай бір мұң басты

Қызықтардан қаншама қалдым деген...

Қылығына таңырқап қаласыз да,
(Ұстап алмақ сәулені, нанасыз ба?!)
Көлегейлеп жабасыз күн сынығын,
Терезеге жақындап барасыз да.

Міне, қызық, мысықты мұң басады,
Кенет тоқтап қалғандай тынбас әні.
Елемейді енді ол бөлмедегі
Ұшып жүрген ызындап сұр масаны.

Жазғыратын сияқты, тіпті, сені,
Жанарыңда жасыл от бітгі сөніп.
Бар қызығын жоғалтып алған жандай,
Барады да бұрышқа бүк түседі.

Бала мысық, мен сені аядым ба,
Терезеге үн-түнсіз таядым да,
Қол айнаға түсірдім күн сәулесін,
Сосын сенің түсірдім аяғыңа.

Ненің күші, япыр-ай, тұрдың атып
Бір қызығып, біртүрлі, бір құмартып,
Белгісізбен ойнадың беріліп-ақ,
Сол белгісіз бәрінен, білдім, артық.

Дөп-дөңгелек сол сәуле дөңгеледі,
Соны ұстау – сен үшін ең керегі.
Қолымдағы айнаның күдіреті
Маған бір сәт өзгеше дем береді.

Белгілі ғой, бұл ойын жалықтырды,
Терезенің пердесі жабық тұрды...
Енді өзім іздедім елегізіп,
Дір-дір еткен жаңағы Жарық Нұрды!..

ӘЖЕМНІҢ КЕБЕЖЕСІ

Кебежесі әжемнің керім еді,
Қазір де көзіме ыстық көрінеді.
Келіндері шоланға шығарыпты,
Шаңын сүртіп қоюға ерінеді...

Қозғады ғой мұңымды мүлік мына,
 Өткен шақты өзгелер ұмытты ма...
 Есіме алдым сол көне кебежені,
 Аузындағы сиқырлы құлыпты да.

Кейін тартып тұратын кегежені,
 Қиқар кылық,
 ашпаса кебежені,
 Әлде, әлде, мәмпәси қат болды ма,
 Құмарлығым соншалық неге жеңді?!

Бірде әжем кеңшарға тойға кетті,
 Кебежесін ашсам деп ойға кеттім.
 Қалтасынан қамзолдың кілтін алып,
 Тіл үйірер тәттіден, ой, дәметтім...

Кебежесін әжемнің ашып көрдім,
 Ашқанбыз ғой талайын жәшіктердің.
 Сары мейіз, қатқан құрт, қағаз шай мен
 Шақпақ қант түйірлерін шашып көрдім...

Бір-ақ уыс барбарис бар болғаны,
 Батты жанға дәл бұлай алданғаным.
 Алуан түрлі кәмпитім елес екен,
 Айт та айтпа, күйреді армандарым...

Екі-үшеуін алдым да барбаристің,
 Ізін жаптым өзімше болған істің.
 Әжемді аяп қоямын қазір іштей,
 Кілті осы бұл жолғы толғаныстың!..

Итермелеп құмарлық, сірә, сонда,
 Өкінбес ем мен жардан құласам да.
 Әжемді аяп қоямын қазір іштей,
 Барбаристі берер ед сұрасам да...

Барбаристі достармен бөлістім мен,
 Әжем байқап қалған-ау кеміс күнде...
 «Кәмпит қалай таусылып қалды екен!» –
 Деп күңкілдеп отырды шәй үстінде...

Тағдыр, шіркін, біз талай тезге түстік,
 Уақытпен дос болдық, сөз бекістік...
 «Кешегіден не қымбат?» десе біреу:

Кебежесі әжемнің көзге ыстық!..

Әжем өтті, кебеже, құлып қалды,
Бір бұрышта елеусіз ұмыт қалды.
«Көзден кетсе – көңілден кетеді ме?»,
Ұлылардың ойлары ұлықталды..

Сол кебеже әлі тұр қаусамаған,
Сөз кезегі айтамын ауса маған.
Кіп-кішкентай құлпы да бұзылыпты,
Кезінде кәдімгідей дәу санағам.

Табылмапты жоғалған кілті әлі,
Бұған, бірақ, белгісіз кім кінәлі...
Әлди-әлди әжемнің шөбересі,
Қолын созып құлыпқа, ұмтылады.

Ойыншық деп ойлайды, білем, бала,
Осы ойға бас иер кілең дана...
Құлып емес, кілт емес, жүрегіме,
Бар болғаны, керегі бір ем ғана:
Әже, сені сағындым!

ҚАР ЖАУҒАН КҮН...

Көз алдымда – қар жауған күн,
Құлағымда – мұңды әуен...
Жиі-жиі еске аламын екеуіңді мұнда мен.
Жауған қарды тамашалап сендер бейқам тұрған ең,
Жүрек дертін жазатұғын бар екен ғой бір ғана ем!..
Көз алдымда – қар жауған күн,
Құлағымда – мұңды әуен.

Көз алдымда – қар жауған күн,
Құлағымда – мұңды әуен...
Ән салады әппақ нұрға бөккен мынау сырлы әлем,
Әлденеге сендер жаққа мойынымды бұрған ем,
Ақ мұнарға сіңіп бара жаттың сонда екеуің,
Екеуіңді еске аламын қар жауғанда жылда мен.

Көз алдымда – қар жауған күн,
Құлағымда – мұңды әуен...
Сол бір күнді ұмыта алман үшеуіміз кездескен,

Сол әсерді суреттеуге жетер емес сөз дестем...
 «Бақыт жайлы өлең оқып берші!» – дедің өтініп,
 «Бақыт деген – қар жауған күн!» екендігін сезбестен.

Көз алдымда – қар жауған күн,
 Құлағымда – мұңды әуен...
 Кенет бізді баурап алған тылсым сырды ұғайық,
 Сұлулыққа суықсың деп таға алмайсың түк айып.
 Мен қуансам, бүршік жарған махаббатқа қуандым,
 Ал сен неге үнсіз қалдың екен сонда мұңайып?!.

Көз алдымда – қар жауған күн,
 Құлағымда – мұңды әуен...
 Жиырма бес, қолыңды сен бір көш жерден бұлғап ең.
 Бақытсыздау болсам да өзім, Бақыттың не екенін –
 Бұрынырақ сезініп ем, шын мойындап тұрған ем...
 Көз алдымда – қар жауған күн,
 Құлағымда – мұңды әуен...

СҰРЖЕКЕЙ

«Орта базда» төрт-бес қана отбасы,
 Қыстаудағы қораларға шөп тасып,
 Абыр-сабыр аяқталған тұста бір
 Кешкіғұрым бас қосады топтасып.

Қоңыр күзде қонақ келді Семейден,
 Әнші десті ән саулатқан көмейден.
 Мың тоғыз жүз алпыс бірдің күзі еді,
 Қол да босап, жұрт аяғы кеңейген.

Бәрі есте, ойын қуған баламыз,
 Жел үп етсе, соған да таң қаламыз.
 Дауыл соқса, қаңбақ қуып кетеміз,
 Жұлдыз санап, содан соң дем аламыз.

Балаларды бауырсаққа тойдырған,
 Әнсіз өтпес ауылдағы той-думан.
 Қыз-келіншек қосылып ән салғанда,
 Бір сикырлы сезім гүлдеп, ой буған.

Автоклуб келе қалса, қыстауға,

Аспандағы құсты болар ұстауға.
Ойын-сауық, кино көріп жырғаймыз,
Құпиясын ашып өмір мысқалдап.

Енді, міне, әнші келді, бір өзі,
Тұйықтау ма, ауырлау ма мінезі...
Қолындағы домбырасы қалақтай,
Құлақ күйін ұзақ шертіп түзеді.

Басындағы шашы бұйра, бақбақтай,
Бойы сұңғақ, жауырыны қақпақтай,
Құлағы үлкен, қыр мұрынды, ат жақты,
Көрмегені көрініп тұр көп қақпай.

Әңгімемен әнін отыр тұздықтап,
Қол соғамыз, тамсанамыз біз құптап.
«Елебеков мектебі!..» деп даралап,
Әнші жігіт сыр шертеді сыздықтап.

Дауысымды дегендей бір таптым ба,
Басты бір кез «Сұржекейге», «Аққұмға».
Баяндайды бір әннен соң бір әнмен
Баянсызын басқа қонған бақтың да...

Жап-жас әнші, дауыс қандай зор мұнда,
Ұшатындай қанат қомдап орнында.
Ұқтырады бір әннен соң бір әнмен
Баста мәңгі тұрмайтынын сордың да...

«Біржан, Ақан, Абай – ұстаз. Дегенмен,
Жетісулық тәлім алдым Кененнен,
Кенен десе көсілемін, бөгелмен,
Ән нөсері құйылады төбемнен!..»

Осылай деп «Бозторғайға» басады,
Малшы ауылдан сол түн ұйқы қашады.
«Өнеріңе нұр жаусын!» деп Ақ әжем,
Бата беріп, сонда шашу шашады.

«Көк шолақпен» іздеп көңіл пернесін,
Кәрі-жасты әндегі әзіл тербесін...
Қойлы ауылға таныс сурет бәрі де,
Балалардың баурап алар зердесін.

Өмірі өткен тор шолақпен тепеңдеп;
 «Осы қойшың мен емес пе екем?!» –деп,
 Шекесіне қисайтады шәпкісін
 Бір бұрышта отырып ап Шекербек.

«Зары бөлек Кенекеннің әні» деп,
 Әнші жігіт елеусіздеу мәлімдеп,
 Көмекейден күйіп-жанған үн ұшты,
 «Әнді тыңдап, ұғарсыңдар мәнін!» деп.

«Маңырайсың ақ ешкі, лағыңа, ой, дүние-ай,
 Тастан тасқа секірген шұнағыңа, ой, дүние-ай,
 Кел екеуміз қосылып зарланайық, ой, дүние-ай,
 Жетер ме екен Тәңірдің құлағына, ой, дүние-ай!
 Ойхой, дүние-ай,
 Салдың күйге-ай.
 Омырауымнан үзіліп түсті екі ақ түйме-ай,
 Ой-дүние-ай!
 Базарым-ай, Назарым-ай!
 Көк шешектен болды-ау сенің ажалың-ай,
 Ой, дүние-ай!».

Өксік кеулеп, зар кемірді құлақты,
 Жел өшірді жанып тұрған шырақты.
 Қара түнек басып түгел маңайды,
 Әнші жігіт кәрі-жасты жылатты...

«Базар, Назар...» –деген әнде зар қандай,
 Тасты үгітіп, жартасты қақ жарғандай.
 Ең асылын, ең қымбатын жоғалтқан,
 Бұл қазақта адам аз ба сормандай!...

Көз алдыма келіп орман өртенген,
 Төнеді бір жендет тура желкемнен...
 Ащы зарда жатыр мұңы қазақтың,
 Аштық жалмап, оба жұтып, дерт емген.

Ертеңіне кетті аттанып сол әнші,
 Ел шарлаған құс қанатты жолаушы.
 Шағын ауыл қалды тілеп тілеуін,
 Күбірледім: «Тағы да бір оралшы!...»

Асау өзен – ұқтық өмір өтерін,
 Арманына қуған адам жетерін.

Кейін білдік сол жас әнші – Атақты
Мәдинет Ешекеев екенін!

Хас өнерге өткен саңлақ бәс тігіп,
Ол –Сұржекей алқынбаған бастығып.
Алматыда еске алу кеші өтті
Шүкіманов Еркін ұйым-дастырып!

Әнмен, күймен әр кеудеде жанды үміт,
Өткен қандай өмірде із қалдырып.
Осы кеште мен де отырдым кең залда,
Ой-санамда көне сурет жаңғырып...

25.05.2017ж.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

БАЗАРЛЫ ШАҚ БАЛЛАДАЛАРЫ

ОТЫЗҒА ТОЛМАЙ ОРДА БҰЗҒАН Шәмшінің Сәбеңнен бата алуы

Бірде Шәмші айдарынан жел есіп,
Асып-тасқан бұлақтармен кеңесіп,
Алматыны келе жатты аралап,
Ақ арманы ақ бұлттармен теңесіп.

Жаңа шыққан әнін шырқап жас өрен,
Жастық, шіркін, отты қолмен көсеген.
Жапырақтар шапалақтап алақан,
Жамырасып, жауып жатты көшеде.

Шәмші әнін тал, қарағай, жел айтты,
 Әнге сусап қалған қалың ел айтты.
 Әрбір әні жүректерді жаулады,
 Өз-өзіне деген сенім молайтты.

Келе жатқан гүл алаңын жағалап,
 Емін-еркін демалуда жамағат.
 Гүлдің исі, тау ауасы кеудеге
 Жыр құяды, нұр құяды ғаламат.

Егде кісі қолында бар таяғы,
 Тұр аялдап, бұл – Сәбең ғой баяғы.
 Ақсақалға сәлем беру ниетпен,
 Қалбалақтап бұл қасына таяды.

Сәлемін ап, Сәбең бұған қарады,
 Ашық екен Аңыз адам қабағы.
 Самайына түскен бурыл шаштарын,
 Саусағымен кейін қарай тарады.

«Қай баласың?» – деді бұған бұрылып,
 «Шәмшімін» – деп үні шықты құмығып.
 Жазушының мысы басып барады,
 Осы халін кім түсінер, кім ұғып!

Сәбең сонда күлкі ойнап мұртында,
 Сауал берді, Шәмші үнсіз тұр тыңдап:
 «Отызында орда бұзбаған адам, –
 Білесің бе, – қамал алмас қырқында!»

«Білем!» – деді Шәмші кенет қуанып,
 Жауға тура шабатындай ту алып.
 «Мен отызға толған жоқпын!» – деді ол,
 Қандай іске тұрған жандай сұранып.

«Ә – ә! Солай де! ... Толмағаның айып па?!
 Жұрт аузында жүрген бір ән – «Қайықта».
 «Қайықтаны» сен жаздың ба?!» – деп Сәбең,
 Бұған тағы қарап тұрды байыптап.

«Үлкен кісі сынамақ па, шынымен,
 Осы әнмен бір биікке шығып ем...
 Біреуге – ұнап, ұнамаса – біреуге,
 Заңдылық деп қабылдаймын мұны мен!»

«Болсақ-тағы жаңа таныс,
Жүзсек те алғаш қайықта.
Ұшқыр қиял кетті-ау алыс,
Бұйырмашы айыпқа.

Ескегіңді берші маған,
Мен есейін, сен еспе.
Су күлкісі сыңғырлаған,
Сенің күлкің емес пе?!»

«Ме-нің ә-нім!» – деді Шәмші тұтығып,
Осы жолы қалатындай ұтылып.
Зытсам деп тұр ебін тауып енді бір,
Сұрақ-жауап қыспағынан құтылып.

«Солай, Шәмші! Отызға да толмадың,
Осы жаста жастық жырын толғадың,
Сәлеміңді болашаққа жолдадың,
Сен қақпасын бұздың, қалқам, Орданың!»

«Отызыңа толмай Орда бұзыпсың,
Қалқан құлақ, қара бала, қызықсың,
Қолыңды жай, бердім, міне, батамды,
Ғұмырыңның жолын ұзақ сызыпсың!»

«Әнің сенің жер мен көкті шарласын,
Жас пен кәрі саған алғыс арнасын!
Ақан, Біржан, Естай, Кенен көзіндей
Қазақ әні тапқан екен жалғасын!».

...Сәбең ойын дөп басыпты баршаның,
Өтті зулап қаншама жыл, қанша күн.
Тәуелсіздік алған кезде елінің
Әнұраны боп шырқалды Шәмші әні!

6.10.2016 ж.

ЖАЛАЛЫ ЖАЗА

ТИЗГІН ҚАҒАР

Абай айтса:

«Жартасқа бардым,

Күнде айғай салдым,

Одан да шықты жаңғырық...»

Мұхтарға жартас қарайтын еді паң күліп.

Шыңғыстың сырты, Бөкенші асып, бір күні

Ахмет пен Мұхтар сейілге шықты аң қуып.

– Сонау бір жартас... Жанына жақын баралық.

Қарайды Мұхтар қарадан-қарап қабарып.

– Шыңғыста не көп, жартас көп, Мұхтар, қойсаңшы,

Жайлауды қара, жайнаған жасыл, таранып...

– Жоқ, ана жартас... кәрі апам айтқан сөз қайда!

– Көп сөзі ұмыт. Уақыт, шіркін, озбай ма.

– Ұмыту оны мүмкін бе? – дейді жас Мұхтар.

Кәрі апам сөзі көнеден бір сыр қозғай ма...

КҮМӨНДІ КҮНӨ

Шыңғыстың тауы жас та, тасы кәрі,

Аң-құсы тәмам жұртты асырады.

Тарихтың талай көші өтсе-дағы,

Шоң жартас шер-құпия жасырады.

Баз кешіп жалғыз ұлдың өлімінен,

Бел буып қалың елден бөлінуге,

«Қодар шал зор күнәға батқан, – дейді, –

Қыстауда қалып қойып келінімен».

Азадан кезіп кетпей Арқа белін,

Атасын қалқа тұтып Қамқа келін,

Тағдырдың тәлкегіне көнген дейді,

Басына үймелетіп бар пәлені...

Жұрт гулеп: «Шал бұзылды, келін азды»,

Сұмдықтың бүкіл ата тегін қазды.

Күйдіргі сөз жайылды өрт тигендей,

Бір ауық бүкір өсек белін жазды.

Білмеді ел шыны қайсы, өтірігі,

Көлкіді көлгірліктің көпірігі.

Біреулер отқа майды құя түсті,

Кеудесін кернеп кектің кекірігі.

«Сұм келін атасынан жүкті!» деді,
 «Шал – залым, құдай атсын, тіпті!» деді.
 Ағайын арасына ши жүгіртіп,
 Сыпсың сөз бір сойқанға түрткіледі.

Қазақтың дәстүрі бар, салты да бар,
 Дәстүр, салтын сақтайтын қалпы да бар.
 Әмеңгерлік жүрмейді әйтсе-дағы
 Ата менен келінге. Ар кінәлар.

Отырғызып күнәнің арбасына,
 Екеуін жақындатты жар басына.
 Мың саққа жүгіртеді ұзынкұлақ,
 «Махаббатты» мынадай қорғасын ба.

Тағдырдың өзі теріс бата беріп,
 Мазаққа ұшырады ата, келін.
 Ескі жұрт та қайсы бір пана дейсің,
 Бауырынан жыландар жатады өріп.

Соңынан әр пенденің сөз ереді,
 Сары бел сазбеттеніп безереді.
 Құлап жатып, күлетін сүрінгенге,
 Бұл да бір күдіс қабақ кезең еді.

Ғұмырды кім түсінер, кім ұғады,
 Тірінің түбі бәрі тынығады.
 Қу нәпсі неге сонша аран ашып,
 Қу құлқын неге сонша құнығады...

Мысалы Қодар ұлдың жылын күткен,
 Қаусаған терекпін деп күнім біткен.
 Жас қайың жапырағын жаяр, бәлкім,
 Жанына сая тапса, бір үмітпен...

Ағайын өш ала ма бұлай күндеп,
 Алладан сұрады ма жылаймын деп.
 Ашынып айтып қалған бір сөзі еді:
 «Кәрінен де қорықпаймын Құдайдың» деп.

Сұққылап суық секем миын ептеп,
 Қол сілтейді бәріне күйінед те.
 Қарашоқы маңында қара жартас,

Қара жартас түбінде жиын өтпек...

ЖАНАЙҚАЙ

Жартаспын мен, кереңмін,
Жаңғырығым қаңғырған.
Жан құсаға өлеңмін,
Жалғыздығым тағдырдан.

Жаңбыр жуса жүзімді,
Жон арқамды жел осты.
Талай ғұмыр үзілді,
Тұра берем мен өстіп.

Қара суық қар ұрды,
Қара нөсер шелектеп.
Жасырамын зарымды,
Тіс жармауым керек деп.

Жемтік әкеп бөктергі,
Қонақтады желкеме.
Көрмес көзім көп көрді,
Көрмесем де еркелеп.

Жалын құштым, жанбадым,
Жер сілкінсе құламай.
Жұмбақ өлең арнады,
Жаны жара ұлы Абай.

Заман көпті басымнан,
Түйдек-түйдек бұлт боп.
Қайғы алып ғасырдан,
Қала берем ұмыт боп.

Жартаспын мен, түнерем,
Жалғыз тұру жанқайғы.
Төбесі көк тіреген
Ақ шың басын шайқайды.

Тым болмаса мұз қамап,
Ақ сәукеле кимедім,
Қан шеңгелді мұзбалақ
Қарар еді именіп.

Құм жиылып тас болсын,
Тас болғаннан не пайда.
Қара жартас бас болсын,
Бас болғаннан не пайда.

Шекемді күн қыздырсын,
Тәнім суық, тоңамын...
Шексем-дағы жүз бір сын,
Елемеген боламын.

Жартаспын мен суықпын,
Пана тұтпақ қай мұндар...
Күн артынан қуып күн,
Қалыңдайтын қайғым бар.

Менен медет сұрама,
Жақындама маған көп.
Айналып өт, сірә да,
Алысқа кет, аман кет...

БАЯҒЫ ЖАРТАС

Қара жартас қасында қара жиын,
Тік шаншылып барады қара құйын.
Қодар менен Қамқаны алып келді,
Бастарына қабағат зауал үйіп.

Қылмыс тауып елде жоқ, жаза кесті,
Бастан дәурен жалт етіп озады өстіп.
Қара нарға екеуін асқан кезде
Дем таусылды, жан шықты, тозаңы өшті.

Қарашоқы шошынып құлақ түрді,
Қара тобыр жапты да шұбап қырды,
Қаумаласып Қодарды алып шығып,
Қара жартас басынан лақтырды.

Қырық ру кісісі кесек атып,
Кесекке қосып тағы өсек атып,
Қодар менен Қамқаны өлтіріпті,
Жауап жоқ, кім кінәлі десе Уақыт.

Біреуіне адамдар бірі кекті,

Бірі келіп өмірге бірі кетті.
 Қара жартас сол күні қақ айрылды,
 Қара тасты от жасын тіліп өтті.

Қара жартас қаһарлы күркіреді,
 Қара жонда топ киік дүркіреді.
 Батыс жақты өртеген қып-қызыл күн,
 Көзінен аққан қанды іркіп еді.

Қара жартас көп тұрды есеңгіреп,
 Қайтарамын қайткенде есемді деп,
 «Қодарды осы өлтірген!..»
 Сыбыр-күбір,
 Айдар тағып, ат қойды «кеселді» деп.

Аласасы бар және асқағы бар,
 Сала берер өзгеріп қас қағымда.
 Ақталғысы келеді қалай, сонда,
 Арта салып адамдар тасқа кінә.

Кір жуытпас тіпті де аппағына,
 Батып жатып өмірдің батпағына.
 Тастан қару жасаған сол пенделер
 Басқа қару түрін де таппады ма.

Қара жартас түңіліп, қамығады,
 Түңілгені түрінен танылады.
 Қарақошқыл реңін көрген кезде
 Тіл қатудан пенделер жаңылады.

Қара жартас қоймайды қарамасқа,
 Қарғыс айтты бір дұға араласқан.
 «Ей, пенделер, зар шегіп мен сияқты,
 Айналындар сендер де қара тасқа!..»

Ғасырлардың балаққа шаңы жұқты,
 Қара жартас шынымен шағыныпты.
 Іңірдегі, апыр-ай, айтқан сол сөз
 Құлағына құдайдың шалыныпты...

ЖАҢҒЫРЫҚ

Сен – жартассың, жел – жауың,
 Сен жартассың, күн жауың.

Мүмкін емес болжауың,
 Тағдыр қатал таразы,
 Өзекті жан наразы,
 Өз ортасын жатсынар.
 Байлық сұрар, бақ сұрар,
 Көз көруге тоймайды,
 Қол алуын қоймайды.
 Бәрін басып баурына,
 Билеп-төстеуді ойлайды.

Іргеден жау іздейді,
 Төбеден тау іздейді,
 Жалғыз қалып соңында,
 Жалмап оңын, солын да,
 Қара тасқа айналмақ,
 Жартас болып ойланбақ.

Сен – жартассың, дарасың,
 Сен – жартассың, мығымсың.
 Жұрт таңданып қарасын,
 Не түсініп, ұғынсын...
 Мелшиесің міз бақпай,
 Ерімейтін мұздақтай,
 Бетке ұрып ызғарың,
 Мысыңменен басасың.
 Құпияңды жасырған
 Кімге қашан ашасың?!

Сен – жартассың, досың жоқ,
 Сен – жартассың, жоқ бауыр.
 Атанға артар қосың жоқ,
 Алыс-жақын жатбауыр.
 Жартас – жалқы, жан – жетім,
 Жазықты деп жасқаман.
 Жалғызсырап ер жеттім,
 Жақынырақ тас маған.

Сен – жартассың, қаталсың
 Қайғысына басқаның.
 Жолдар қайда апарсын,
 Сенсің бауыр басқаным.
 Жартас – тағдыр, жат көрме,
 Жайымыз бар ұғысар.
 Жаз дәуренді жалт берген,

Жан табылмас қуысар.

Абай болып алыстым,
 Ақиқаттың жауымен.
 Аз шыдамды тауыстым,
 Там-тұм төзім тауып ем.
 Сен – жартассың, үндеме,
 Жаңғырығың мендік қой.
 Жалғыз қалған күнде де
 Жанбағысқа көндік қой.
 Жан сырымды жайдым-ақ,
 Жынды ма дер жәдігөй.
 Бейіт көрдім айқұлақ,
 Таныс бейіт еді ғой.
 Қодар менен Қамқадай
 Қор болғандар қаншама!
 Өмір жолы әрқалай,
 Бірдей емес баршаға...
 Сен – жартассың, түбінде,
 Жабырқама, жасыма,
 Кездерінде түңілген,
 Мені шақыр қасына...

Сен – жартассың, тірінде,
 Баста бақыт тұрмайды.
 Қолдан келсе сүрінбе,
 Қол созымда тұр қайғы.
 Шалқайма да еңкейме,
 Жартасқа бұл жараспас.
 Қапа болам мен кейде,
 Бордай тозса болат тас.
 Сен – жартассың, тозасың,
 Мүжілесің, құлайсың.
 Сөздің несін созасың,
 Менен несін сұрайсың...

ТІЗГІН ТАРТАР

– Сонау жартас маған көп ой салады...

– Қайсы?

– ...

Жайлау қандай, Жаз қандай. Мұнар қандай.

Жан-жағыңа қарайсың құмар қанбай.

Ахмет, Мұхтар аңызға тұзақ құрды,
Қара жартас қасында ұзақ тұрды.

- Абай ағам туралы жазсам деймін...
- Жартастың оған қандай қатысы бар?..
- ...

Сол жартас қой ой салған... сенсеңіздер,
Мұхтардың жасы сонда он сегізде!

- Кәрі апамның әңгімесі есінде ме?
- Қай әңгімесі?
- ... «Баяғы жартас...».

ҚАЗАҚ ДЕСЕМ...

« Қарашада өмір тұр...»

Абай.

«Оян, қазақ!»

Міржақып.

Ұйқы ұйығына батқан ел,
Қаннен қаперсіз жатқан ел,
Етек-жеңі де жиылмай,
Өз сыбағасы өзіне бұйырмай,
Жемі болыпты айланың,
Сыпырып алып қаймағын,
Сорлатқан тағдыр-талайы,
Әкім болып әлдекемідердің малайы,
Әңгіртаяқ орнатыпты басына,
Өмірдің өгей ұлындай жасыған,
Қайран қазақ, осыған!

Ағайын арасы – кикілжің,
Азамат арасы – ит ыржың.
Бір күнде жүз құбылады құйқылжып!
Бір кездегі мәрттігінен қалмаған жұқана,
Рухани дүниесі жұтаған.
Асудан асқандай астамсып,
Күпінген –
Аттап өтсе бойы бір қарыс бұтадан!

Ақсақалы дінін ұмытқан,

Атқары мінері тілін ұмытқан,
 Атұстары ділін ұмытқан,
 Білімге емес, көлденең көк тиынға
 құныққан,
 Қызыл өкшесі жылтылдап жыртық жұлықтан
 жүрсе де елемеген күліп паң,
 Ескінің бәрін көне деген,
 Жаңаға жаны қас,
 Алдына келмесе – Атасын танымас,
 Буынсыз тілі бұралып,
 Айдаһарға амалсыз арбалыпты бір алып...

Асыл сөзді ұқпаған,
 Арзан сөзді құптаған,
 Арғы тегі болмаса да түп надан,
 Желді күнде жылқы құсап ықтаған,
 Мойынсұнғыш тағдырының тезіне,
 Түк көрінбей көзіне,
 Ноқта салып сезімге,
 Бұғау салып ақылға,
 Ақырында аласұрып қапылған...

Сана соқыр, ал зердесі тастүнек,
 Асқазаны ұлығанда ас тілеп,
 Мәз болыпты тапқанына қарманып,
 «Өзімдікі!» деуге, тіпті, арланып,
 «Біздікі!» деп бас шұлғыпты басқаға,
 Ал басқалар баса-көктеп, масқара,
 Босағадан сығалатып қойыпты,
 Бұйырмапты астанадан баспана!...

«Тегің кім?» деп сұрамапты, тегінде,
 Сызат түсіп кетеді деп сенімге,
 Емеурінге ерінген!
 Астындағы сүрінгенде ақсақ ат
 Қайта мінген қатты тартып айылын,
 Қара жолдағы қазан шұңқырға жауып
 айыбын.
 Төре-тәңірден күткен қайырым.
 Жалтақтаған, жан-жағына алақтап,
 Ойға шапқан, қырға шапқан далақтап,
 Жел гулеген жырым-жырым балақтан,
 Жар болар ма Жаратқан?!.

«Дайын асқа тік қасық»,
 Тау қопармаған жұптасып,
 Кең дүниенің жалт-жұлтына керенау,
 Іргесі бүтін ел болу осы керек-ау
 демеген!
 Жатып ішер, жалқау еді не деген,
 Батпан құйрық, телмірсе, түсетіндей төбедең,
 От басында шалқып-тасып, шіренген,
 Құтыла алмай жүрсе де
 мойнындағы шынжырдан,
 аяқтағы шідерден!..

Толғандырмай ұлыс қамы,
 ұлт қамы,
 Қисапсыз көп құрғанынан – құртқаны.
 Ата дәстүр, әдет-ғұрып сырт қалып,
 Әуес болып жылтыраққа жұрттағы,
 Әлі күнге әрі-сәрі тірлігі,
 Азайған соң бірлігі,
 Аһ ұрмаса жарар еді бір күні!..

Буырқанған батырлары қалмаған,
 Ақындарын жүрек дерті жалмаған,
 Ордасына ойран салып оңбаған,
 Отын жағар ошағын –
 атом жарып қорлаған,
 Ашық күнде қаратүнек орнаған,
 Торлап қайғы-қасірет,
 соқа басы сорлаған!..
 Сайын дала жаралы –
 ит талаған тулақтай,
 Сорлы қайың солады, қурап-семіп,
 тіл қатпай.
 Сарыарқаның үстінде сары сағым көшеді.
 Сән-салтанат кешегі –
 көрген түстей деседі.

Сары жаңбыр сіркіреп,
 Қызыл бұршақ ұрады,
 Күннің көзін тұмшалап,
 қап-қара бұлт қабарып,
 қабак түйіп тұрады...

Жаулаушысын жарылқаушы санаған,

Құрақ ұшқан тамыр деп,
 Қонақжайлық ақ ниетін таныр деп,
 Бірақ, байтақ кең мекені тарылды,
 Бір шіріген жұмыртқалар жарылды,
 Монтаны жүз мүләйім меймандары қағынды,
 «Бұл далада көшпелілер
 қуып жүрген сағымды...»
 деп бал ашқан сәуегейлер табылды.
 Енді есі кіргендей есіл елім,
 елеп-екшеп бағуда,
 Неден жазды, жаңылды...

Үшке бөліп ағысын,
 Үш өзен боп сіңіп жатыр шағылға,
 Дарияға айналатын шағында.
 Суға толып арнасы,
 Нуға толып жағасы,
 Ұлы, Орта, Кіші өзендер ұласып,
 Айдынына қаз қонатын күн қайда,
 Бала-шаға мәз болатын күн қайда,
 Жан жадырап жаз болатын күн қайда,
 Қайран қайсы мұндайда?!.

Қадау-қадау екен-ау ақылгөйі,
 данасы,
 Бірікпейді бастары,
 Айшылық жол арасы.
 Билік десе тызылдап бишікештің жарасы.
 Сүйек тастап сырт адам,
 Бұлар соған таласып,
 ырылдасып,
 Сол бұрынғы бейдауа дерт,
 Қарашы!..

Бас-басына ғұлама,
 Жеке-дара дүр бастық.
 Дүр бастығы халыққа бір жақсылық қылмас түк,
 Кабинеті – ғанибет,
 Аяғыңды сүртіп кір,
 Жалтыраған айнадай
 жып-жылмағай бір түкпір,
 Ыңыранған, ыздиған атаққұмар байғұстар
 «Ұлттық мүдде» дегеннен
 қарадай-ақ үркіп тұр!..

Бірді мыңға баламай,
 Бір-бірінен күдіктеніп қарадай,
 Бір-бірінен секемденіп қарадай,
 Жұрағаттан жау іздейді жағалай,
 Дертелерге дәнекер болмаған соң
 доғадай.
 Дүрдараздық дендейді,
 Дертін қалай емдейді,
 Өзіне өзі сенбейді,
 Обал-ай!..

Қызғанышы – қызыл ит,
 Іштарлығы – сала құлаш сұр жылан,
 Бауырымен жылжыған.
 Ағайынның аты озса да,
 Ауылдастың аты озса да –
 шаужайына жармасқан.
 Қызыл ит пен сұр жыланның
 шауып түсер бастарын
 Қынабынан суырылмай алдаспан,
 Азапты жол жалғасқан...

Иланбайды иманға,
 Құнығады тек көмейге құйғанға,
 Қайта құрып қызметін, достарын,
 Ыңғайлайды саудаға күнкөрістік жоспарын,
 Қара қазан қайнайды –
 қайнағаны қымбаттап,
 Бәсекеге бәс беріп,
 базар бармақ бұлғақтап,
 Пайда тауып қас қағым,
 Қолдан келсе сатпақшы
 қара судың қаймағы мен қаспағын?..

Бозбаласы бозөкпе,
 Бойжеткеннің бойтұмарын сөз етпе.
 Булығады бір өкініш өзекте,
 «Түнгі көбелектерді» жазып жатыр газет те,
 Би, музыка, видео – бәрі батыстық,
 Азын-аулақ алған білім атүсті,
 Күнкөрістің тәсіліне қатысты,
 Тар өрісті, шектеулі,
 Уағыздайды ақыл азабын шекпеуді!..

Қасиет тұтпай киені,
 Өсиет тұтпай жүйені.
 Ата салтының алтын арқауы кесілген,
 Дүбәра ұрпақ өсірген,
 Дүдәмал күйге есірген,
 Ортайған теңізді толтырмақ болады
 Шелекпен су тасып түбі тесілген!..

Көзінде тұман – күлмес түк,
 Кеудеде күмән – білмес түк.
 Талай рет жарға жықса да опынбады.
 Әлемге ортақ Күннен де мін табады,
 Өз мінін жасырмақ болып, қымтанады,
 Күндестік – қазақтың қылтамағы!..

Қарадай көлеңкесінен қорқады,
 Ұлан-ғайыр кең өлкесінен қорқады,
 Жат жерде жүргендей жалтақтап,
 Жалаңқия жартастар үстінен
 жол таппақ,
 Жанкешті бейнеті желге ұшады,
 Маңдайының соры бес елі,
 Кереғар әрекетінің кеселі –
 адымын тұсады!..

Жазықсыз шырылдаған боздағын,
 Бозторғай ғұрлы көрмей.
 Қарамай...
 Оққағары болуға жарамай,
 басынан дәурен озғанын,
 Дәрменсіз халін
 дәлелдеу керек пе...
 Мойнына жүктеп өз қанын!..
 Қайырымы – бір тұтам,
 Қолғабысы – бір шөкім,
 Мейірімі – бір мысқал
 Бір-біріне дегенде,
 Жоғарыға бір шықса –
 қарамайды төменге!
 Өгей қыздай жәутендеп жүр өлең де!
 Күрсінеді түндерде,
 Мұң шағады кімдерге,
 Қайран жүрек сыздайды

шыдамай шер-шеменге!..

Қара қылды қақ жарған
 Қараң қалып әділдік,
 Кеулеп кеткен қиянат
 ми қатпарын сан үңгіп,
 Көрсе-дағы – көрмейді,
 Білсе-дағы – білмейді.
 Жоғалтқан ба намысының қайрағын,
 Көтермейді көк бөрілі байрағын,
 Қой торымен тепеңдейді қыр асып,
 Қайран қалып тұрасың!..

Шалажансар әрекеті,
 Шындық іздеп жүрген-сынды шала мас,
 Шала қазақ десең бірақ шамданар,
 Шәт-шәлекей ашуланып,
 бауырынан шаң борар,
 Соңына бір қайырылып қарамас,
 Қателігін мойындауға жарамас,
 Ашуы мен тасуы –
 Шолақ саймен шамалас!..

Құлан жортқан құба дүз құлазиды
 кұм борап,
 Құлаған мазар, кешендер
 құба қырлардан тұр қарап,
 Қызыл жалқын нұр сағана сызықтарында
 сырғанап,
 Қоғалы көлдер құрғамақ,
 Қойлы ауылдың жұртындағы айтақыр
 айналасы қалың шыққан шырғанақ...

Кеудені күрсін кернеді,
 Кербесті үзіп кете алмады кермені,
 Бүкіл тағдыры –
 кісәпір кезең ермегі.
 Басынан еркі кеткен соң,
 Арда дәуір мен Азат күн
 Арманы болды атам заманнан
 қазақтың!

Алып бәйтерек дауыл мен желге қыңбаған,
 Шайқалса да сынбаған,

Тамыры кеткен тереңге,
 Жапырақтары жаз өтеді деп шулаған,
 Бір түйір ащы тамшы бұл –
 Жанарына жас боп тұнып
 қазақ азаматының,
 Ыстық қанында тулаған!

АЙНА СЫРТЫНДА САҚТАЛҒАН СУРЕТ

1.

Сарғайған сурет сырға бай,
 Сөйлейді, шіркін, үнсіз-ақ.
 Түсінер екен кім қалай,
 Оралар ойға мың сұрақ.

Аға мен бауыр тілектес,
 Сәкен мен Сәбит дос көңіл.
 Өткелектерден кім өтпес,
 Ұмтылар өрге өскен ұл.

Сәкен мен Сәбит ұғысқан,
 Кездесіп елең-алаңда.
 Көшбасшы болған ту ұстап,
 Салмақты салып қаламға.

Төңкеріс жырын жырлады,
 Теңдікке қазақ жетер деп,
 Жорыққа үндеп тұрғанын,
 Жорисың қалай бекер деп.

Заманы сондай күрделі,
 Заңы да қатал зарлы еді.
 Намыстың шоғын үрледі,
 Бақытқа бір жол бар деді...

Сол жолда кешті сор қанша,
 Сол жолда тіпті адасқан...
 Болмаса деді қорғаншақ,
 Азамат шықса Алаштан...

II.

Табысып Қызылордада,
«Еңбекші қазақ» түлеткен.
Бірі – іні, бірі – болды аға,
Түскенде мына суретке...

Өрекіп күрес тартысты,
Өршіген кезі дау-дамай.
Айтысқанменен айтысты,
Артық та кетіп аңдамай...

... Сәкеннің сұсты әлпеті,
Еңсесін ұстап өр, биік.
Кетердей бәрін тәрк етіп,
Кезеңге күліп кермиық...

Сәбиттің басын ой торлап,
Сәкенді сүйеу санаған.
Соқтықпай әлі сойқанға,
Ұмтылған жұмбақ жағаға...

Үмітті шақтың елесін,
Үдерген жылдар мұрасын.
Суреттен осы көресің,
Суреттен осы ұғасың...

III.

... Қанқұйлы отыз жетіде,
Қара бұлт төнді аспаннан.
Ұлдарын ұлттың жетілген,
Қудалау, соттау басталған.

Бұйрыққа істі бейімдеп,
Ашқанда ажал аранын...
Ілияс, Сәкен, Бейімбет
Құрбаны болды жаланың.

Сәкенмен сырлас, сенгені,
Мағжанды тартып қасына,
Сәбит те кетті сенделіп,
Күн туды кенет басына.

Қанаты қатты қайрылды,
Халық па мынау оянған?!

Билеттен қызыл айрылды,
Бұған да тықыр таянған...

Ұранмен қайда ұмтылған?!
Мәриям ұқпас іс еді...
Сәкен мен Сәбит бір тұрған
Суретке көзі түседі.

Ер Сәкен кетті ұсталып,
Сәбиттің келсе кезегі...
Қуанар барлық дұшпаны,
Бұл сурет – айғақ ... Сезді.

Сыпырып ұлттың қаймағын,
Айласын Мұртты асырды...
Мәриям сонда айнаның
Сыртына сурет жасырды.

Соқты да тағдыр құйыны,
Сәкендер содан қайтпады.
Жазушы одақ, ұйымы,
Жағымды хабар айтпады...

Алапат нәубет, ырасында,
Қазақты жаншып, таптады.
Батырақ болған басында,
Сәбитті құдай сақтады...

Көп жылдар өтті арада,
Өзенде қанша су ақты.
Адамдар жаны жарадар,
Қайтадан тапты қуатты.

Оталды қанша ормандар,
Жүректе қанша дақ қалды...
Жаламен құрбан болғандар,
«Жазығы жоқ!» деп ақталды.

Ақталды Сәкен!
Сол күнгі
Сәбиттің көрсең шаттығын!
«Әділет бар!» деп желпінді,
Көзінде терең жатты мұң.

Ортаға сабыр әкелдім,
Осылай уақыт қол алды.
Ойына сонда Мәкеңнің
Баяғы сурет оралды...

Құяды сай да сайға кеп,
Дүние кең ғой құшағы.
«Саяжай! Айна!.. қайда?» – деп,
Тау жаққа құстай ұшады.

Қиямет, қатал қайда күн,
Үміттің оты жағылды.
Елеусіз қалған айнаның
Сыртынан сурет табылды!

Жетеді үйге асыға,
Тәңірдің бұл да бергені.
Сәбиттің келіп қасына
«Суретті мына көр!» деді.

Тебірентті мына жай тағы,
Тек жазу болған ермегі:
«Айналайын-ай!» – айтқаны,
«Айналайын-ай!» – көргені!

Дүнияның толып кем күні,
Сөйлейді Сәбең екпіндеп:
«Сақтадың қалай сен мұны,
«Айналайын-ай!» – деп күнде.

IV.

Сарғайған сурет – сыр аңыз,
Сөйлейді тілсіз, тұр қарап.
Жауабы дайын, сұраңыз,
Сусиды жылдар сырғанап.

Сәкен мен Сәбит ұғысқан,
Кездесіп елең-алаңда.
Көшбасшы болған ту ұстап,

Салмақты салып қаламға...!

Бұйдасын үзіп бұлқына,
Бойлады заман парқына.
Қызымет қылды ұлтына,
Қадірлі болды халқына!

ШОҚАННЫҢ БӘКІСІ

Тарих танып, рухани нәр емдім,
Таным кеңіп, рахатқа бөлендім.
Жолың түссе Алматыға, жолаушы,
Бір соға кет музейіне Сәбеңнің.

Халқын сүйген жазушы еді Мұқанов,
Қан қасапта кете жаздап бұталып,
Аман қалған батырақ боп тудым деп,
Қара сөзбен қамал соғып ұтады!

Көне бәкі музейде тұр, сабы ақ,
Өткенін жұрт зерттеп, біліп, танымақ.
«Мына бәкі кімдікі?» – деп сұрасаң,
Жөн нұсқаушы сыр шертеді жадырап.

«Бұл – Шоқанның бәкісі!», – деп бастайды,
Тыңдаушыға тосын сауал тастайды.
«С.Мұқанов Шоқан жайлы не жазды?» –
Дұрыс жауап бергендерді қостайды.

Абылай хан, Уәли хан, Шыңғысты,
Атағанда талайлар бас шұлғысты.
Отыз-ақ жыл ғұмыр кешкен ер Шоқан,
Аққан жұлдыз аспанында Шығыстың!

Сөз өнері бұл-дағы бір дерт деген,
Ерінгенді өз соңынан ертпеген.
Отыз-ақ жыл ғұмыр кешкен Шоқанды,
Отыз жылдан аса Сәбең зерттеген.

Жазды пьеса – «Ариадна арқауын»,
Қабылдады ықыласпен бар қауым.
«Жарқын жұлдыз» – монография боп туды,
Өмір жолы, ғылым жолы тарқауы.

Ауыр жүкті арқаға сап апарған,
Қалып қоймау үшін емес қатардан.
«Қашқар қызы» пьесасын қалдырды,
Қашқарияға барып қайтқан сапардан.

Шоқан өмір сүрген заман тынысын,
Жеткізуге тар боп зерттеу жұмысы,
«Аққан жұлдыз» романына кірісті,
Жазды дейсің соның бәрін кім үшін?!

Ұрпақ жадын жаңғыртудың амалын
Шоқан жолын танытудан табады...
Бұза алмаған боздақ еді ол, қайтесің,
Отаршылдық империяның қамалын.

Сәбит, Совет – секілденіп бір ұғым,
Ойларының содан тауып тұнығын.
Онашада талай рет дал болған,
Серпе алмай отаршылдық құрығын.

«Азаттық пен білім керек халқыма!», –
Деген Шоқан қалай қарай талпынған?!
...Қазақтардың басын доптай ұшырған,
Қазақтардың қылыштары жарқылдап...

Соны көріп Шоқан өлді құсадан,
Сол тұсқа кеп Сәбең атын тұсаған.
Көз алдына елестейді Эрмитаж,
Шекараға саусақ созған Мыс адам.

Өзі сенген өкіметі неден кем,
Қайқы қылыш ұстап тұрған төбеңде...
Ол өзінің алданғанын аңғарды
Өмір бақи сол советке сенем деп...

«Шоқан жолы» оған соны ұқтырды,
Жетпіске кеп жанарына шық тұнды.
Оған дейін дәл осылай сезбеген,
Отаршылдық шырмауықты, жықпылды.

Ол түсінді: өрмекші тор құрғанын,
Ұлы Шоқан – отаршылдық құрбаны!
Әулиеата жерін қанға бояған

Черняевтың артында кім тұрғанын!

«Аққан жұлдыз» аяқталмай, тоқтады.
Шоқан халық азаттығын жоқтады!
Отар елде орындалмас арман бұл,
Ол да қиял – білім шамын жаққаны!

Тоқтатты да романның дауылын,
Ол ойлады орыстанған ауылын...
Дәстүр-салтын, шежіресін білсін деп,
Шұғыл түрде жазды «Қазақ қауымын».

«Аққан жұлдыз» ағып түсті аспаннан,
Алғашында жаймашуақ басталған...
Аяқталмай қалды роман осылай
Аң-таң болып кәрі қалған, жас қалған!..

Астарлап та айтпақ болдық шындықты,
Өмір өзі айғақтады кім мықты...
Ұлы Шоқан – ұлы мұрат ұстанған,
Сәбең қалай құп көреді құлдықты!

Тағдыр сөйтіп дәу кемені шайқады,
Соңында қап қалың елі, байтағы,
Жетпіс үшке жасы ауған шағында
Қайран Сәбең бұ дүниядан қайтады.

Мың тоғыз жүз жетпіс сегіз, қараша,
Мұқановқа музей ашып тамаша.
Елі, жұрты қуанғаны есімде,
Жазушыға мол құрметке жол аша!

Музейде кеш өтуші еді әртүрлі,
Мазмұны мен тақырыбы тартымды.
Ақын, ғалым, жазушылар қатысып,
Таразылап нарқың менен парқыңды.

Кезекті бір сондай «Сәбит сабағын»,
Анда-санда қырнап қойып тамағын.
Уәлихан әулетінің тұяғы –
Өткізгені есте Шота ағаның.

Деді Шота: «– Қызмет етсе елге кім,
Сылдырымен өлшенбейді теңгенің.

Ұмытпайды Уәлихан әулеті
Марғұлан мен Мұқановтың еңбегін.

Елге қызмет – сұрамайтын ақысын,
Ерен еңбек – жақының мен жат үшін.
Мен музейге тапсырамын Мақының
жең түймесі мен Шоқанның бәкісін!

Ұлыларға тұрып тағзым қылайық,
Ұлы мақсат, мұраттарын ұғайық.
Шоқанның бұл ақ бәкісі, ағайын,
Бұл музейде тұруға әбден ылайық!».

Көресің де ойға қалып тұрасың,
Көнермейді, ескірмейді шын асыл!
Содан бері Шоқанның ақ бәкісі –
Музейдің ең қымбат мүлкі, мұрасы!

10.10.2016

ТОПАН СУ. ТАСҚЫН. 2010

*«Шығыс Қазақстандағы «Жәнтікей» ауылы
топан судың астында қалды. Мал қырылды...
Адам шығыны жоқ...»
Газеттен.*

Ақ қардың, көк мұздың үстімен сырғыған,
Қызыл су шаяды іргесін үйлердің...
Ауылым ақырын батады құрдымға,
Ақыры жеттің бе ақ кебін киген күн?!.

Кемедей қисайған көп үйдің мұржасы,
Кеңірдек секілді көк жендет суырған...
Көлкіген су кешіп, таусылған мұршасы,
Көршімді көремін әл кеткен буыннан...

Боғастың арнасын бұзады көк тасқын,
Бауырдың басынан ұшады базары...
Топан су жалмаған бақытын жоқтастым,
Тағы да тағдырдың тәлкегі, мазағы...

Базардың арнасы көктемде толатын,
 Байқамай қалуға сылтау да жоқ, жүдә...
 Көл-көсір ырыстың мекені болатын,
 Көк мұнар көтеріп тұратын Көкжыра!

Кетсем де жыраққа көл кешіп, тау асып,
 Өзіңмен бір еді қуаныш, қайғым да!
 Ақ қарға оранған Ақсуат даласы,
 Айналып кеткендей ақ теңіз, айдынға!..

Елеусіз қараған талай дерт асқынған,
 Енжарлық дендесе, жол қалай жалғанбақ!?
 Тарбаға-тай-дағы топан су, тасқыннан,
 Талайлар қалды аман тек қана тал қармап...

Әр пенде өмірден өлшеулі сый алған,
 Түбіме бейғамдық жетумен келеді...
 Жантікей... ауылым, ұшып ем ұяңнан,
 Жаралы халіңе жәрдемім не менің?!.

Біз жүрген көшені көк тасқын шайыпты
 Мектеп те, кеңсе де, дүкен де... құлаған.
 Табиғат апаты десек те айыпты,
 Қалайша жол бердің, жарандар, мынаған?!.

Бір басқа үміт те, күдік те сыймай ма,
 Сан соғып қаламыз біз ылғи неге, осы?!.
 Көк қақпа, сұр шатыр, ақ шаңқан үй қайда,
 Жадымда жаңғырар бал дәурен елесі...

Тоқсанда қария... тастамай лашығын,
 Тізеден су кешіп... еңкілдеп жылапты.
 Ауылдас бауырлар айтады ашынып,
 Тұтқиыл тап болған зор нәубет, сынақты...

Қырылды мал басы, қисапсыз шығын да,
 Адамдар аман деп, келесің тәубеге...
 Жетпейді санаға, сыймайды ұғымға,..
 Қапыда қаламыз біз ылғи, беу неге?!.

Тарқата алмаспын жазып шер күйімді,
 Ескерткіш орнатсам деуші ем мүсіндеп...
 Мен өскен ауыл жоқ... орнында үйінді...

Көрем бе сонда тек... сонда тек түсімде?!

**АЛМАТУ –
АЛМАЛЫҚ –
АЛМАТЫ**

Алмату – Алмалық – Алматы,
Айбынды тарихта қалды аты!
Бұл қала сан мың жыл жасаған,
Басқанша орыстың солдатты...

Замандар алмасқан қаһарлы,
Базардан табасың баһарды.
Қытайлық шежіре шертер сыр,
Алмату деп атап шаһарды...

Жібек жол бойында гүлдеген,
Жібек жел соғатын іргеден,
Оғыландар ордасы еді ғой,
Оранған үлде мен бүлдеге!..

Самарқан, Тараз бен Шам-сынды,
Самала өткерген маусымды.
Қытай да, Жоңғар да, Қоқан да
Шаһарға көз сүзген тау-сынды...

Алмату – Алмалық – Алматы,
Айбынды тарихта қалды аты!
Дәуірлер алмасып жатқанда
Дәуірлеп тұратын зор даңқы!

Шыңғыс хан әскері жайпады,
Шындықты шежіре айтады.
Отырар секілді ойран боп,
Шаң қапты Алмалық, байтағым...

Жар асты қасірет жоқ деме,
Ғасырлар көшіпті көптеген...
Замана дауылы астында
Сағымға көмілді көк төбе...

Самогон, сыраға мәңгі мас,
Мұжықтар келді де қаңғыбас,

Бұрынғы Алматы үстіне
Верный деп бекініс салды, рас...

Казактар мұз қару асынды,
Тонады тауымды, тасымды.
Айнала ауылды ойрандап,
Қонақжай қазақты басынды...

Демеймін көнені әрлейін,
Танытқан отаршы тар пейіл...
Мәңгүрттер масайрап құптайды
Патшаның жымысқы дәргеіін...

Өшпейтін өкініш болған іс,
Өртелді ну тоғай, нар қамыс.
Бекініс қазақты қорлады,
Тапталды аяққа ар-намыс.

Алмату – Алмалық – Алматы,
Айбынды тарихта қалды аты!
«Бекініс!» деп кеуде ұрғанға –
Бұрғанға шындықты бар датым!

Біреулер тас бітеп құлағын,
Байырғы халықтың тұрағын:
«Бекініс болғанға дейін бұл –
Не болған?» – деп қояр сұрағын...

Қорымды қазғанда жақтық ой,
Ғалымдар дерегі нақты ғой:
«Алматы» деп анық жазылған
Мың жылдық дирхамды тапты ғой!

Тегімді телісе жабайы,
Бұл нағыз надандық анайы...

Екі мың жыл бұрын шаһарда
Болыпты «Теңгенің сарайы»!

Болған ғой өндіріс, зауыт та,
Қызғанған жатжұрттық жауыққан...
Қозғайды көнеден көп сырды
Қыш көзе, темір жақ, сауыт та!

Алмату – Алмалық – Алматы,
 Айбынды тарихта қалды аты –
 Ардақты ұлдары қазақтың
 Атағын аспанға самғатып!

Айналып қосамын өлеңге,
 Арудай ақ нұрға бөленген,
 Ақ бұлттар жүзеді төбемде,
 Алматы тарихы тереңде!

Аңызға арқау ғой әр тасы,
 Жасырған көп жұмбақ жартасы,
 Дүр гауһар секілді нұр шашқан
 Алматы – Алатау алқасы!

АҒЫН... АҒЫН... АҒЫН СУ

Ағын... Ағын... Ағын судың екпіні-ай!
 Сарқырама сарынымен өте шыққан көп күн-ай!
 Арқыраған, табиғаттың өзен де бір еркесі,
 Айлар, жылдар қайда ағып кеттің-ай!

Ағын... Ағын... Ағын судың жағасы,
 Тіршілікте асығып та, аптығып та бағасың.
 Мақсатыңа жеткізбесе жол ғайып,
 Кімге кінә тағасың.
 Табасың ба сол баяғы мөлдір, таза сезімді,
 Адамдардың тұрмыс билеп санасын.
 Өр өзенді танымайсың
 Көрсен егер сағасын.
 Біз өткіздік бұл өмірдің білмей ешбір бағасын.
 Қанатыңды қай қиырға қағасың,
 Айырдың ба ақ пен қара арасын.
 Қайда қарай бағыт ұстап барасың.
 Үмітіңнің шырағын
 Қаншама рет сөндіріп ап,
 Қаншама рет жағасың?!

Ағын... Ағын... Ағын судың сарыны,
 Ағып өту арман екен, жарығым.
 Талай рет қызыл сөзге семірдім,
 Талай рет арзан сөзге арыдым.
 Хас жүйріктің мойындамау мүмкін емес арынын.

Кейбір күндер сыйып кетер
 хауызына тарының.
 Селеу сұлба Сарыарқаның сағымын,
 Сағынғанда қашты талай сабырым.
 Ойлайтындар толып жатыр
 қара бас пен қарынын,
 Адамдардың тыңдау керек жан үнін!

Ағын...Ағын... Ағын судың аққаны,
 Аяғыңа түссе қиын сұм тағдырдың қақпаны.
 Ағайынның көзбен, сөзбен баққаны –
 Маңдай термен тапқаның.
 Қуаныштың құлағынан күн көрем,
 Қайғым менің қап-қалың.
 Жұбаныш қып жақсы өлеңді жаттадым,
 Жырдан жақын таппадым.
 Таңғажайып тамылжып,
 қарашы, таң атқанын,
 Қызыл арай, өрт құшып,
 қарашы, күн батқанын.
 Өлең мені,
 Мен өлеңді сатпадым,
 Талай сырды өлеңге орап сақтадым.

Ағын... Ағын... Ағын суды-ай ақ самай,
 Ақ самайын күн сүйеді, тап солай.
 Бұйырады адамға құбылмалы бақ-талай.
 Бұрқыраған ақ көбік ақ мақтадай,
 Көк теңізге жеткенінше,
 Мына екпін,
 Мына күш,
 Еселене түсердей, еш тоқтамай.
 Асау өзен аңғарынан
 саумал самал соққаны-ай.
 Өмір жолы соқтықпалы, соқпалы-ай.
 Түн ұйқыңды қашырады көп қалай.
 Арман, сенім азаяды өзін-өзі ақтамай
 Бір құпия ашылмайды
 Қырық бірінші қақпадай.
 Бар бояуды жиып алып,
 қызарып Күн батқаны-ай,
 Бар бояуды шашыратып,
 ағарып таң атқаны-ай!

Ағын... Ағын... Ағын судың бойында,
 Көп отырдым
 Мұңайып та уайымдап.
 Ағып өте шыққан айлар жайында,
 Ағып өте шыққан жылдар жайында,
 Ақылменен пайымдап.
 Арғы бетте кісінейді құла қасқа тайым да,
 Бергі бетте күрсінеді ақ балтырлы қайың да.
 Өткен күндер – сағыныш һәм өкініш,
 Келер күндер – бақ па, сор ма,
 Келеді не дайындап?!

АЛТЫН ҚАЛАМ

*Ғабе, мен анда-санда Сізді көрем,
 Сізді көрсем, жомарт бір күзді көрем...
 Мұқағали.
 (Ғ. Мүсіреповке арнау өлеңінен).*

Мұқағали мұң шаққан жоқ мұндарға,
 Мұңсыз мұндар ұлы ақынды тыңдар ма.
 Ғапыл дүние сырын кіммен бөліссін,
 Ғабең сынды сөз зергері тұрғанда.

Өз үйінде Ғабең сырбаз қалпында,
 Радиодан өлең тыңдап, ән тыңдап
 Отырғанда, Мұқағали кіріп кеп,
 Жыр оқыды алдаспандай жарқылдап.

Сәлем берді қара сөзге қанатты,
 Қара сөз де қабакқа мұң қамапты.
 Оңашада ой бөлісті қос алып,
 Талант қана таниды ғой талантты.

Жыр оқыды толқын-толқын, тізбектеп,
 Жыр оқыды Ғабеңді өзі іздеп кеп.
 «Айналасы өлең сөзді ұқпаса,
 Асыл сөзден ақын күдер үзбек» – деп.

Мұңын шақты Мұқағали Ғабеңе,
 Онда тұрған құпия жоқ дәнеңе:
 Сөз қадірін түсінгендер азайып,
 Өлең сөзден өше ме деп өнеге...

Мұқағали өлеңдерін бағалап,
 Ғабең ылғи сүйсінетін қабағат.
 Дәл мынадай екеуара ой кешу,
 Дидарғайып әлем ашты ғаламат.

«Үлкен ақын Мұқағали дау бар ма?
 Уитменді қалай шебер аударған...
 Қара өлеңнің қасиетін шын ұғып,
 Дантеменен шыққан екен заңғарға...»

Ғабең жиі «Беломорды» тұтатты,
 Өзі жонған қолына алып бұтақты...
 «Аққулар...»-дың қолжазбасын парақтап,
 Арасында «Браво!» деп тіл қатты...

Өлең оқып, Мұқағали өр, асыл,
 Өрнек ашып өзгеше бір жарасым.
 Ғұмыр мәнін өлшеп қойған ақынға,
 Ғабең сонда ұзақ сынай қарасын.

Мұқағали сырын төгіп, жырын да,
 Бата күтіп отыр, бәлкім, ырымдап.
 Шым-шым ойға батты өзі, жүретін
 «Шалға келіп жолықсам» деп, бұрын да.

«Сөзден сарай соққан асыл қазынам,
 Саған ауыр тимесе екен базынам.
 Кештеу келіп, мазаласам, кешіргін,
 Ғашық едім сиқыр сөздің сазына!...»

Екеуара ұғысқандай қабақтан,
 Екеуін де Алла ерек жаратқан.
 Сөзге сөздің көлеңкесін түсірмей,
 Көздегенін мүлт жібермей, дәл атқан...

Сөйлер сөзін,
 Аңдап басқан қадамын,
 Көңілімен танитұғын адамын.
 Ғабең сонда бір-ақ ауыз сөз айтты:
 «Мұқағали, мұқалмасын қаламың!».

Түсінікті Мұқағалының да күй, халі,

Тіршілікте дүнияға сыймады...
Отты жырдың ордасы бол дегендей,
Ғабең оған Алтын қалам сыйлады!

Бұл баллада – жыр-тағзым деп санандар,
Ұлылардан ұлағат ал, жарандар.
Қарасазда – музейінде Мұқаңның
Жарық шашып тұрған Алтын қалам бар!

АҚБОЗ АТ МІНГЕН МАЙДАНГЕР

Әкем Жақсылықтың рухына

Жарты ғасырдан асыпты,
Күркіреп сұрапыл соғыс өткелі.
Қазақ қашаннан азат күнге асықты.
Жиырма бірінші ғасырдың алғашқы көктемі,
Бейбіт таң Шығысты нұрға бөледі,
Әне, шыққан Күннің астында,
Ақбоз ат мініп,
Менің майдангер әкем келеді.

“Шилі өзен, қамыс-ай!” еді
ыңылдап айтатын өлеңі,
Асқар тау санайтын
ауылдағы кішкентай төбені.
“Сендер енді алапат соғысты
көрмейсіңдер” дейтін,
Өзі соған сенеді.
Фашизмді Берлинге жерлеп қайтқан
Майдангер еді менің әкем, себебі!

Басынан және қолынан
жаралы болған майданда,
Қарулас достары есіне түскенде
қатты қабарып, қайғы алған,
“Олардың рухтары
туған жерге жыл сайын оралатын
Жыл құстарына айналған” деп,
Көктемді күтетін зарыға.
Қара суға семіріп, қызыл сөзге арыған!
Қымбат нәрсе жоқ дейтін адам үшін арынан!

Менің майдангер әкемді
 көрген адам бірден таныған,
 Ол – қайрақ еді, қазақтың намысын жаныған,
 Кеудеде бір ғана медалі болса да,
 бір орден...

Қаһарман еді ғой елеусіз,
 Майдангер әкемді сағынам!

Тағы да есіме түседі
 өткен күн, жыл ескі,
 Жаралы жауынгер Бейбіт өмірде де күресті.
 Маңдай тер тамшылап,
 еңбектен іздеді несібе,
 Бірақ та бір медаль таққан жоқ төсіне.

Тағы да түседі есіме:
 Ұстара ұстатып қолыма:
 “Ал, ұлым, алып бер шашымды!” – дейтін ол .
 Сынай ма?!

Шаш алу дейтұғын шаруа оп-оңай былай да,
 Ал мені бөгейтін тұзақ бар:
 Әкемнің басында —
 оқ ізі қалдырған бір терең сызат бар,
 Сол сызат астында мый да бар,
 сондай-ақ мина бар секілді,
 Айналып өтемін оқ ізі қалдырған “жыраны”...

Мен бірде әкемнен сұрадым:
 “Сіз, сірә, соғыста
 жалаңбас жүргенсіз ғой деймін?..”
 Өзім де кейде бір жауапсыз сөйлеймін!
 Ол “Иә!” деді де,
 Бетіме қарады... Күлмеді...
 Майдангер жүрегін ауыртты-ау
 сұрағым бұл менің...

Бейбіт таң тағы да Шығысты нұрына бөледі,
 Өне, алау Күннің астында
 ақбоз ат мініп,
 Менің майдангер әкем келеді!..

2005 ж.

ҚОС ҚАРЛЫҒАШ ҺӘМ ТІЛ ҮЙРЕТУ

Қос қарлығаш сымға қонған
 сыр қозғады бүгін тағы,
 Қара сөздің шеберіндей
 қалай-қалай құбылтады!
 Құйқылжыта жөнелгенде құлақ аспау мүмкін емес,
 Қиыстырып қайырған соң тыныстайды тыным тауып.

Қос қарлығаш сымға қонған
 сыр қозғады арғы-бергі,
 «Тұрмыс-халін білеміз, – деп, –
 жер бетінде барлық елдің»,
 Бірі бастап, екіншісі қостап қойып көп отырды,
 Ұқпай қалдым бір ел жайлы «шынында да жарлы» деді.

Қос қарлығаш сымға қонған
 сыр қозғады әлімсақтан,
 «Құстар артық, – деді бірі –
 адамдардан арын сатқан».
 Қайдан білсін қарлығаштар жер бетінде жүретінін,
 Көлеңкелер тек әйтеуір малын тауып, жанын сақтап.

Қос қарлығаш сымға қонған
 сыр қозғады алабөтен,
 Адамдардай құстар-дағы
 бұл дүниеге қонақ екен!
 Атар таң мен батар күннің арасында алып-ұшып,
 Аман болса деп тілейді екен мынау дала-мекен!

Қос қарлығаш сымға қонған
 сыр қозғады түйіндетіп,
 Қаумалайды қырық сауал
 үркек ойды үйірлетіп.
 «Таң бозынан неге мұнша тамсаңды ?!» – деп таң қалып ем,
 Көк қауырсын қанаттарға отыр екен Тіл үйретіп!

ТАҒЫМ ЖЫРЫ

Дулат Бабатайұлының рухына

Ұлыс қамын ойласа,
 Ұлы іске сайланған.
 Ұрпақ қамын ойласа,

Бас бармағы шайналған.
 Ұлттың қамын ойласа,
 “Ұйқы беріп, қайғы алған”.
 Ұлан-байтақ даласын,
 Шарқ ұрып, шыр айналған.
 Ұлық мінез заманның,
 Қазығына байланған...
 Қайран, Дулат бабамыз!

Ортекедей ойнаған
 Омақасып ұлы арман!
 Оңы-солын қарманып,
 Шықсам ба деп мұнардан.
 Алыс қалып азат күн
 Айды аспанға шығарған.
 Қасіретке хабаршы –
 Қарашекпен шұбалған.
 Өткен өмір секілді
 Өлімсіреп шырағдан...
 Өлеңіне өксік пен
 Заман зары сұранған...
 Қайран, Дулат бабамыз!

Ақжайлау мен Сандықтас,
 Хош-аман деп, хош-аман.
 Біржолата түңіліп,
 Бозбаладан бошалаң.
 Жабысты деп балаққа
 Жамандық боп ошаған.
 Патшасына орыстың
 Бәрін беріп қоныстың,
 Бұзылды деп босаған,
 Сонда көңілі босаған,
 Қайран, Дулат бабамыз!

Ағыл-тегіл жырлары
 Аякөздей арынды.
 Тарбағатай тауынан
 Тартқан көне сарынды.
 “Ақтан жас!” деп аһ ұрып,
 Жүрегі қақ жарылды.
 Жырға қосты жылаған,
 Қазақ, сенің халінді.
 Қара бұлтқа айналды,

Қасынан кім табылды!?
Қайран, Дулат бабамыз!

Ақиқатты айтар сол
Қызыл тілді кім кескен.
Ақын ғана ашынып,
Тәңірімен тілдескен .
Исатайдан айрылған
Махамбетпен үндескен!
Бірін-бірі білместен,
Мұратымен бірлескен.
Арқалатқан аманат –
Бүйтіп өмір сүрмеске!..
Қайран, Дулат бабамыз!

Ұлағатын ұқсаңыз
Ұстазындай Абайдың.
Алты алашта ақын көп,
Абайға бөлек қараймын!
Ар жағында Дулат тұр,
“Заман-ай!” деп зар шегіп,
Мұңын қозғап талайдың.
Ұлы Тұран жұртында
Алдаспанға балаймын.
Ар тұтуға жараймын,
Қайран, Дулат бабамыз!

Сарыарқаның самалы –
Бізғырық емес, саумал-ды.
Ұрса да дауыл алапат
Ұрпағың, міне, сау қалды.
Берсек те бәрін – мал-жанды,
Бұйрықты ғұмыр – болжалды.
Үзілген үміт жалғанды,
Өзіңе дұғам арналды.
Тәуелсіз елің қаз тұрды,
Тірлікте мынау аз күндік,
Тәу еттік келіп басыңа,
Қайран, Дулат бабамыз!

ЖОЛ ЖЫРЫ

Шертер сыр, ән дайында,
Сапарға келістің бе?!

Жолдастың қандайын да,
Танысың жол үстінде!

Жол сазы тербеп кейде,
Кеуденді күй кернейді.
Жолықсаң бірбеткейге,
Үйретер, үйренбейді...

Көңілге нұр, жаз қонса,
Көктемдей күз ұнасын.
Серігің сырбаз болса,
Сен-дағы сызыласың.

Көңілде алаң болса,
Жүрекке жүк артады.
Жолдасың сараң болса,
Қалтаңды жұқартады.

Құрдасың қамшы болса,
Қызықтан құр қалады.
Серігің әнші болса,
Дүние нұрланады.

Көнекөз көпті көрген,
Шежіре қоймасы нақ.
Сөз мерген – текті мерген,
Құрады ойға сынақ.

Қорқаққа қос көрінер,
Жапанда жалғыз тал да.
Жол шарты ескерілер –
Жападан жалғыз қалма!

Жол сыншы жолаушыға,
Жолдасың – тағдырласың.
Жолықпа тонаушыға,
Қу басың қаңғырмасын!

Жол бойы нар қамыс па,
Жол бойы қара ағаш па?!
Сезім-ай арпалысқан,
Асаудай ала қашқан.

Қолыңа құс қонады,

Айырып еркіңнен де.
 Ұзақ жол қысқарады,
 Әңгіме шертілгенде.

Мырзалар мархабатты,
 Елміз ғой астыққа бай.
 Жағалап жарқабақты,
 Асудан астық талай.

Жолайрық жат ете ме,
 Алдыңнан күтеді не?!
 Қиырға әкете ме,
 Кенеттен бітеді ме?!

Қайтесің көнбегенде,
 Алмасқан маусым ба сын?!
 Жолаушы сен де, мен де,
 Жол жыры таусылмасын!

КӨК ЕШКІ ТУРАЛЫ...

**Кешкігұрым ешкі көрдім. Көк ешкі.
 Бұған дейін бұл ауылда жоқ ешкі.
 Ішіп-жейді екен көзі кісіні,
 Бір көргенде денем суып-ысыды.
 Мүйізі бар, құлағы жоқ. Мүсіні –
 Құмырысқа бел келіншектен аумайды.
 Қос жанары төңкеріліп аунайды,
 Қимылымен, қылығымен баурайды,
 Саусағының ұшында от жылтылдап,
 Жанарында жұлдызды аспан аунайды.
 Көрінбейді соңына ерген ылағы,
 Тастан тасқа секіретін шұнағы.
 “Қысыр қалған екен ғой” деп түйдім ой,
 Қысыр қалған талай ойлар күйді ғой.
 Көк ешкінің көзі де көк көрінді,
 Көк көз көрсем білмеймін не дерімді,
 Бояп апты жұқа қаймақ ерінін...
 Кел деуге де, кет деуге де ыңғайсыз,
 Бастан халді кештіңіз бе мұндай сіз?!
 Жақындады маған енді көк ешкі,
 Күн кешкірген. Қызыл іңір. Көмескі.**

Иегімен нұсқап жақын дөңесті,
 Әлдекіммен күбір-күбір кеңесті...
 Сол белгісіз кеңескенде не десті...
 Өң мен түстің арасында мен өстіп
 Тұрғанымда, ештеңе де айта алмай,
 Сол көк ешкі сықылықтап сайтандай
 Күлді дейсің... Ішін басып күледі...
 Күлген кезі күндіз емес, түн еді...
 Мұның жайын, бәлкім, ешкім білмейді,
 Мұның сырын, бәлкім, біреу біледі...
 Өтіріктің мұнарасы шың емес,
 Қараңғылық қамаса да түн емес.
 Шырайы жүз құбылатын сол ешкі
 Шыныменен болып шықты күлегеш.
 ...Кешкігұрым көк ешкі боп көрінген.
 Көршілерден сұрап көріп едім мен,
 Ешкі де емес, Ешкім емес, Құр Елес!..

БАЛ АШТЫРУ

Өмір ұқсап тұманға,
 Көңіл толды күмәнға.
 “Болам ба, – деп, – бақытты?” –
 Бал аштырдым сығанға.

Сыған кемпір сырғалы,
 Сонда тамақ қырнады.
 Санамалай жөнелді
 Ненің күтіп тұрғанын...

Сыған көзін қысады.
 Даламның кең құшағы.
 Текті ата-бабамнан
 Жүреді екем күш алып!

Сыған қабак түйеді,
 Ақ таяққа сүйеніп.
 Бойымдағы борышым –
 Сақтай алсам киені!

Жолға жиі шығамын,
 Берік төзім, шыдамым.

Көрем өмір қызығын
Сөнгенінше шырағым.

Оқ қағарым тағы бар,
Дос, дұшпаным табылар.
Толқымалы мінезім –
Тез жанып, тез жалығар!

Өліп-өшіп сүйгенмін,
Суынғанмын, күйгенмін...
Өзгелердей өлшеммен
Өмір сүруді үйрендім!

Анашым бар алаңдар,
Қос қанатым – балам бар.
Мені баурап алатын
Бір сиқырлы ғалам бар!

Алда жүрер жол қанша?
Тоқсанға жас толғанша!
Өмірсерік қара қыз –
Қара кемпір болғанша!

Тасып жүрген “бөрене”,
Құмырсқаны бөгеме.
Баста тұрса дәуренің,
Дәулет деген немене?!

Өмір екі келе ме,
Қиындықты елеме.
Баста тұрса дәуренің,
Байлық деген немене!?

Шүкіршілік бұған да,
Серпіледі тұман да!..
...Дем берер деп осылай
Бал аштырдым сығанға!...

БҰРҚАҒАН ЖЫРДЫҢ БҰЛАҒЫ

Бұқар жырау дегенде –
Бұрқаған жырдың бұлағы,
Бұлқынған сезім пырағы,
Бұлағай дәурен тынысы,

“Бұтақты мүйіз бұғысы”.
 Бұрылып ұшқан үйрегі,
 Бозыда қалған түйнегі,
 Бағзыдан ақыл тосқаны,
 Байлардың басын қосқаны,
 Батырдың қобыз тыңдауы,
 Билердің шешкен құн дауы.
 Бозторғай болған бақыты,
 Базары көшкен уақыты,
 Байдалы тудың иесі,
 Басалқы сөздің жүйесі –
 Бір елестер көзіме!

Бұқар жырау дегенде –
 Буыршын мұзға тайғаны,
 Баршынның ақтық айбары,
 Бағаналы орда байсалы,
 Боз үйдің жақсы, жайсаңы,
 Береке берер беделі,
 Белгітасқа ойған бедері,
 Бегімсал бешпент, бөстегі,
 Боталы інген көштегі,
 Болжаусыз ғұмыр кешкені,
 Болжағыш абыз, данасы.
 Бітіспес билік таласы,
 Бұғаудың үзген шынжырын,
 Бурылдың ұстап шылбырын,
 Бұлан сан оғлан мінгені,
 Бүркіттің түлкі ілгені,
 Барлығын көзбен баққаны,
 Баянсыз тағдыр қақпаны –
 Бір елестер көзіме!

Бұқар жырау дегенде –
 Бұйдасыз асау қара нар,
 Бұйырғын белді аралар,
 Боз мойын құстың ұясы,
 Боз жартас, құздың қиясы,
 Боқырау түссе бұлданып,
 Бас изер қамыс ырғалып,
 Бірігу керек және де
 Бөліну деген немене.
 Бұл қауіп кетсе ұлғайып,

Байсынға қолды бұлғайық.
 Бұдан да өткен қорлық жоқ,
 Бауарға түспей зорлық жоқ.
 Бекер ме бұлай болары,
 Белгісіз қайда қонары.
 Бұқпалап келіп бас салар,
 Басына жастық жастанар,
 Бауырың бүтін, бар күрес
 Бостандық үшін басталар.

Бетеге, жусан белінде,
 Береке болсын еліңде,
 Батырлар жортқан құба бел,
 Барады көшіп шұбап ел –
 Бір елестер көзіме!

Бұқар жырау дегенде –
 Байсалды ойдың теңізі,
 Бұқара мұңы негізі.
 Бұзылған сеңдей жырлары,
 Бұлғақты кезең ырғағы,
 Бойсұнған ханы, қарасы,
 Бір жұмбақ іште жарасы,
 Белдеуде тұрған тұлпары,
 Бейбарыс баба ұрпағы,
 Балдақты тұғыр қонғаны,
 Бір имек садақ жонғаны,
 Боздақтар шері шерткені,
 Бейдауа сағым ерткені,
 Бидайық көлдің жағасы,
 Бір сары өзен сағасы,
 Барлық батырдың ағасы,
 Барлық ақынның ағасы,
 Басын бұлт шалмас Ақсеңгір –
 Баба Жырау –
 Бір елестер көзіме!

БАУЫРЫ АЛТЫН ЖЕЗ КЕМЕ

Болған соң құмар күнгейге,
 Баурайтын болар мұң кейде,
 Бекеттен алыс қол бұлғап,
 Белгісіз бұлғақ бір бейне.
 Бойсұнған халді жөн көрмей,

Сергелдең кешіп сенделмей,
 Балынан татып қызықтың,
 Бақытқа бірақ теңгермей,
 Олай да бұлай кезде де,
 Кесірің тимей өзгеге.
 Толқынмен асау алысып,
 Бауыры алтын жез кеме.
 Жыраққа жалғыз жол ұстап,
 Жүрекке арман қоныстап.
 Болжаусыз күндер жақындап,
 Бодаусыз жылдар алыстап,
 Өмір сүріп жүрміз бе?

Балалық шақтың ауылын,
 Базарлы шақтың дауылын .
 Сағына сыздап жүрегін,
 Селдете төгіп жауынын .
 Аз демей шаттық, көп демей,
 Шеңбермен ойды шектемей.
 Ширыққан тұста үлкен дау,
 Шешімін күтіп шеттемей.
 Ентелеп кетпей еңісте,
 Емпелеп кетпей теріске.
 Әділет барда әйтеуір,
 Сенімді болып жеңіске.
 Еңсеңді тіктеп әрдайым,
 Еңсеріп жүкті нардайын .
 Адалдық барын айғақтап,
 Алғашқы жауған қардайын .
 Құлқының үшін қайдағы,
 Көздемей ұсақ пайданы.
 Тірліктің мәнін түсініп,
 Жығылмай күрес байрағы,
 Өмір сүріп жүрміз бе?

Тұнығын аңсап тұманың,
 Тұманды серпіп бұл әнің.
 Дүниенің айкай -шуына,
 Үйреніп әбден құлағың.
 Төзесің, – деуден, – шырағым.
 Таусыла жаздап шыдамың,
 Сөндіріп алмай сонда да,
 Үміттің әлсіз шырағын .

Бұзылып кетіп жоспарың,
Бұрылып кетіп достарың.
Боламыз бірге дескендер,
Бөлектеу тігіп қостарын .
Бұлттанып кенет аспаның,
Бұлыңғыр тартып асқарың.
Жабырқап жалғыз қалғанда,
Бір жұлдыз жанып қас қағым.
Болашақ жайы мазалап,
Тозанды тұтқан тазалап.
Бойынан биік ойы бар,
Болсам деп адал азамат,
Көлеңке қумай сағалап,
Жар басып жүріп жағалап.
Жеткізер түбі мақсатқа,
Арманды асыл бағалап,
Керуен күндер үдеріп,
Көшкенде тұрмай түнеріп.
Тосқауыл тұрса талқандап,
Тұйыққа қалмай тіреліп,
Беліңді бекем буынып,
Сағымға аппақ жуынып,
Бәлкім, тым ерте есейіп,
Бәлкім, тым кештеу туылып,
Өмір сүріп жүрміз бе?

Өнеге көріп ұянда,
Көзіңді тігіп қиянға.
Көбелек қуған көп күндер,
Айналып енді қиялға.
Алғаусыз доспен туысып,
Арзымас жанмен суысып,
Қиянат дейтін құрғырды,
Қайдан да болсын қуысып.
Бас пайда демей есепті,
Майдалай бермей кесекті,
Бората бермей бос сөзді,
Тарата бермей өсекті,
Сананды ойлар кеміріп,
Қабырғаң сонда сөгіліп.
Ақ қағаз болып сырласың,
Алапат сезім төгіліп,
Қайтарып жеке қарызды,
Орындап ортақ парызды,

Бал-шырын жинап ерінбей,
Бейнетқор ара тәрізді,
Біреуге беріп қолұшын,
Дәметпей ақы сол үшін,
Адамға адам жолдас деп,
Дәлелдеп ылғи соны шын.
Билікке жетсе қолымыз,
Бедел деп ұқпай соны біз.
Бас шұлғып тұрса ойланып,
Оңымыз бенен солымыз.
Тоқсан бір тарау жолымыз.
Табылмас, бәлкім, жоғымыз.
Соңымда қалса екен деп,
Сонарға түскен соны із.
Жанарға кейде жас тұнып,
Жаралы сөзге бас тігіп,
Ғажайып көктем шақырып,
Ғашықтық дерті асқынып,
Жақсының бәрін дос көріп,
Жалғыздық барын ескеріп.
Аңдаусыз келер ақырын,
Ажалдан аздап сескеніп.
Ақ сүтін ақтап ананың,
Ақылын тыңдап дананың.
Халықтың бағы деп ұғып,
Дамуы ұлттық сананың.
Жаршысы болып жаңаның,
Уақыттың танып талабын.
Өлшеусіз сенім оятып,
Өзгерген мынау заманың –
Өмір сүріп жүрміз бе?

Тұңғыық тартып білімің,
Тірлігін танып тірінің.
Есейген сайын қымбаттап,
Қадірі қазақ тілінің.
Кеуденді дауыл күй керіп,
Тарихтың тыңын игеріп.
Тереңге тамыр тартудың,
Тектілік заңын үйреніп.
Ардақты халық ұлдарын,
Асыра сілтеу құрбанын,
Ақтауға ұрпақ парызы,
Аманат артып тұрғанын,

Арнасын өзен бұрғанын,
 Қаймықпай бүгін дәлелдеп.
 Ақиқат билік құрғанын.
 Бағалай біліп ар құнын,
 Бояуын ашып әр күнің,
 Жұртыңа жедел жеткізіп,
 Жазықсыз жандар зар-мұңын.
 Жаланың тежеп қарғынын,
 Ақтарып сырын арғының.
 Бейнесін ашып бергінің,
 Жария жасап барлығын
 Өмір сүріп жүрміз бе?

Көкейде жүрген көп тілек,
 Өзекті өртер отты леп.
 Жегілмей өгіз қамытқа,
 Кетуді аңсап көк тіреп.
 Езіліп сонда ет жүрек,
 Елеусіз ғұмыр өтті деп.
 Еңсегей елдің ұлдары,
 Ерге де қонған ептірек.
 Даланың жырлап кеңдігін,
 Қалада өтіп кемді күн,
 Апару үшін ертеңге,
 Аударып алмай ел жүгін,
 Тыныстап адал еңбекпен,
 Өткізбей өмір ермекпен .
 Қалдыру үшін қолтаңба,
 Өзгеше нақыш-өрнекпен
 Өмір сүріп жүрміз бе?

Өзіңе іштей үңіліп,
 Өңезе жаннан түңіліп.
 Асуы қиын өткелде,
 Арыңа ғана жүгініп,
 Асырсам демей айланы,
 Жасырсам демей айнаны.
 Отырған шақта шарасыз,
 Оқылып ғұмыр байламы.
 Жапырақ жаяр жас талды,
 Қорғаудан таным басталды.
 Ақылға құрмет көрсетіп,
 Асылға балап жастарды.

Алабұлт шалмай аспанды,
 Арнаға салып тасқанды,
 Айыпты санап жазғырмай,
 Ата жұрт ауып босқанды.
 Тағдырға талай өткелек.
 Тартыстың жөні көп бөлек,
 Күдері кезең куәсі,
 Кездесер бәлкім бетпе-бет.
 Жүретін жолды саралап,
 Жаныңды кейде жаралап.
 Кешегі тарих – ақтаңдақ,
 Бүгінгі сабақ – Қарабах.
 Тіліңді тұтып өнеге,
 Балға боп қисық шегеге.
 Балаңа күнде ұқтырып,
 Биіктің құны немене.
 Жайыла түсіп кереге,
 Тағдырға тартпай жеребе.
 Туыстық жайын түсініп,
 Танымға биік өреде,
 Өмір сүріп жүрміз бе?

Беймаза мынау ғасырда,
 Болмай-ақ сыры жасырған .
 Тағдырын ойлап адамның,
 Басынан заман асырған,
 Бөлінбей түрге, нәсілге,
 Жер шарын ұстап өсінде.
 Бой ұрмай “соғыс ойыны”,
 Болатын сұмдық тәсілге,
 Жаңару жырын тындатып,
 Тұтылып тұрған күн батып.
 Ұтылып қалмай уақыттан,
 Ең алғы шептен үн қатып.
 Ұршықты талай зырлатып,
 Уақытты алмай ұрлатып.
 Жырақтай түсіп бір қайғы,
 Жуықтай түсіп бір бақыт.
 Адамзат үшін алаңдап,
 Қалмауы үшін арандап.
 Жоймауы үшін тірлікті,
 Жалынның тілі жалаңдап.
 Қарсылық үні дабылдап,
 Саябыр таппай дамылдап.

Осының бәрі – барлығын,
Жүрекпен ғана қабылдап,
Өмір сүріп жүрміз бе?

АТА-БАБАМЫЗДЫҢ АРМАНЫ ЕДІ

Ата-бабамыздың арманы еді –
Тізгінін ұстап елдіктің,
Тұтқасын тауып теңдіктің,
Тәуелсіз ел боп танылу!
Темір құрсау қыспағынан арылу.
Тарихтың керуен көшінде
Тайталасты тағдыры өткен төсінде.
Талай да ғасыр зарыққан,
Тарыққан, кейде торыққан,
Тек қорықпаған дұшпаннан,
Текті ұрпағы тепсініп,
Туырлықтай жерін қорғар дейтін
Ұлы Даланың!

Қарға тамырлы қазақтың
Қашанғы мұңы – азат күн!
Қидасында намыс қайраған,
Қантөгісте жауы жайраған,
Қабырғасы сөгілгенде қыңбаған,
Қайғыдан иілсе де сынбаған.
Қаратаудай қабарған шағында
Қайран зары “Елім-ай!”-ды тыңдаған.
Қолдарына қыран қанатты ту алып,
“Қазақ елі –Тәуелсіз!” деп қуанып,
Қалың жұрт тұтасса дейтін еді
Қара ормандай!

Ата-бабамыздың арманы еді –
Ардақ тұтар ханын, дарасын,
Ажыратар ақ пен қарасын,
Айылы төсіне батқан ат мінген,
Алтыны ішінде жатқан сөз айтқан
Арыстарын аяқтан шалдырмау,
Ара ағайынның табасына қалдырмау,
Алыс-жақынға бетке ұстар айбары
А-нау итжеккенге кеткенде айдалып,
Алапасын асыра алмай, қайғы алып,
Азайып сүт бетіндегі қаймағы,

Арқаның құба жоны қаңырап,
 Ақ шашты ана жоқтау айтқанда аңырап,
 “Ай, заман-ай!” деп аһ ұрған,
 Абылайдың аруағын шақырған
 Асық атып жүрген ұл
 Ат жалын тартып мінгенін көрдік!

Ата-бабамыздың арманы еді –
 Жағаға дұшпан қолы тимеске,
 Жазықсыздан бекер күймеске,
 Жолбарыс жүректі қазаққа ұл керек,
 Жер-жаһанға мәлім болған бір дерек:
 Желтоқсанның ызғарлы күндері әлі есте,
 Жауыздықтың жеті басты қызыл айдаһарынан
 Жеңілген жоқпыз егесте!

Жүздеген жылдарға созылған
 Азаттық аңсаған күрестің біл мәнін!
 Жоқтаймыз Желтоқсан құрбанын,
 Жазамыз Азаттық жырларын.

Жетсек біз тәуелсіз бұл күнге
 Жадыдан шығару мүмкін бе,
 Желтоқсан жастары жамылып мұз-қарды:
 “Азаттық!

Азаттық!

Азаттық үшін!” деп

Жаһанға жар салып тұрғанын!
 Жоқтаймыз Желтоқсан құрбанын,
 Жазамыз Азаттық жырларын!

«ТЕРІСКЕЙ» . ШӘМШІ. САБЫРХАН...

Кемпіршуақ. Сары күз. Сарыағашта,
 Қиял да жоқ қиянға ала қашқан.
 Қара ағашқа қонақтап бір топ торғай,
 Арыз айтып сайрайды бар Алашқа.

Аспан ашық. Жел де жоқ. Желемік те.
 Табиғат бұл жүгінбес төрелікке.
 Жалт қараған ару қыз ұқсап кетті
 Жәудір жанар бейкүнә сол елікке...

Әуелеткен ансамбль Шәмші әніне,

Ұмытасың елітіп, шаршадың не?!
 Маңып кеткің келеді бұлтқа еріп,
 Мағынасыз қол сілтеп барша күнге.

Әнші жігіт басқанда «Теріскейге»,
 Әлеуметпен арманын бөліспей ме?!
 Теріскей мен күнгейге Қазақ елі,
 Түгел сыйып тұр десек, келіспей ме?!

Кәріні де, жасты да ән тербеді,
 Ән-теңізде көтеріп желкендерін,
 Ақ кемелер жүзгендей, би басталды,
 Қыз-бозбала жұптасып көркем, керім.

«Теріскей, айналайын, келбетіңнен!»,
 Талай жерде отырдым төрде кілең.
 Кіндік қаның тамғаннан артық мекен
 Іздесең де таппайсың жер бетінен.

Теріскейден күнгейге самғады ән,
 Ән құтқарар тағдырдың қармағынан.
 Өлең мен ән – өмірдің мағынасы,
 Артық нәрсе ал енді бар ма бұдан?!

«Теріскей» ән тым ұзақ қалықтады,
 Жұрт та ұйып тыңдаудан жалықпады.
 Шәмші қалай сыйғызған осы әнге
 Сағынғанын, сүйгенін, зарыққанын?!

Толқып-толқып басылды ән, ырықты алды,
 Қашқан сезім қаншама құрықталды.
 Жақын келіп әншіге бір кейуана
 Алғыс-рахмет жаудырып тұрып қалды.

Әлеуметке содан соң бұрылды да:
 «Көз жіберсем өткенге, бұрынғыға,
 Бәрі кеше болғандай, күні кеше!..» -
 Деді де бет сыйпады ырым қыла.

«Шәмшіні көзім көрді, тілдестім де,
 Сабырханмен дос болды бір бес күнде.
 Солар тірі болғанда осы қазір
 Ортасында жайрандап жүрмеспін бе?!

Сабырханның жарымын, шырақтарым,
Осы ән болды әлгінде ұнатқаным.
Сарыағаштың суынан шипа іздеп,
Кәріліктің аулына тұрақтадым.

Тұңғиыққа Ай батып, Күн шығады,
«Теріскейді» тыңдап ем, тыншымадым.
Тіпті, қазір, байқамай қалыппын ғой,
Тамшы жастың көзімнен ыршығанын.

Еске алдым оларды, бәлкім, жүдеп,
Әннің даңқы барады әр күн үдеп.
Қуанғанын көріп ем екеуінің:
«Халық айта жүретін ән туды!» – деп.

Арқалаумен өтті олар көп тілегін,
Бұл күнге де ғұмырым жетті менің.
«Теріскейде» Шәмші мен Сабырханның
Махаббаты теңдессіз деп білемін!

Шипалы су тәніңді емдер, бәлкім,
Шын талантты өмірге берген халқым.
Асылдардың соңында ән қалады,
Әкетпейді бақиға теңдеп алтын!».

Ауытқымай әңгіме желісінен,
Жаңылмаған жан екен өрісінен.
«Атыңыз кім, апа?» – деп сұрап біреу,
«Шолпан!» – деді бір адам топ ішінен.

Күз қоймайды алманың піспесіне,
Құлап келе жатыр-ау түс бесінге.
Сабырхан Асановтың бір томдығы
«Шолпан» деп аталғаны түсті есіме!

18.10. 2013 ж.

ҚҰС ТҰМАУЫ

Қара суық өктем,
Қалай мына көктем.
Хабаршысы жылдың,
Құстар қайда кеткен?!

Таңдар атып бозаң,
 Көкке қолым созам.
 Қорқа қарап тұрмын,
 “Құстың жолы” – тозаң!

Самал ессе майда,
 Салар түрлі ойға.
 Құрақ ұшқан көктем,
 Құстар әні қайда?!

Құлақ тұнған шудан,
 Қайда қызық, думан...
 Құштарлығым өлген,
 Құстарды кім қуған?!

Хаққа қиын ұнау,
 Хакім сауал мынау:
 Қысқан қандай зауал –
 Құсқа тиген тұмау?!

Қалтыратып ызғар,
 Арқа-жотам мұздар.
 Құстар келмей күткен,
 Қамкөңілді қыздар...

Халық естен танып,
 Абыржулы анық.
 Шалқар көлдер жетім,
 Шекаралар жабық...

Тауып түрлі зиян,
 Қалай, қайтіп қиям.
 Қараторғай қонбай,
 Қаңырап тұр ұям!

Аспанды бұлт торлай,
 Ақырзаман орнай...
 Аққу, қаздар көлге,
 Қойса, қайтем, қонбай?!

Батырады зарға,
 Басқа бір ем бар ма,
 Сұңқылдаса байғыз,

Қарқылдаса қарға...

Қайран, уақыт, дүлділ,
Сынаптайын сырғыр.
Сайрамаса қайтем,
Бақтарға кеп бұлбұл?!

Қаңқу сөзге ермей,
Тарттым сырнай, керней...
Зарықтырса қайтем,
Қарлығаштар келмей?!

Бұлыңғыр бұл күнім,
Қапырық бұл түнім...
Бозандағы аңсап,
Бозторғайдың үнін!

Қара хабар ұшты,
Қалың тұмау құшты.
Қауіптенген елдер
Қырып жатыр құсты!
Қырып жатыр құсты!..

МАҒЖАННЫҢ МҰҢЫ МҰНАР

«Барады үдеп бұл боран...».
Мағжан.

Мен – Мағжанның мөрімін,
Мәрт көңілдің төрімін.
Түрік тегім тектесем –
Алтай, Тұран төлімін.
Алаш зарын толғасам,
Айға ұлыған бөрімін.
Қызыл қанға құныққан
Қорқаулардан жерідім.
Құлы болсам деп едім
Ұлы Қазақ Елінің!

Мен – Мағжанның мұңымын,
Жел тараған тұлымын,
Маң даланың ұлымын,

Таң тербеген ұғымын.
 Көзге бірден шалыным
 Мүйізіндей бұғының.
 Алаш десе үзілер
 Тұтас жүйке, жұлыным!

Мен – Мағжандай зарлымын,
 Ұқтым зарын арлының.
 Сүйдім туған елімді,
 Ұлан байтақ жерімді,
 Күнін, түнін, таң нұрын,
 Тауын, тасын – барлығын.
 Айта-айта шерімді
 Даусым қалды қарлығып!

Мен – Мағжандай жалқымын,
 Бөліп алдым бояудан –
 Батар күннің жалқынын!
 Бостандық деп боздадым,
 Бар қайғыны қозғадым.
 Отар сана омалтып,
 Құрып кете жаздадым...
 Мен қайтадан ояндым,
 От-жалындай маздадым!

Мен – Мағжандай беренмін,
 Тұңғиықпын, тереңмін.
 Ұлт мүддесін ұмытсаң –
 Көрсөқырмын, кереңмін.
 Санаменен сарғайсаң,
 Сарыарқаның самалын
 Саған сыйға берермін!
 Ұрпақ үшін ұйыссаң
 Күн боп, Ғүн боп келермін!

Мен – Мағжанға бауырмын,
 Маржан жырмен «ауырдым».
 Жусанымын Даламның,
 Бөлшегімін Тауымның.
 Жауы болса бақасқан
 Қазақ дейтін қауымның,
 Бәрін жайпап өтетін
 Мағжан – Жырмын,
 Дауылмын!

2017 ж.

ӘЛҚИССА – НҰРҒИСА

Алматы. Вокзал маңы. Қызыл іңір,
Теміржол – көшіп жатқан ұлы дүбір.
Пойыздан түскен Ахмет Жұбановқа
Бәрі таныс қарбалас, дабыр-дүбір.

Дүбірден саз аулады, ой аулады,
Перроннан естіледі аяулы әні...
Тыныстап таза ауамен жүрейін деп,
Жаяулап көше бойлай аяңдады.

Шаршапты доңғалақтар дүрсілінен,
Күмбірлеп кеудесінде күлсін өлең,
Сыбдырлап жапырақтар сыр айтады,
Ырас-ау табиғатты жыршы деген.

Күй сазы құлағына шалынады,
Ақ қайың жақұт сырға тағынады.
Теректер тамылжытып ән шырқаса,
Тылсымнан жан дауасы табылады.

Аханды тағы да бір ой шырмады,
Қаланың құшақ ашып ойшыл бағы,
Соңынан қуып жеткен секілденді,
Сапарда бір тыңдаған қойшы әні...

Ғажайып бүкіл әлем әндетеді,
Ертеңге сәлем жолдап ән жетеді.
Бұл қазақ әнмен көңіл тербетеді,
Бұл қазақ күймен жанын емдетеді.

Кім болжап қояр дейсің күнді ілгері,
«Жазмыштан озымыш жоқ», бір білгені.
Дүние сыры осы дегендей-ақ,
Домбыра бір қапталдан күмбірледі.
Бүйірде жатаған үй, шолақ көше,
Үйлері келетіндей қорап десе,
Құлып жоқ есігінде ешбір үйдің,
Жатады айқара ашық қонақ келсе.

Домбыра бебеуіне құлақ түріп,
Селт етті күй шалысын сынап тұрып.
«Осы ғой іздегенің!», Жүр-жүрлейді
Шақырып дәл іргеде шырақты үміт.

«Көрейін кім де болса, тілдесейін,
Керемет күй әсерін бір кешейін.
Болжамын күймен өрген абыз шығар,
Белгісіз бар ғұмыры бізге шейін...».

Ахаң сол тоқал тамға жақындады,
Күй шалқып, лақылдады, лапылдады.
Көрді ол жатаған үй төбесінде
Сарбала қалқан құлақ отырғанын.

Таяу кеп тыңдап тұрды үй қасында,
Келтіріп иірімін, ұйқасын да...
Сарбала домбырасын бебеулетті,
Қос ішек түсті талай қидасынға...

Қарайды қалқан құлақ балақайға,
Үйретіп мінгендей-ақ ала тайға,
Домбыра құлағында ойнап отыр,
Қиқулап, дүбірлетіп, алақайлап.

Қарайды қалқан құлақ балақайға,
Балақай оңқай емес, солақай ма?
Қиюын қалай тауып жеткізеді
Түскенін тағдырдың хан-талапайға...

Келтіріп оң бұауын, сол бұрауын,
«Көрұғлы», «Қайран, шешем», «Балбырауын»,
«Би күйі», «Кісен ашқан»... төгілтеді,
Аулаға көрші-қолаң толды қауым.

Тұрғандай тай кезінен тұлпар танып,
Ахаң сол көршілерден сыр тартады.
«Аумаған әкесінен домбырашы!»,
«Пау, шіркін! Құмарымыз бір тарқады!».
«Шешесі елден асқан әнші мұның,
Төгетін тамағынан тамшы мұның!»
«Әкесі мұратына жете алмады,
Шоп-шолақ шолтаң етіп қамшы-ғұмыр!».

«Бір белгі осы шығар қалған деген,
Таласқа түспесек те талғамменен,
Тартып жүр келістіріп Тілендінің
Бір күйін аһ ұрғызар «Арман» деген...».

Шешесі шықты үйден шелек ұстап,
Сөзге де болса керек зерек ұста:
«Түбінде әке жолын жалғар осы!»,
Тұрғаны аңғарылды неге нұсқап...

Ахаң сол анасынан сұрап білді,
Алдында Сарбаланың сынақ тұрды.
Он үште. Әкесі жоқ. Өнері бар,
Әлі жас. Ұстаз тұтар бірақ кімді?!

«Жас бала қол қусырып отыра ма,
Дарын да жол таппаса тоқыраған...»
«Баулып жүр жаттықтырып әр күн сайын,
«Боксшы боласың!» деп Шоқыр*¹ аға.

«Боксшы, домбырашы – бөлек ұғым,
Байлаймыз бағын ерте неге мұның?!
Жігіттер жұдырықты қазақта көп,
Өнер деп құлшынып тұр ерек ұлың!».

«Көрсем деп осы ұлдың оқығанын,
Жадына ілім-білім тоқығанын,
Өмірден өтті әкесі жанып тұрып,
Жамылып жатыр әне топырағын!...»

Осының бәрін тыңдап салмақтады,
Айтады жылы сөзін арнап тағы.
Ахаңның жүрген кезі алдын-ала
Жастарды оркестрге таңдап, танып.

«Талантты танытуға тарынбаймыз,
Хас өнер қонған екен, жаңылмаймыз.
Музыкант болар түбі, балаңызды,
Музыка мектебіне қабылдаймыз!»
Жолаушы дәм татқан соң аттанған-ды,
Анасы мен баласы аң-таң қалды.
Уәдешіл адамға ұқсамайды,
Уәжіп қып тұрған жоқ мақтанғанды.

Бір үміт бұлаңдады, сағымданды,
Осы шығар дейтіні: «Бағың жанды!»
Сары бала қалқан құлақ көп ұзамай,
Музыка мектебіне қабылданды.

Тастүлек шаңқылдайды тұғырында,
Күй –керуен, көшпенділер ұғымында.
Сары бала өнеріне өріс ашқан
Аханды ұстаз тұтты ғұмырында.

Ақиқат өнер таңдап қонатыны,
Ағашты шебер ғана жонатыны,
Ахаңнан бата алған сол сары бала –
Нұрғиса Тілендиев болатұғын!

Өрісін өнерпаздың халық танып,
Жас қыран зау биікте қалықтады.
Орынын өнерімен анықтады,
Әлқисса – Нұрғиса боп қалып қалды!

22.01.2017.

БІР СУРЕТ – БІР СЕРКЕШ

немесе Мұқағали туралы телехабардың хикаясы

Көшкен сендей уақыттың ырғағы...
Мың тоғыз жүз сексенінші жылдары...
Телехабар дайындаушы ек тер төгіп,
Шешсек дедік өмірдің көп жұмбағын.

Жалындаған жаспыз әрі аңғыртпыз,
От пен суға түсіп кетер албыртпыз.
Құсман аға Игісінов – басшымыз,
Қарғы десе, құз-жартастан қарғыппыз.

Мерекеде сабыр басым, салмақты,
Нұртілеудің сөзі ұшқыр, жан-жақты.
Тілеуханның ойы терең, астарлы,
«Өлең-өзен» бағытын мен таңдаппын.

Хабарымыз мінезіміз тәрізді,
Сауал қозғап, жауап іздеп маңызды,

Төрт сарбазға Фатима апай көшбасшы,
Айналдырған ақиқатқа аңызды.

«Алтыбақан», «Арай», «Дидар», «Әдептен
озбайық!» – деп жұрт жаңалық дәметкен.
Ашса дейміз телехабар шырайын
Журналистік әбжіл шешім кенеттен.

Өзіңді тап, өткел ізде, бақ сына,
Құсман аға қуанатын жақсыға:
«Мұқағали туралы бір «Арайды»
Дайында!» – деп берді маған тапсырма.

Мұқағали – мұзарт ақын, музамыз,
Мұнар кешіп, соңына ерген жүз аңыз...
Ең алдымен, хабарға кім қатыспақ,
Жоспар жасап, сценарий сызамыз.

Мұқағали иығында тұр Қасым,
Бастан кешкен өмірде көп бұрқасын...
Бір өшіріп, бір көшіріп ақыры,
Ыңғайладым сценарий сұлбасын.

Әбділда ақын – тайдан тұлпар таныған,
Лашын жары – ер намысын жаныған,
Фариза қыз – ақын өлең арнаған,
Әбдіке дос – балалық шақ жағынан.

«Өмірдастан» – оқитынбыз жастанып,
Отты өлеңмен біз хабарды бастадық.
Жатқа оқыды Мұқағали жырларын
Жібек пен жас ақын Ерік Асқаров.

«Онда не тұр...» салғырт жандар ойынша,
Жұтып жатыр көк экран жайынша...
Фариза ақын хабарымды жүргізіп,
Таң қалдырды, «сценарий бойынша».

Бөліп жеген түйір шақпақ қантты,
Әбдікенің сөзі есімде қалыпты...
Қоңыр күзде Қарасазға бір күні
Фотограф жігіт келе қалыпты.

Жүдеу ауыл, жадау көңіл, жоқ-жітік,

Жылау-сықтау, арыстарын жер жұтып,
Соғыс сызы қалтыратқан ауыл бұл,
Боздақтары оралар деп, ел күтіп.

Иығында фотоаппарат дорбасы,
Мәстек аты, шиқылдаған арбасы,
Сурет тартып фотограф ел кезді
Бала-шаға арбасына жармасып...

Сурет үшін біреу үйрек, қаз берді,
Біреу көптеу, енді бірі аз берді,
Қорапшасы толған сайын арбаның
Фотограф мың құбылып өзгерді...

Бар құдірет фотограф қолында,
Бар игілік төселеді жолында...
Мұқағали мен Әбдіке – екеуі
Күні бойы салпақтады соңында.

Бүлкілдейді Қарасаздың ояңы,
Білінбейді мәстек шобыр аяңы.
«Екуінді түсірем, – деп, – суретке!»,
Фотограф емексітіп қояды...

Соныменен күн құлады бесінге,
Орынтақ қып бір дөңбекті кесілген:
«Үйлеріңде не бар, – деді, – ақыға?»,
Фотограф алды-дағы есінеп...

«Бүгін қайтам, бір айдан соң келемін,
Ал, айтыңдар, болса менде керегің?!» –
Үйде тышқақ лағы жоқ Әбдіке
Күмілжиді білмей сонда не дерін...

Баста қиял көшкен бұлттай шұбалды,
Таусып, әбден, түгесті ме шыдамды:
«Біздің үйде көк серкеш бар!» деп сонда
Мұқағали Айды аспанға шығарды.

...Көк серкештің дауысы қалды құлақта,
Фотограф кетті аттанып жыраққа...
«Мына сурет содан қалған бір белгі!», –
Деп Әбдіке күліп отыр, сынап та!..

«Көрген талай қаңтар менен ақпанды,
 Мұқағали мәрт еді!» – деп мақтанды.
 Екі достың бала күнгі бейнесі
 Экранды тұтас алып жатқан-ды.

Сарғыш сурет бір серкештік құны бар,
 Жоқшылықтың зарын тартқан мұны ұғар,
 Күрсіндіріп, көкіректе шер қозғап,
 Көрермен де ой кешуге ұрынар...

Бұған жалғас бір ілмешек тағы бар,
 Біткен іске сыншы да көп табылар.
 Біреулердің қысастығын еске алсаң,
 Қан қысымың көтеріліп, қағынар.

Бәрін біле бермейді ғой оқырман,
 Жоғарыда біреулерді тоқ ұрған:
 «Фариза, Фариза жан, Фариза қыз»...
 Сол хабарда тұңғыш рет оқылған.

Ойлайды ма жұрттың бәрін соқыр деп,
 Сызданыпты жоғарыда Көкірек:
 «Бұл хабарда жүргізуші Фариза
 Өзін-өзі жарнамалап отыр!» – деп.

Төменде біз жүргендей тек Ай қарап,
 Жоғарыда отырғандар айтады-ақ!
 Кеуде керіп депті сонда Көкірек:
 «Бұл хабарды көрсетпеңдер қайталап!».

Жалт етті де жоқ болды сол хабарым,
 Айтыңдаршы, білсеңдер бір хабарын.
 Аялаған асылымды жоғалттым,
 Енді оны қайдан, қайтіп табамын?!

Жалқы хабар еді қымбат, сынар жоқ,
 Түйіп алар түймедейін тұмар жоқ.
 Қазіргідей әлеуметтік желі жоқ,
 Жазып алар көшіретін құрал жоқ.

Жалт етті де сол бір «Арай» сейілді,
 Бәрін біле бермес ұрпақ кейінгі...
 Мұқағали жыры шықты аспанға,

Күл-парша ғып сондағы тар пейілді!

Кінәлама қозғады ой деп әр қайдан,
Көне сурет көп жайттарды салды ойға.
Ертегідей сол жылдардың куәсі –
Естелігім сценарий сарғайған!

26.02.2018ж

ӘДІЛҒАЗЫНЫҢ ӘДЕМІ БАЛЛАДАЛАР ӘЛЕМІ

(Ақын Ә.Қайырбековтің «Ғұмырдария» балладалар кітабы туралы)

Академик З.Қабдолов баллада жанрындағы туындылардың әуелде роман халықтары (француз, испан, итальян) поэзиясында туып қалыптасқанын айта келе жанрдың поэтикалық негізгі анықтамасын берген: «...Лириканың ерекше бір түрі – баллада (итальянша ballare – билеу) – лиро-эпостық сипаттағы шағын сюжетті өлең. Мұнда ақын өзінің көңіл-күйін, толғанысын жырлап қана тынбайды, сол сезімді туғызған себептерді оқиғаға айналдыра суреттеп көрсетеді. ...Баллада өзінің даму тарихында талай өзгерістерге ұшырады: Әуелде бір топ адам қол ұстасып би билеп жүріп айтатын ән түрінде көрінсе, кейін сыршыл толғау, енді бірде асқақ әуенді арнау түріне ауысты» (Қабдолов З. Сөз өнері: Оқулық – монография. – Алматы: Өлке, 2014. – 496б.; 441 – б.).

Балладалар еуропалық әдебиеттегі романтизм ағымындағы ақындар (Ф.Вийон (Франция); Р.Бернс (Англия); Г.Бюргер, И.В.Гете, А.Брентано, Б.Брехт (Германия); В.А.Жуковский, В.Брюсов, Н.Тихонов (Ресей) шығармашылығында мол орын алды. Ал еуропалық классикалық әуез өнері тарихында жеке дауыспен, фортепьяно сүйемелдеуімен (Ф.Шуберт, Р.Шуман, Ф.Лист, Х.Вольф), әуездік аспапта (Ф.Шопен, Ф.Лист, Э.Григ) орындалатын балладалар қалыптасқан. Көркемөнер салаларындағы сөз, әуез, би тұтастығы аясында адамдардың жанділі әлеміндегі сан алуан толғаныстарды, тебіреністерді оптимистік рух аясындағы сыршыл сезім мен оқиға сәттерін тоғыстыратын баллада жанрындағы шығармалардың қазақ поэзиясында да өзіндік қалыптасу жолы бар. Қазақ поэзиясында Саттар Ерубаетын, Қайнекей Жармағамбетовтің, Жүмекен Нәжімеденовтің, Мұхтар Шахановтың, Кеңшілік Мырзабековтің шығармашылығында және т.б.

кейінгі толқынға жалғасқан көркемдік даму үдерісінде Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын Әділғазы Қайырбековтің де балладаларын айтамыз. Қазақ жырының адамгершілік, имандылық, азаматтық, отаншылдық рухты ықпалымен қалыптасқан Әділғазы ақын поэзиясындағы баллада жанрындағы шығармаларын ұлттық және жалпыадамзаттық көркемдік дәстүр жалғастығы тұрғысынан бағалаймыз. Себебі, лирикалық және эпикалық тұтастықпен жырлануы балладаның жалпыәлемдік әдеби үдерістегі қалыптасқан классикалық дәстүріне негізделеді.

Әділғазы Қайырбековтің «Ғұмырдария» Балладалар кітабы екі бөлімнен тұрады: бірінші – «Балалық шақ балладалары», екінші – «Базарлы шақ балладалары». Сөйтіп, жаңа біртұтас туынды дүниеге келген. Қазақ поэзиясында баллада жанрының кенжелеу дамығанын ескерсек, әсіресе мектеп жасындағы балалардың қиялын қозғайтын, аңсарын аялайтын, сезімін тербейтін оқиғалы өлеңдердің тапшылығын мойындасақ, Әділғазының әдемі балладалар әлемі сөзсіз қызығушылық оятуға тиіс.

Балладаларында ол ғұмырнамалық кезеңдеріндегі өмір шындығынан алынған шағын оқиғаларды романтикалық және реалистік сарындар сабақтастығын сақтай отыра, көркемдік-эстетикалық бейнелеудің талаптары тұрғысында өрнектегені байқалады. Ақынның «Балалық шақ балладалары» атты бөлімдегі туындылары тұтастай дерлік балдәурен қызықтарын еске түсіреді, сағынышты оятады, арман-аңсарды қозғайды, ұлттық этнографиялық бояуларының қанықтығымен назар аудартады. «Онда мен он үштемін», «Он қанат шетен», «Құнан бәйге», «Бір құшақ шөп», «Белесебет», «Әжемнің кебежесі», «Бір кесе сүт» балладаларындағы лирикалық кейіпкер – ХХ ғасырдың 60–80-жылдарындағы қазақ ауылындағы балалардың көркем жинақтала сомдалған бейнесі. Мал дәрігерінің отбасы малшы ауылмен бірге көшетіні, он үшке толғанда бала кейіпкердің құла қасқа құнанына мініп, алпыс бұзау баққаны («Қайтадан жинай алмай бір қиналам, Өзенге алпыс бұзау құлағанда», «Су ішіп алғаннан соң бұзауларым, Шықпайды әр ағашты көлеңкелеп», «Талтүсте ең қиыны қашады ғой, алпысы алпыс жаққа оқыралап», «Оқыра тиген кезде бұзау біткен, Құйрығын тік шаншып ап жөнеледі», «Үш айда тоқсан сомнан табыс тауып, Мұқатай сиыршыдан алғыс алдым!») – аталған кезеңде осылай еңбек еткен жасөспірімнің бастан кешкен қызықты оқиғасы оқырманын еліктіре жетелеп отырады. Баллада сюжетінің шарықтау шегінде кейіпкердің еңбек табысы үшін мадақталып, Ленинградқа (қазіргі Санкт-Петербург) саяхатқа жіберілгені, Шоқан, Марғұлан, Әуезовтің ізі қалған, Жамбыл жырлаған атақты қаланы, ондағы Эрмитажды, Ақ Сарайды – Патша Сарайын көргені, әдебиет мұғалімінің тапсырмасын орындап күнделік жазғаны, он үш күнде оралып қайтып келіп, кеңшар клубында баяндама жасап тұрғаны – бәрі де мехнатты, ауыр еңбек арқасында арман биігіне көтерілу жеңісін мегзеуімен мағыналы да өнегелі («Онда мен он үштемін»). Сондай-ақ, баланың еңбек эстетикасын сезініп, содан рухани қуат алып қалыптасуы, ата-анасына, үйіне өзі үйренген, жасаған кәсіптік

шеберлігімен пайдалы іс жасауға машықтануы, ақырында нәтижелі қорытынды шығаруы – қазақтың ұрпақ тәрбиесіндегі дәстүрлі мұраты. Ауылдағы Айдаболдың шөп қорасы керегекөз шетендермен қоршалғанына қызыға қараған бала кейіпкер әкесінің шөп қорасын қоршата алмай жүргенін қаперінде ұстап, ақырында соны қолға алғаны, дайындалғаны, өзен бойынан шілік-талды кесіп, тасып, шетен шарбақ тоқығаны («Шыбықты иіп тоқып өргенімде, келтірдім құс қанатты өрнегін де») – қол еңбегі қуатының ой еңбегімен ұштасқан шабытты сипат болмысын романтикалық сарынмен көз алдымызға әкеледі. «Он қанат шетен» балладасының көркемдік түйінінен шетенді шеберлікпен тоқу арқылы әр алуан жастағы ауылдастарына (Құдайберген құрдасы, Айдабол, Керейхан, Оразбай, Жеңіс, Кеней, Бәйкен шал, Сексен, Бейсен, Түсіпхан, Лензат, Дию Кеңес, Шағанбай) соғыс мүгедегі әкесінің («Жақсылық – әкем аты, тұйық кісі, Сонда да малшы ауылдың ұйытқысы») мақтанғаны, қуанғаны арқылы лирикалық кейіпкердің алғашқы еңбек нәтижесінің кейінгі шығармашылық өрлеу биіктеріне серпін бергеніне мегзейді. Бала кейіпкердің алғашқы еңбек шабытының өлеңсөз өнерін игеруіне шығармашылық бастау-негіз болған ықпалын сезінеміз:

... Сол жазда көктен жұлдыз сорғалаттым,
Тәңірім танытқандай оң қабақты.
Тамсанып көршілерім көрді дейсің,
Тоқыған шетенімді он қанатты.
...Жас талды майыстырып өремін ғой,
Өрнегін үйлестіріп көремін ғой.
Сол шетен – өз қолыммен ең алғашқы
Ұйқасқа түскен менің өлеңім ғой!
... Жетеді қуған адам шын арманға,
Ұқсайды арман, шіркін, шырағданға.
Сол шетен – шабытымның ақ бастауы,
Алғашқы жазған менің шығармам да!

Балладаның соңында кейіпкердің он жыл өткен соң ауылына оралғанда ескірген шетенін көріп мұңайғаны, көрші үйдегі жас жігіттің ауласын темір шарбақпен қоршап жатқанын көргені арқылы адамдар бақиға кетсе де, әрбір зат ескіріп, орнына жаңасы келсе де, алғашқы сапалы еңбек нәтижесінің қоғамға, жеке адам тағдырына айрықша ықпал ететін адамгершілік-эстетикалық қуатының ұмтылмайтын мәңгілігі ұлықталған.

Балалық шақтағы бастан кешер оқиғалар жүйесінде үш сала (асыр салып ойнау, ата-анаға қолғабыс жасау, мектептегі оқу) – қазақ ауылдарындағы бүлдіршіндерге ортақ жағдай. Осы жүйемен ауыл балаларының, олардың ержеткен, есейген кезеңдеріне ортақ өмір сүру философиясын танытатын лирикалық кейіпкердің – ақынның афоризмдік тұжырымды мағыналы ойлары «Бір кесе сүт» балладасының алғашқы шумағымен бейнеленген: «Ойын қуған балада уақыт тапшы, Ойды қуған

адамға бақыт тапшы. Балалық шақ ойынға жарытпаса, Өмір қатал сабағын оқытпақшы». Қазақ ауылындағы балалардың таңертеңнен кешке дейін далада алуан түрлі ойындарға құмары қанбайтыны («Біз ойнадық, доп қудық, күн батыра, сол ойынның қызығы қымбатырақ», «Ауылымның шетінде доп алаңы, доп-домалақ көп күндер домалады», «Қайтқан малдың өрістен қою шаңы, доп алаңы шаңына қосылатын») қазақ балалар ойынының қимыл-қозғалыстары мен көңіл-күй әуендері тұтасқан психологиялық сипаты оқырманды да сол бір сәт ортасына қайта енгізіп жібергендей әсерлендіреді:

...Әрі қуып бір допты, бері қуып
 Қызыл арай батысқа керіп уық
 Әбден қатып сілеміз шаршасақ та,
 Бір жеңістің ауылы еді жуық!
 ...Содан үйге келгенде әлім құрып,
 Қалың жауды жайратып, бағындырып,
 Тастағандай төңкеріп Толағайды,
 Нұрбиса апам қарайтын халімді ұғып...

Есейген шақта сол бір қайталанбас ойындарды сағынып отырған бүгінгі оқырман көңілі («Дайындалар сабаққа бар уақытты, Ойын қуып, өкіндік, ұрлатып ап») деген сағынышты мұңға бөленеді. Күні бойы доп қуалаған ойыннан әбден шаршап келсе де, ертеңгі мектептегі сабақтарын (әдебиет, физика, химия), өлеңсөзге құштарлығымен «Қыз Жібекті» де толық оқып шыққан бала кейіпкер – бүгінгі біздердің балалық шақтағы бейнеміз. Түн ортасына дейін осындай еңбек үстіндегі бала кейіпкер денсаулығының емшісіндей ананың-апаның қамқор пейілі, әрекеті бүкіл қазақ ауылындағы ақпейіл, тәлімгер, тәрбиеші адамдар болмысын танытқандай поэтикалық жинақтаумен жырланған:

«Көзің талды көп оқып, қарағым-ай!»
 Нұрбиса апам қамқоршы маған ұдай.
 Дәу кесемен ыстық сүт ұсынады
 Мейірімнің сол саумал самалын-ай!

Ыстық сүттің дәмі қап таңдайымда,
 Ықыластың табы қап маңдайымда.
 Нұрбиса апам жайында мен өмірден,
 Өтсем дедім өшпейтін ән дайындап!

Нұрбиса апам. Ыстық сүт. Кәрлен кесе.
 Елеңдеймін бір адам елден келсе.
 Айтқым келіп тұрады ыстық сүтті,
 «Таза ауада, – дәрігер, – емдел!» – десе.

Балладаның көркемдік түйінінде шығарма арқауындағы ауылдас-кластас доп қуып өскен балалардың аттарын атап, түстерін түстеп, істерін еске алып («Асық атып, доп қуып, ләңгі теуіп, Ащы терін алғанбыз құла тайдың»), жолдастық-достық татулықтағы қарым-қатынас мәдениетінен хабардар етіп («Жүректерде бір сазды мақам ойнар», «Бірімізге біріміз құрақ ұшып, Хан көтеріп қоюшы ек атап-сайлап»), бауырластық, достық бірлік негіз боп қалыптасқанын поэтикалық мағыналы тұспалмен сезіндіру бар. Қазақ ауылындағы балалардың сол бірге ойнап өскен кезеңі – біздің ата-бабаларымыздан бері кейінгі толқынға ұласқан азаматтық-отаншылдық, туысқандық рух қуатын қалыптастырудың тарихи негізі. Қазақ ауылдарындағы бірге ойнап, құлын-тайдай тебісіп өскен балалардың сол туған топырағына, ауыл адамдарына, ата-анасына деген азаматтық-перзенттік махаббат отының өмір бойы сөнбейтіні осы тәрбиеден. Балладаның «Бір кесе сүт» аталуында Нұрбиса апа кәрлен кесемен ұсынған ыстық сүт дәмін сезінтумен қоса, ақын туған ауылына тағзым жасайды:

«... Осылардың барлығын ойлағанда, От-жалын боп түсіме өлең енді», «... Жеті бояу құбылған түрге сенем, Күнге, Айға, Тұңғиық Түнге сенем. Біз бәріміз, не керек, сүт ішіп ек, «Жәнтікей» дейтін үлкен бір кеседен!». Міне, мәселе қайда! Туған жерге, өскен ауылға деген перзенттік махаббат осылай жырланса керек!

Ақыл-ой иелерінің фәниге келген сәтіндегі іңгәдан басталған әрекеттерінің қысқа яки ұзақ ғұмыры сан алуан сәйкестіктер мен қайшылықтарға, сәттіліктер мен сәтсіздіктерге, өрге ұмтылулар мен өкініштерге толы қимыл-қозғалыстарының, іс-әрекеттерінің жұлге жүйесі өмір сүру философиясына арқау. Фольклор мен әдебиет мұраларында, көркем өнер туындыларында өмір философиясының осы заңдылығы поэтикалық, философиялық, эстетикалық бейнеленуімен көркемдік таным тағылымын байытады. Әділғазының «Құнан бәйге» атты балладасында бала кейіпкер жайлаудағы шопандар тойындағы құнан бәйгесіне Қабден ағасы ұйғарымымен қасқа құнанға мініп қатысады: «... Қуырды жер танабын елу құнан, Шабандоз елу арман деп шамала», «... Айналдым, қасқа құнан, шабысыңнан, Жаралған шығарсың сен намысымнан. Бұл – бәйге, Өмір – жарыс бітпейтұғын, Біреуге сор, біреуге бақ ұсынған». Балладаның әр шумағында әбжіл қимыл, шалт қозғалыс, ерекше екпін, құштарлық бар.

Баллада сюжетінің шарықтау-шиеленісу сәтіндегі ең алда келе жатқан кейіпкер мінген қасқа құнан шабысының күрт бәсендеуінен («Екпіні бәсең тартты неге?» деймін», «Сыр берді жөпелдемде қасқа құнан»), артта келе жатқан сары құнанның сөре сызығынан бірінші болып өткені арқылы сәттілік пен сәтсіздік қатарласқан өмір философиясы аңғартылады. Осы арада сюжеттік шиеленіс сәтіндегі бала кейіпкердің көңіл-күй психологиясын бейнелеуден өмір бәйгесіне тән ащы шындыққа автор оқырманды да ортақтастырады: («...Бәйгінің ең өшпейтін күйініші – Бірінші келе жатып қалып қою!...»), «Көзімнен жаңбыр болып жас парлады, Кеткендей аласарып асқарларым»). Балладаның түйіні – бәйгеден қалып қойған, қасқа құнанға

(шын мәнінде ол қасқа тай екен) мінген бала кейіпкердің ағасы Қабденнің осы бәйгеге інісінің қатысуының өзін ол мініп жүрген қасқа тайдың озып келуіндей сезініп, қуануынан, оның оптимистік мәлімдеуінен («Күй болып домбыраның пернесіне... «Келер жыл қасқа тайым құнан болып, сенемін бәйге алдын бермесіне!») қанаттанған кейіпкер сенімі бүгін мен болашақты тұтастырған дүниетаным көкжиегін кеңейтіп жібергендей әсерге бөлейді:

...Таң қалдым, тайым қалай құнан болды,
Қайтадан құзар шыңға қыран қонды.
Құла таймен қатысқан құнан жарыс –
Менің де еншілеген мұрам болды!

Өткеніме көз салып тұрам кейде,
Бұл көңіл құмарынан шығам дей ме!
Өмірде талай жүлде алсам-дағы,
Ойымнан бір кетпейді құнан бәйге!

Әділғазы балладаларының поэтикалық мағыналық сарындары аясында балалық шақта балғын жүректі жаралаған қатігездік, мейірімсіздік әрекеттердің, өкінішті оқиғалардың есейген, егделенген кезде де үнемі ойға орала беретін өкініштері де жырланған. «Жар құлаған» балладасында ағынды қарасу жарқабағының опырылып, көк шілік бұтағын қармап, көршісі Құнанның кездейсоқ құтқаруынан аман қалған кейіпкер тағдыры балалық шақтың аңғырттыққа толы сипатын елестетеді. Жол үстіндегі маядан бір құшақ шөпті жылыну үшін шанасына салып алған баланы ұры ретінде айыптаған, адалсынған Шәріпхан зоотехниктің кейін жемқорлығы үшін өзінің сотталып кеткені («Бір құшақ шөп»), кептерлерді қапқа салып алып, көл жағасына апарып, керосин құйып өртеп, «от шарларды» ұшырып, өртенген кептердің ауылға, өзін өртеген баланың үйіне құлап, сол үйді отқа орағаны («Зауал»), қос балапанынан кездейсоқ оқиғалар кезінде айырылып қалған қоңыр қаздың бауырына үйректің балапандарын салып, алдандырған мейірімді кемпірдің ісі («Қоңыр қаз»), тоқталмайтын өмір көші керуенінің қозғалысындағы тіршілік кеңістігіндегі өзіндік күш-қуат дербестігінен айырылу өкініші («Көкбоз ат»), жаратылыстағы адамның да, аңның да, құстың да, жәндіктің де, өсімдіктің де, ағаштың да, судың да, т.б. – бәрінің де өз кеңістігінде өз еркіндігімен танылатыны – Жаратушы заңдылығы екендігі («Балауса дәурен – бір елес»), адамдардың және басқа да тіршілік иелерінің жарық нұрдай жанын баураған, өзі қалаған өткінші іс-әрекетке алданумен өмірін өткізетіні («Бала мысық немесе жарық нұр») – барлығы да философиялық-лирикалық терең ойлармен өрілген балладалар табиғатын әр қырынан ашады.

Балалықтан бозбалалыққа һәм бойжеткендікке ұласу кезеңіне тән жасөспірімдер психологиясындағы өзгерістерді, көңіл қойнауларында тұтана бастайтын махаббат пен мұңға толы сезім болмысын «Қар жауған күн»

балладасының лирикалық-психологиялық, сыршыл-поэтикалық өрімдерімен бейнелі, астарлы, тұспалды түрде шебер жеткізген:

Көз алдымда – қар жауған күн,
 Құлағымда – мұңды әуен...
 Жиі-жиі еске аламын екеуінді мұнда мен.
 Жауған қарды тамашалап сендер бейқам тұрған ең,
 Жүрек дертін жазатұғын бар дейді ғой бір ғана ем!..
 Көз алдымда – қар жауған күн,
 Құлағымда – мұңды әуен...
 Сол бір күнді ұмыта алман үшеуіміз кездескен,
 Сол әсерді суреттеуге жетер емес сөз дестем...
 «Бақыт жайлы өлең оқып берші!» – дедің өтініп,
 «Бақыт деген – қар жауған күн!» екендігін сезбестен.
 Көз алдымда – қар жауған күн,
 Құлағымда – мұңды әуен...
 Сонда бізді баурап алған тылсым сыр деп ұғайық,
 Сұлулыққа суықсың деп таға алмайсың түк айып.
 Мен қуансам, қауыз жарған махаббатқа қуандым,
 Ал сен неге үнсіз қалдың, маған қарап мұңайып...

Қуаныш пен мұң иелері кім екенін, балладаның үш кейіпкерінің қайсысы екенін білуді оқырманның қабылдау танымына ұсынған лирикалық кейіпкер өзінің есею межесін сезінбей қалуы да адамдарға ортақ психологиялық хал-ахуал:

Көз алдымда – қар жауған күн,
 Құлағымда – мұңды әуен...
 Жиырма бес, қолыңды сен бір көш жерден бұлғап ең,
 Бақытсыздау болсам да өзім, Бақыттың не екенін –
 Бұрынырақ түсініп ем, шын мойындап тұрған ем...

Балалар психологиясы – қызығуы, қуануы және өкінуі, қайғыруы қатарласқан көңіл-күй әуендері егізделген ерекше дүниетаным әлемі. Көңіліне қуаныш, қиялына қанат бітірген белесебетінің қора-қопсымен, төбесіне қойылған кілетпен бірге өртеніп кеткеніне өкінген («Белесебет») кейіпкер өкініші – оқырмандардың көпшілігінде ортақ көңіл жараларының аузын ашып жіберетін оқиға. Менің де балалық шақтағы өзімнің қимастарымнан (Гәдебай деп ат қойған мысығымның түнде көшіп жатқанымызда кенеттен жоғалып кеткені, Қараауыз атты итімді атың өшкір есалаңның атып өлтіргені) айрылған өкініштерім жадымнан шықпайды. Әкемнің ерте өлуі салдарынан көршілерімнің балалары мініп жүрген белесебетке қолым жетпей, ақыры балалық шағымды белесебетсіз өткізгенім де, балауса кезімдегі өкініштерім қатарында жүрегімде қалып қойды.

«Белесебет» балладасының басталуындағы шумақтар – лирикалық кейіпкердің де, оқырман менің де өкінішім: «Бала кезде бар балада бір арман, Белесебет теуіп, шығу құмардан. Құдышта бар, Тұрсында бар, менде жоқ, Үміт, шіркін, өшіп-жанған шырағдан». Балалық шақ өкініштері – адамдардың өмір бойы есінен кетпейтін мұңлы, сырлы жүрек жарақаттары. Әдемі белесебетінің өртенген кілетпен бірге бір уыс балқыған темірге айналғанын көру – бала кейіпкердің ішкі жан әлемін қатты тітіркендіреді. Ақын сол психологиялық көңіл-күйді дөп жеткізеді: «Өмір сырын түсіндік пе біз ұғып, Ай туады баяғыдай сызылып, Сол балқыған темірменен жанымның Бір бөлшегі түскен-сынды үзіліп! Білгір болсаң, бұл дертімнің айт емін, Бір қымбатым ғайып болды, қайтемін. Сол өртенген белесебет болмаса, Балалық шақ қызық еді, әй, тегі!

Ақын балладалары – тіршілік қозғалысының Жаратушы Алла негіздеген ұлы жүйесінің қатал заңдылығының көркем поэтикалық мағыналық жырлары. «Балдақ туралы баллададағы» кейіпкер соғыста бір аяғынан айрылып келсе де еңбек майданындағы қажырымен, күш-жігерімен халық бақыты үшін өзінің азаматтық-қайсарлық болмысымен, өзіндік азаматтық-өршілдік рухымен өнеге болатындығы сараланған: «Мүгедектпін демепті, қорынбапты, Талқандапты қиындық торын қатты, Қаз тұрғызып кеңшардың шаруасын, Тапсырмасын мүлтіксіз орындапты...». Баллада кейіпкері – сыңар аяқ Айдаболдың балдақты қалпымен-ақ тіршіліктегі үлесінен құр қалмаған бақытты тұрмысы («Тірлік-теңіз толы ғой шу-ағысқа, Толқын болып жығылу жұбаныш па. Ұрпақ сүйіп, ұзартып ғұмыр кешін, Ұластырды шаттығын қуанышқа»), жылдар бойы демеушісі болған қара балдақ бірде шарт сынғанда қайғыруы («Қарияның болса да тегі мықты, Қолына алып балдағын егіліпті, Қарманыпты ауаны қалт-құлт етіп, Қабырғасы қайғыдан сөгіліпті») да, ұлы мақтап әперген протез-аяққа қызықпауы, ақыры бұрынғыдай сезінбесе де басқа балдақ сатып алғаны – бәрі де адамның жан діліне тән психологиялық болмыс табиғатын даралап бағалауымен түйінделген: «Айдаболдың шек қойман талғамына, Сенімменен қарайтын алдағыға, Сүйеніпті ол ылғи адамдарға, Сүйеніпті содан соң балдағына!..».

Халқымыздың тұрмыстық мәдениетінде әрбір үйдегі атаның, әженің, әулет ұрпақтарының күнделікті және алдағы айларындағы, жылдарындағы әр алуан қымбат, қажет заттарды сақтайтын сандық, кебеже, қоржын сияқты мүліктер болатыны мәлім. Әулет мүшелерінің тұрмыстық сұраныс қажеттіліктеріне жарайтын сол мүкәммал-мүліктер қазақ отбасыларындағы әжелердің еншісінде болатыны да қалыптасқан дәстүр. «Әжемнің кебежесі» атты баллада ұлттық этнографиялық бояуларымен қымбат. Бала кездегі құлыптаулы кебежеге құмарлық сезімінің («Есіме алдым сол көне кебежені, Аузындағы сиқырлы құлыпты да. Кейін тартып тұратын кегежені, Қикар қылық, ашпаса кебежені, Әлде-әлде мәмпәси қат болды ма, Құмарлығым соншалық неге жеңді?!») сырына ортақтастырған лирикалық кейіпкер –

ақын өзіндегі өкінішті, сағынышты қозғаумен қатар, біздің де әжемізді, оның кебежесін есімізге түсіріп, еріксіз күрсіне мұңаямыз: «... Әжем өтті, кебеже, құлып қалды, Бір бұрышта елеусіз ұмыт қалды. Көзден кетсе – көңілден кетеді шын, Мен өмірден осындай сыр ұққанмын...». Қазіргі кезде келіндері шоланға шығарып тастаған, шаң басқан, кілті жоғалған құлпы ғана бар кебежеге сол әженің шөбересінің ойыншықтай сезініп талпынуын көріп, жаны жүдеп ауырып тұрған лирикалық кейіпкер мен оқырман тұлғалары тұтаса егіледі: «... Құлып емес, кілт емес, жүрегіме, -Бар болғаны, керегі бір ем ғана: Әже, сені сағындым!».

Ежелгі дәуірлердегі сақ, ғұн, түркі өркениеттерінің алтын бесігі Алтайда негізі қаланған, одан басталған ұлы қоныс аударулары нәтижесінде бүкіл Азия, Еуропа, Америка құрлықтарына таралған қобыздың, домбыраның, сыбызғының, шаңқобыздың, дауылпаздың, жетігеннің, т.б. әуез аспаптарының саналуан пішіндік өзгерістермен әлем халықтарының әуез орындаушылық өнерінде сақталуы – дәлелденген ақиқат. Ұлы Дала Елінің байырғы тұрғындары қазақ халқы ұрпақтарының ғасырлар бойы көшпелілік пен отырықшылық жағдайындағы тұрмысының рухани тірек, дем берушісі, жігерлендірушісі, қуанышы мен қайғысын, өкініші мен үмітін бөлісе сырласатын жансерігі – қобызы, домбырасы, сыбызғысы және олардан төгілетін әндері мен күйлері болғаны анық. Әділғазы ақынның «Мәткәрім» балладасының тақырып арқауындағы күйшінің тарихи-поэтикалық бейнеленуінен жалпытүркілік-қазақтық тарихымыздағы күйшілер тұлғалары (Қорқыт Ата, Қойлыбай, Молықбай, Махамбет, Құрманғазы, Ықылас, Тәттімбет, Дәулеткерей, Сейтек, Нұрғиса, т.б.) және күйші өнерпаздарымыздың әдеби-көркем бейнелері сомдалған классикалық туындыларымыз (I. Жансүгіровтің «Күй», «Күйші» поэмалары, т.б.) көз алдымызға келе қалады. Халық рухымен тыныстаған классикалық өнер дәстүрінің көркемдік жалғастығы аясында жырланған Әділғазы ақынның осы балладасында алты жасында («Алты жаста ат қып мініп шыбықты Ауыл маңын алты айналып жүремін») санасына сіңіріп алған, туған ауылындағы Мәткәрім күйшінің өнерін, адамдардың жандүниесін домбырасынан төгілткен күй әуендері елжіреткен, салтанатты сарынымен баураған, сағынышты сазымен елжіреткен оның ғажайып орындаушылық шеберлігін көркем кестелі өлең өрілімдері арқылы романтикалық-реалистік тұтастықта өрнектеген. Мәткәрім тартқан күйлер (Тәттімбеттің «Саржайлауы», Дәулеткерейдің, Қазанғаптың, Байжігіттің, Тоқаның, т.б. күйлері) баураған кешкі ауыл келбеті де, күй тыңдауға ынталы әралуан жастағы адамдардың көңіл-күй ахуалы да Ұлы Дала еліне ортақ халықтық-этнографиялық болмысымыздың реалистік суреті де шынайы:

... Күн бесінге тайқып келе жатады,
Қой өрістен қайтып келе жатады.
Сауыншылар шелектері білекте
«Шилі өзенді» айтып келе жатады...

... Әжем маған: «Жүрші, балам, күй тыңдап
Қайтайықшы!» – десе, ойын, ұйқым қап,
Мәткәрімнің үйін бетке аламыз,
Мама қаздай әжеме еріп, бипыңдап.
...Беу, Мәткәрім – Қаракерей Қыржыдан,
Шер шерткенде бір жыла да, бір жұбан.
Бүкіл ауыл кешкіғұрым күй тыңдап,
Байқалмайтын ұшқыр уақыт жылжыған.

Ақын кейіпкері Мәткәрімнің орындауындағы («Беу, Мәткәрім домбырасын «ерттейді») киелі өнер күйдің сарындары мен адамдардың, табиғаттың құбыластары егізделген тіршілік болмысының психологиялық-эстетикалық әсерлі, көркем бояулы суреттерін романтикалық бояуларымен бейнелей өрнектеген:

...Ескі сурет еміс-еміс есімде,
Киіз үйде, ірге түріп, бесінде,
Бебеулетіп домбырасын шертеді,
Беу, Мәткәрім өмір-керуен көшінде.
...Домбыраның қоңыр үні баурайды,
Жерошақта қызыл жалын лаулайды.
Сол Мәткәрім тәру-тәру күй тартып,
Тас төбемде кешкі бұлттар аунайды.
...Жүрек сазып, әжем үнсіз жылайды,
Күйбең тірлік ысырылып былайғы,
Жайнап тұрған жасыл дүние сарғайып,
Ұбақ-шұбақ жайлаудан көш құлайды

Күйді, жырды, әнді, қара өлең мен қара сөзді майын тамыза айта білу, тыңдай білу психологиясы – қазақ халқының дара ерекшелігі. Мыңжылдықтар бойы бетпе-бет дидарласулар кезіндегі әңгімелер де, жыр-дастандар да, ән-күй туындылары да ата-бабаларымыздың, әже-аналарымыздың зердеге тоқитын ғажайып қабілетінің, санаға сіңіріп алатын қасиетінің арқасында ғасырлар бойы сақталып, қазіргі дәуірімізге ұласты. Балладаның бала кейіпкері мен оның әжесі және ауыл адамдары және оқырман біздер – Ұлы Дала Елі тыңдаушыларының көркем жинақталған бейнелері. Кейіпкер әженің күйшінің орындауына ұсынатын күйлері мен күй туындылары туралы бағалауларына («Тәттібеттің күйлері ол «тілсіз жау», «Сарыжайлау» – өзекжұлын дерт» деді) орай лирикалық кейіпкер – автордың да халық көңілінде жатталған дарынды күйшілер туындыларының көркемдік-эстетикалық болмысын өлең сөзбен өрнектегеніне оқырмандық ықыласпен ортақтасамыз:

Қазақ шертпе күйлерінің шебері,

Бөлек әсте қолтаңбасы, бедері,
 Дәулеткерей, Тәттімбет пен Қазанғап,
 Шерлерінің қозғар аңыз-дерегін...

Деп тартады: «Байжігіттен, Тоқадан...»,
 Дең күйлерден сезім алам, от алам.
 Бірде – сәуір, бірде – тамыз сол күйлер,
 Бірде – қазан, бірде – қаңтар қақаған.

Салтанат па, сағынышты сарын ба,
 Жорға жарыс, шабу емес арындап...
 Шым-шым толқын жүрек қылын шертеді,
 Мәткәрімнің саусақ ұшын дамылдап...

Балладаның сюжеттік-композициялық желісінде кейіпкер Мәткәрімнің кескін-келбеті («Жалпақ белбеу тағушы еді қайыстан, Жанарынан күй толғаса жай ұшқан»), өнернамалық мәнді өмір жолындағы дәулескерлік сайысы («Бағаналы Саятөлек күйшімен Түскен екен үш күн, үш түн сайысқа. Бірін-бірі жеңе алмапты ырғасып, Алыптар ғой көк тіреген тұлғасы. Тағы үш күн, үш түн бойы сырласып, Өткен екен өмір бойы сыйласып») шынайы, нанымды, дәлелді сипатта жырланған. Баллада сюжетінің шиеленісті-өкінішті сәтіндегі сол Мәткәрімнің шәкіртсіз және ұрпақсыз («Десетұғын: «Соңында не шәкірті, Ізін жалғар не бір ұлы қалмады!») болғанына және сүт тасушы болып жүріп совхозда, «Төрт саусағын темір бөшке жаныштап» кеткен трагедиялық хал-ахуалы оқырманның да жан-жүйкесін күйзелдіреді. Лирикалық кейіпкер – автор Мәткәрімнің саусақтарынан айырылған трагедиялық хал-ахуалды, күйлерінің нотаға түспей-жазылмай қалғанына өкінішін, сақталған жалғыз күйінің өзі киелі иесінің мәңгілік ғұмырындай бейнеленуін де баллада табиғатына сай көз алдымызға әкеледі:

...Өнер, шіркін, өмірмен де өлшенер,
 Тосын бейнет, мехнатты ер шегер...
 Төрт саусағын темір бөшке жаныштап,
 Молақ болып қалған екен сол шебер!..
 ...Өнер шері домбырасын өтті аңсап,
 Мәткәрім деп жыр толғасам көп тамсап:
 Көз алдыма келер қанға боялып,
 Топырақта тулап жатқан төрт саусақ!
 ...Өнерпаздың өзегінде күйді арман,
 Өмірінде тек иманға иланған,
 Мәткәрімнің аңсарындай мәңгілік
 «Әсем толғау» деп аталған күй қалған!..

Кітаптың «Балалық шақ балладалары» бөліміндегі шағын оқиғалы, шымыр тартысты, шынайы суреттелген шығармалары арқылы Әділғазы балдаурен балалық шақтың, қайталанбас ғажайып кездің айшықты суреттерін көркемдік шеберлікпен, ақындық қуатпен, қаламгерлік қарыммен жеткізе алған.

Ал, келесі «Базарлы шақ балладалары» бөліміндегі шығармаларының табиғаты алдыңғы бөлімдегіден өзгеше. Мұнда, негізінен, балладаларға арқау болып деректі оқиғалар мен тарихи тұлғалар алға шығады. Уақыт пен кеңістіктегі тарихилық пен өмір шындығын лиро-эпикалық сарын аясында философиялық-психологиялық толғамдармен, поэтикалық бейнелеулермен жырлаған Әділғазы Қайырбековтің балладалары қазақ поэзиясындағы соңғы жылдар бедеріндегі көркемдік табыс.

Әділғазының бірқатар балладаларында ата-бабаларымыздан бүгінгі ұрпақтарға жүздеген жылдар бойы дамып, сақталып жеткен атажұртты, атақонысты мәңгілік ұлықтау ұстанымы жырланған. Мәселен, ежелгі дәуірде салынған Алматы шаһарының мың жылдық тарихындағы белестер, белгілер, қанды жорықтар ізі қалғаны, талқандалса да, қираса да, отаршылдық құрсауына шырмалса да ақыры «Ақ нұрға бөленген», «Дүр гауһар секілді нұр шашқан, Алматы – Алатау алқасы!» екендігін азаматтық-отаншылдық рухпен толғаған балладасы – «Алмату–Алмалық–Алматы». Ал, «Топан су. Тасқын. 2010» балладасының алған тақырыбы туған топырағы, «Жәнтікей» ауылының топан су астында қалуы, қаперсіз адамдардың қауқарсыздығы, табиғат апатына ұшыраған ауылдың трагедиясы күңірене езілген өкінішпен, елжіреген налысты көңіл-күймен берілген: «Кемедей қисайған көп үйдің мұржасы, Кеңірдек секілді көк жеңдет суырған», «...Ақ қарға оранған Ақсуат даласы, Айналып кеткендей ақ теңіз, айдынға!», «...Жантікей ...ауылым, ұшып ем ұяңнан, Жаралы халіңе жәрдемім не менің?!», «...Көк қақпа, сұр шатыр, ақ шаңқан үй қайда, Жадымда жаңғырар балдәурен елесі...».

Адамзат өркениетінің бастауындағы Адам Ата – қазіргі жер бетіндегі адамзат ұрпақтарына ортақ ең тұңғыш әке болса, фәни дүниеге інгәлап келген перзенттердің бәрінің де ақ сүт берген анасын ойлағанда табынары Хауа-Ана екені мәлім. Әке – қазақ отбасылары үшін де аса мәртебелі тұлға. Әсіресе, алапат соғыстағы қанды шайқастардан мүгедек болып оралса да, өмірінің ақырына дейін отбасының берекелі тұрмысы, перзенттерінің бақытты өмірі үшін көрген қиындықтарын жанкешті әрекеттерімен жеңген әкелеріміз – біздің мәңгілік мақтаныштарымыз. Мен Әділғазының «Ақ боз ат мінген майдангер» атты балладасын оқып отырып, өзімнің майдангер әкемді көз алдыма елестеттім. 1938 жылы ауылдық кеңестің төрағасы қызметіндегі туған ағасы Тебеген аудандағы 15 адаммен бірге «халық жауы» жаласымен қамалып, сотталып, Сібірге айдалған, өзі «халық жауының інісі» атанып қудаланған, екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, майданнан жаралы болып оралған, ауыл мектебінде мұғалім, ұжымшардың бригадирі қызметтерін атқарған әкем Сақаның тағдыры жадымда қайта жаңғырды. Әділғазының әкесі Жақсылықтың рухына арнап жазған «Ақбоз

ат мінген майдангер» балладасындағы кейіпкер-әкесінің поэтикалық бейнеленуінің бастауындағы автор – кейіпкердің әкесін күн сайын көз алдына қиялмен елестетуі де мен секілді миллиондаған майдангерлер ұрпақтарының көңіл-күй психологиясына ортақ сурет:

«...Әне, шыққан Күннің астында, Ақбоз ат мініп, Менің майдангер әкем келеді. “Шилі өзен, қамыс-ай!” еді ыңылдап айтатын өлеңі, Асқар тау санайтын ауылдағы кішкентай төбені...». Менің әкем де өмір бойы ақбоз ат мінді, балалары біздерді де атқа мінгізіп, ауылдағы тойларға ертіп баратын, өлең жазатын, домбыраға қосылып халық әндерін баяу дауысымен айтатын. Әкемді күн сайын Шығыстан шығып келе жатқан Күн арайы астында ақбоз атқа мініп келе жатқан қалпымен көз алдыма елестетемін. Бұл ғажап сәйкестіктен нені аңғаруға болады? Балладаның шынайылығы, өмірдің өзінен ойып алынған суреттерімен құнды екендігі. Әділғазының балладасындағы соғыста басынан және қолынан жаралы боп оралған әкесінің романтикалық-реалистік таным тұтастығымен бейнеленген поэтикалық болмысы – адамзатқа ортақ көркемдік ойлаудың сипаты: «Қара суға семіріп, қызыл сөзге арыған! Қымбат нәрсе жоқ, – дейтін, – адам үшін арынан!», «Менің майдангер әкемді көрген адам бірден таныған, Ол – қайрақ еді, қазақтың намысын жаныған! Кеудеде бір ғана медалі болса да, бір орден... Қаһарман еді ғой елеусіз, Майдангер әкемді сағынам!». Баллада оқиғасының шарықтау шегінде, лирикалық кейіпкер әкесінің шашын ұстарамен алуы кезінде туындаған сұрақ-жауап көркемдік шешімді ширата түскен. Майдангер әкенің басындағы «...астында мый да бар, мина да бар секілді», «оқ ізі қалдырған бір терең сызат» туралы әкесінен білгісі келіп «соғыста жалаңбас жүргенсіз бе?» деген аңғырт сұрағына «Иә» деп бетіне қараған майдангер әке келбетін бүгін баласы өкінішпен («Бетіме қарады... Күлмеді... Майдангер жүрегін ауыртты-ау сұрағым бұл менің...») еске алады. Балладаның көркемдік түйіні – қаһарман, арлы, еңбеккер әкелер тұлғасын мәңгілік ардақтау.

Әділғазының «Қос қарлығаш һәм тіл үйрету», «Жол жыры», «Бал аштыру» атты балладалары – өмір-тіршілік философиясын арқау еткен туындылар. Фәни дүниедегі тіршілік иелерінің (адамдардың, құстардың, т.б.) жарлы болса да мал тауып, жанын сақтаумен жүрсе де арлы болуы, бәрі үшін құт мекен даланың аман-есендігі – тіршілік тілі арқылы түсіндірілетіні жырланған («Қос қарлығаш һәм тіл үйрету»). Адамдардың фәни дүниедегі өмір сапары – жол баламалас ұғым. «Жол жыры» балладасының идеялық-композициялық желісі арқауында өмір-жол сапарына дайындық, адамзатқа ортақ көңіл-күй, сапарластардың, жолдастардың танылуы («Жолдастың қандайын да танысың жол үстінде»), өмір жолында адам көңілін сапар сазы тербейтіні, тіршілік күйі кернейтіні, жолда жалғыз жүрудің қорқынышы, жол бойындағы нар қамыстан да, қара ағаштан да әсер алып «Асаудай ала қашқан» сезіммен арпалысу, әңгіме шертілуінен ұзақ жолдың қысқаратыны – бәрі де сапарлас-жолдас серігіңнің кім екендігімен сабақтастырылған: «...Жолықсаң бірбеткейге, Үйретер, үйренбейді...», «...Серігің сырбаз болса,

Сен-дағы сызыласың», «...Жолдасың сараң болса, Қалтаңды жұқартады», «Құрдасың қамшы болса, Қызықтан кұр қалады. Серігің әнші болса, Дүние нұрланады», «...Жол сыншы жолаушыға, Жолдасың – тағдырласың. Жолықпа тонаушыға, Қу басың қаңғырмасын!». Лирикалық қаһарман – жолаушы – тіршілік әлеміндегі барлық адамзат баласының көркем жинақталған бейнесі. Фәнидегі тіршілік сапары философиялық жол ұғымы аясында адам ғұмырының болмысын бейнелеп ашады: «Қайтесің көнбегенде, Алмасқан маусым ба сын?! Жолаушы сен де, мен де, Жол жыры таусылмасын!».

«Бал аштыру» балладасының көркемдік түйіні – Ұлы Дала Елінде қазіргі ұрпақтарының текті ата-бабаларымыздың қанымен жалғасып келе жатқан адамгершілік-имандылық қасиеттерімен өнегелі өмір сүрген (берік төзім, шыдам, досымен де, дұшпанымен де қатарлас жүретіні, «Тез жанып, тез жалығар» толқымалы мінезі, өліп-өшіп сүйгені, суынғаны, кейігені, өзгелердей өлшеммен өмір сүруді үйренгені, т.б.) – Алла бұйыртқан бар жақсылыққа («Анашым бар алаңдар, қос қанатым балам бар») қанағатпен, шүкірлікпен, құштарлықпен сұлу өмір сүру болжалын оқырманға таныстырған: «... Мені баурап алатын, Бір сиқырлы ғалам бар!».

Алда жүрер жол қанша?
Тоқсанға жас толғанша!
Өмірсерік қара қыз –
Қара кемпір болғанша!
Тасып жүрген “бөрене”,
Құмырсқаны бөгеме.
Баста тұрса дәуренің,
Дәулет деген немене?!
Өмір екі келе ме,
Қиындықты елеме.
Баста тұрса дәуренің,
Байлық деген немене!?

Бұл – сығанға шартты түрде бал аштырып тұрып, өзіндік қазіргі және болашақ болмысын болжаған лирикалық қаһарманның тұспалдау философиясы. Өмір сапарының кезеңдерінде кездейсоқ кездесетін ешкі мінезді жеңілтек адамдардың жалған күлкісіне, жасанды бет-пішініне алданудан-адасудан сақтану болжалы да «Көк ешкі туралы...» мысалдамалық балладада түйінделген.

Әділғазы Қайырбеков – Қазақ елі тарихындағы көрнекті тұлғалардың шығрмашылық мұраларын, өнернамалық тағылымын жан-жақты қарастырып, зерделеп-зерттеп, оған байланысты әдебиеттану, өнертану бағдарындағы еңбектер жазып, жариялап жүрген ғалым-ақын. Ғалым-ақынның зерттеу деректерімен, бағалауларымен жинақталған ойлары балладалардың көркем поэтикалық бейнелеулерімен тоғысып, тарихымыздағы дара дарындар – қайраткерлер тұлғалары ұлықтала

жырланған. Ақынның «Тағзым жыры» балладасы – қазақтың дәстүрлі авторлық поэзиясындағы зар замандық сыншыл реалистік сарынды әдеби мұрасымен классикалық дәстүр жолын дамытқан көрнекті ақын Дулат Бабатайұлы рухына арналған туынды. Отаршылдар қазақтың байырғы атақоныстарын, атамекендерін (Ақжайлау, Сарыарқа, Тарбағатай, Сандықтас, Аягөз, т.б.) баса-көктеп иемденуіне күйінген-күйзелген («Мендей сені қызғанар бауырында өскен қай балаң?! «Көл қорыған қызғыштай сен десе салам байбалам». Дулат), жатжерлік ықпалдардан азып-тоза бастаған қазақ жұртының рухани, экологиялық дағдарысты хал-ахуалына («Орыстың заңын қуаттап, ... би дегенің би емес, ел алдағыш мекері», «Құмартып патша сыйына – бек дегенің бек емес, хан жалшысы, нөкері», «Сауыр жерден айрылып, Қазақ Елі жұқарды, ...ку заманға сұм басшы сорымызға тап болды») зарлы-шерлі жырын арнаған Дулат ақын еді ғой. Әділғазы балладасының бастауындағы жыр шумақтардан, тармақтардан Дулат ақынның азаматтық-қайраткерлік болмысы дараланған: «Ұлыс қамын ойласа, Ұлы іске сайланған. Ұрпақ қамын ойласа, Бас бармағы шайналған. Ұлттың қамын ойласа, “Ұйқы беріп, қайғы алған”. Ұлан-байтақ даласын, Шарқ ұрып, шыр айналған».

Дулат – ата-бабаларының асыл дәстүрлерін ұлықтаушы, жатжерліктер ықпалынан азып-тоза бастаған ұрпақтарын айыптаушы, тәрбиеші-ұстаз ақын: «...Кешегі бір заманда, Қайран, қазақ, қайтейін, Қасиетті еді хан, қараң. Мынау азған заманда Қарасы – антқор, ханы – арам, Батыры көксер бас аман. Бәйбіше – тантық, бай – сараң, Бозбаласы – бошалаң, Қырсыға туды қыз балаң. Нары – жалқау, кер табан, Құсы – күйшіл, ат-шабан, Жырғалаң жоқ, жобалаң. Есі кеткен ел болды, Енді қайда мен барам?! (Бабатайұлы Дулат. Шығармалары. Өсиетнама: өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Раритет, 2003. - 288б.; 39-б.)

Әділғазының «Тағзым жыры» азаматтық-отаншылдық рухты, сыншыл ойлы балладасының поэтикалық мағыналы өрілімдерінен туынды авторы мен Дулат ақын ойлары үндескен көркем ойлау бірлігін танимыз: «Ортекедей ойнаған омақасып ұлы арман!», «Алыс қалып азат күн Айды аспанға шығарған», «Өлеңіне өксік пен заман зары сұранған», «Ағыл-тегіл жырлары Аякөздей арынды. Тарбағатай тауынан тартқан көне сарынды, «Жүрегі қақ жарылды. Жырға қосты жылаған, қазақ, сенің халіңді», «Тәңірімен тілдескен. Исатайдан айрылған Махамбетпен үндескен! Бірін-бірі білместен, Мұратымен бірлескен», «Ұлағатын ұқсаңыз ұстазындай Абайдың», «Ұлы Тұран жұртында алдаспанға балаймын, Ар тұтуға жараймын», т.б.

Лиро-эпикалық шығарманың көркемдік түйіні – зар заман ақындарының (Асан Қайғы, Махамбет, Дулат, Мұрат, Шортанбай, т.б.) күңіренген өкініштерінің қазіргі Тәуелсіз Қазақ Елінің жаңа тарихы арқылы орындалғанына марқайыс-мүнәжат: «Сарыарқаның самалы – Ызғырық емес, саумал-ды. Ұрса да дауыл алапат, Ұрпағың, міне, сау қалды. Берсек те бәрін – мал-жанды, Бұйрықты ғұмыр – болжалды. Үзілген үміт жалғанды, Өзіңе

дұғам арналды.Тәуелсіз елің қаз тұрды, Тірлікте мынау аз күндік, Тәу еттік келіп басыңа, Қайран, Дулат бабамыз!».

Тұлға тануға қатысты балладаның бірі – «Шоқанның бәкісі». Бұл туындыда әдебиет алыбы Сәбит Мұқановтың Шоқантанудағы көрнекті әдеби-ғылыми («Ариадна арқауы», «Қашқар қызы» пьесалары, «Жарқын жұлдыз» монографиясы, «Аққан жұлдыз» романы) шығармалар жазуындағы басты мұраты жаңаша айқындалған. Балладаның идеялық-көркемдік шешімі – қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқановтың сеніп келген, сол үшін күрескен Совет жүйесінің отаршылдық зұлымдық саясатына алданумен өткен өмір жолына өкінішін, күйінішін қазіргі оқырманға түсіндіру. «Аққан жұлдыз» роман-тетралогиасының тек алғашқы екі кітабының ғана жазылып, аяқталмай қалуының себебі – отаршыл империяның бет-бейнесін тануы халқын құтқару үшін Шоқан айтқан «Азаттық пен білім керек халқыма» ұстанымын патшалық Ресейдің, озбыр Кеңес өкіметінің қазақты қырған, құртқан қуғын-сүргінін, зымияндық жауыздық саясатын, іс-әрекеттері сабақтастығын кеш ұққандығы. Автор баллада кейіпкері Сәбит Мұқановтың «Аққан жұлдыз» роман-тетралогиасын жазуда «Отыз-ақ жыл ғұмыр кешкен Шоқанды, отыз жылдан аса Сәбең зерттеген», «Ұрпақ жадын жаңғыртудың амалын Шоқан жолын танытудан табады» деп, Патшалық Ресейге қызмет еткен Шоқанның отарлық озбырлықтармен бетпе-бет келген трагедиялық хал-ахуалын сезінген академик-жазушы Сәбит Мұқановтың рухани дағдарысқа тап болған психологиялық болмысын реалистікпен суреттеген. Орыс империясының әскери қызметкері болған Шоқанның сол жолының қате екендігін сезінген өкінішті күйзелістері мен Сәбиттің өкініштері – сабақтасқан, тұтасқан сипатымен бейнеленген:

...Бұза алмаған боздақ еді ол, қайтесің,
Отаршылдық империяның қамалын.

...Сәбит, Совет – секілденіп бір ұғым,
Ойларының содан тауып тұнығын.
Оңашада талай рет дал болған,
Серпе алмай отаршылдық құрығын.

...Қазақтардың басын доптай ұшырған,
Казактардың қылыштары жарқылдап...

...Соны көріп Шоқан өлді құсадан,
Сол тұсқа кеп Сәбең атын тұсаған.
Көз алдына елестейді Эрмитаж,
Шекараға саусақ созған Мыс адам...

Өмір бойы өзі сеніп келген Совет одағы отаршыл Ресей империясының өңі өтірікпен боялған қайталанған нұсқасы екенін «Аққан жұлдызды» жазу кезінде түсінген Сәбеңнің трагедиялық хал-ахуалын («Ол өзінің алданғанын аңғарды. Өмір-бақи сол советке сенем деп: «Шоқан жолы» оған соны

ұқтырды, Жетпіске кеп жанарына шық тұнды. Оған дейін дәл осылай сезбеген, Отаршылдық шырмауықты, жықпылды», «Ол түсінді: өрмекші тор құрғанын. Ұлы Шоқан отаршылдық құрбаны, «Аққан жұлдыз» аяқталмай, тоқтады. Шоқан халық азаттығын жоқтады! Отар елде орындалмас арман бұл, Ол да қиял – білім шамын жаққаны!»)) тарихи дерек пен дүиетаным шешімінің поэтикалық-психологиялық астасуы арқылы байқатады:

Тоқтатты да романның дауылын,
Ол ойлады орыстанған ауылын...
Дәстүр-салтын, шежіресін білсін деп,
Шұғыл түрде жазды «Қазақ қауымын».
Астарлап та айтпақ болдық шындықты,
Өмір өзі айғақтады кім мықты...
Ұлы Шоқан – ұлы мұрат ұстанған,
Сәбең қалай құп көреді құлдықты!
Тағдыр сөйтіп дәу кемені шайқады,
Соңында қап қалың елі, байтағы,
Жетпіс үшке жасы ауған шағында
Қайран Сәбең бұ дүниядан қайтады.

Балладаның авторы 1978 жылы қарашада Алматыда ашылған Сәбит Мұқанов музейінде әртүрлі тақырыптық кештердің өтетінін, оған ақындардың, ғалымдардың, жазушылардың қатысатынын, кезекті «Сәбит сабағын» Уәлихан әулетінің тұяғы Шота өткізгенін, ол айтқан бағалауды, ол тапсырған заттарды, ұлыларды ұрпақтарымыз мәңгілік ұлықтауы керектігі оқырман назарына ұсыныла жырланған: «... Ұмытпайды Уәлихан әулеті – Марғұлан мен Мұқановтың еңбегін», «Елге қызмет – сұрамайтын ақысын, Ерен еңбек – жақының мен жат үшін.

Мен музейге тапсырамын Мақының Жең түймесі мен Шоқанның бәкісін!».

Сәкен Сейфуллин – қазақ тарихындағы ақын, ғалым, мемлекет, қоғам қайраткері қызметімен өзінің мәңгілік биік тұғырында жоғары бағаланатын көрнекті тұлға. Әділғазының «Айна сыртында сақталған сурет» атты балладасында ұлтымыздың болашағы үшін қоғамдық-әлеуметтік және әдеби, ғылыми шығармашылық қызметімен аянбай еңбек еткен, сұлу өмір сүрген, бірақ ақырында өзі іргетасын қаласқан совет өкіметінің зұлымдық қуғын-сүргінінің құрбаны болған Сәкен Сейфуллин мен оның сенімді інісі Сәбит Мұқанов бірге түскен фото-суретті аласапыран шақта айнаның сыртына тығып ұзақ жылдар сақтаған Сәбеңнің асыл жары Мәриям анамыздың азаматтық ерлігі жырланған. Балладаның төрт бөлікті лирикалық-эпикалық құрылымында қазақ халқының бостандығы үшін саяси-қоғамдық және шығармашылық қызмет мұратын тоғыстырған Алаштың қос қайраткеріне тән ұстаным бірлігі («Аға мен бауыр тілектес, Сәкен мен Сәбит дос көңіл», «Көшбасшы болған ту ұстап, салмақты салып қаламға», «Төңкеріс жырын жырлады», «Теңдікке қазақ жетер!» деп, Жорыққа үндеп тұрғанын жорисың

калай «Бекер!» деп»), сол кезең шындығының қайшылықты, қақтығысты реалистік сипаты айқын суреттелген: «Заманы сондай күрделі, Заңы да қатал зарлы еді. Намыстың шоғын үрледі, Бақытқа бір жол бар деді... Сол жолда кешті сор қанша, Сол жолда тіпті адасқан... Болмаса деді қорғаншақ, Азамат шықса Алаштан...». Баллада сюжетінің дамуында тақырып нысанындағы сурет түсірілген кезең («Табысып Қызылордада, «Еңбекші қазақ» түлеткен. «Бірі – іні, бірі – болды аға»), сол кезеңдегі саяси пікірталастар сипаты («Өрекіп күрес тартысты, өршіген кезі дау-дамай. Айтысқанменен айтысты, Артық та кетіп аңдамай...»), фотосуреттегі тарихи тұлғалардың поэтикалық портреттеріне тән психологиялық құбылыстар да бейнеленген: «... Сәкеннің сұсты әлпеті, Еңсесін ұстап өр, биік. Кетердей бәрін тәрк етіп, Кезеңге күліп кермиық...». «Сәбиттің басын ой торлап, Сәкенді сүйеу санаған. Соқтықпай әлі сойқанға, Ұмтылған жұмбақ жағаға...».

Лиро-эпикалық туындының сюжеттік шарықтау, шиеленісу сәттерінде саяси қуғын-сүргіннің зобалаңы («Қара бұлт төнді аспаннан. Ұлдарын ұлттың жетілген, Қудалау, соттау басталған». «Ілияс, Сәкен, Бейімбет Құрбаны болды жаланың», «Сәкенмен сырлас, сенгені, Мағжанды тартып қасына, Сәбит те кетті сенделіп, Күн туды кенет басына». «Сыпырып ұлттың қаймағын, Айласын Мұртты асырды... Мәриям сонда айнаның Сыртына сурет жасырды») тарихнамалық деректер аясында оқырманның көз алдынан өткізілген. Шығарма сюжетінің шешімінен Мәриям ана сақтаған сурет арқылы халық қайраткерлері бірлігінің мәңгілік ұлағатын танимыз:

...Қиямет, қатал қайда күн,
 Үміттің оты жағылды.
 Елеусіз қалған айнаның
 Сыртынан сурет табылды!
 ...Сарғайған сурет – сыр аңыз,
 Сөйлейді тілсіз, тұр қарап.
 Жауабы дайын, сұраңыз,
 ...Сусиды жылдар сырғанап.
 Бұйдасын үзіп бұлқына,
 Бойлады заман паркына.
 Қызымет қылды ұлтына,
 Қадірлі болды халқына!

Әділғазының «Отызға толмай орда бұзған» балладасының идеялық-композициялық құрылымындағы көркем кестелі поэтикалық бейнелеулермен, психологиялық егіздеулермен өрнектелген тармақтар («Бірде Шәмші айдарынан жел есіп, асып-тасқан бұлақтармен кеңесіп. Алматыны келе жатты аралап, Ақ арманы ақ бұлттармен теңесіп»; «Жапырақтар шапалақтап алақан, Жамырасып, жауып жатып көшеде», «Шәмші әнін тал, қарағай, жел айтты, Әнге сусап қалған қалың ел айтты», «Гүлдің исі, тау ауасы кеудеге Жыр құяды, нұр құяды ғаламат») арқылы

халықтың мәңгілік әндерін тудырған композитор Шәмшінің албырт келбетін көз алдымызға әкелген. Балладаның көркемдік түйіні – отызға әлі толмаған Шәмшімен кездесіп қалған Сәбит Мұқановтың («Сәлемін ап, Сәбең бұған қарады, Ашық екен Аңыз адам қабағы») оның сол жылдары ұлан байтақ даланы шарлап кеткен, бүкіл қазақ халқы шырқап жүрген «Қайықта» әнінің авторы екенін білгеннен кейін жасын сұрағаны, композиордың әлі отызға толмағанын естігеннен кейінгі толғанысты бағалаулары, берген батасы дарындар дидарласуының ұмытылмас сәтіндей суреттелген:

«...Сәбең сонда күлкі ойнап мұртында,
Сауал берді, Шәмші үнсіз тұр тыңдап:
«Отызында орда бұзбаған адам, –
Білесің бе, – камал алмас қырқында!»
«...Солай, Шәмші! Отызға да толмадың,
Осы жаста жастық жырын толғадың,
Сәлемінді болашаққа жолдадың,
Сен қақпасын бұздың, қалқам, Орданың!»
«...Отызыңа толмай Орда бұзыпсың,
Қалқан құлақ, қара бала, қызықсың,
Қолыңды жай, бердім, міне, батамды,
Ғұмырыңның жолын ұзақ сызыпсың!»
«...Әнің сенің жер мен көкті шарласын,
Жас пен кәрі саған алғыс арнасын!
Ақан, Біржан, Естай, Кенен көзіндей
Қазақ әні тапқан екен жалғасын!».

Бұл балладаның көркемдік түйіні – қазақ тарихының абызы, шығармашылық ой алыбы Сәбең батасымен Шәмшінің шығармашылық жолы сәтті басталғанын аңғарту, «Менің Қазақстаным» әнінің Тәуелсіз Қазақ Елінің Мемлекеттік Әнұранына айналған шындығын дәлелдеу: «...Сәбең ойын дөп басыпты баршаның, Өтті зулап қаншама жыл, қанша күн. Тәуелсіздік алған кезде елінің Әнұраны боп шырқалды Шәмші әні!».

Әдебиет алыптарының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан қасиетті дәстүрі – Ұлы Дала Елі өркениеті тарихындағы ауыз әдебиеті өкілдері ақын-жырауларымыздың, би-шешендеріміздің, ғұламаларымыздың, қолөнер бұйымдары зергерлерінің – ұсталарымыздың, жазба әдебиет классиктерінің – бәрінің де ұстаздық, тәлімгерлік ұлағат ұстанымы – өзі тектес дарынды жас толқын өкілінің шығармашылық биіктіктерге қыранша самғауына тілектестік көңілін арнайтыны. Әділғазының «Алтын қалам» балладасының сюжеттік-композициялық құрылымында әдебиет алыбы Ғабит Мүсіреповтің үйіне Мұқағали Мақатаевтың арнайы іздеп келгені («Жыр оқыды алдаспандай жарқылдап»), қара сөз бен өлең сөздің ойшыл-сыршыл суреткерлерінің өмір философиясы аясында мұңдасқан-сырласқан

шығармашылық сұхбатының-дидарласуының эстетикалық-психологиялық сырын оқып, танимыз:

...Мұқағали мұң шаққан жоқ мұндарға,
 Мұңсыз мұндар ұлы ақынды тыңдар ма.
 Ғапыл дүние сырын кіммен бөліссін,
 Ғабең сынды сөз зергері тұрғанда.
 ...Сәлем берді қара сөзге қанатты,
 Қара сөз де қабакқа мұң қамапты.
 Оңашада ой бөлісті қос алып,
 Талант қана таниды ғой талантты.
 ...Өлең оқып, Мұқағали өр, асыл,
 Өрнек ашып өзгеше бір жарасым.
 Ғұмыр мәнін өлшеп қойған ақынға,
 Ғабең сонда ұзақ сынай қарасын.
 ...Екеуара ұғысқандай қабақтан,
 Екеуін де Алла ерек жаратқан.
 Сөзге сөздің көлеңкесін түсірмей,
 Көздегенін мүлт жібермей, дәл атқан...

Түйдек-түйдек ойлар, кесек-кесек түйіндеулер тоғысқан баллададағы жыр шумақтар жеткізетін көркемдік түйіні – әдебиет алыбының өзіндей көркемдік дүниетаным кеңістігінде шарықтау, самғау сапарында келе жатқан дара дарынды бағалауы, аманат, бата-тілек арнауы: «Ғабең сонда бір-ақ ауыз сөз айтты: «Мұқағали, мұқалмасын қаламың!». «Түсінікті Мұқағалиның да күй, халі, Тіршілікте дүнияға сыймады... Отты жырдың ордасы бол дегендей, Ғабең оған Алтын қалам сыйлады!». Көркем шығарма – халық тарихындағы ой алыптары ұлағатын ұрпақтарға таныту құралы. Мына баллада – қазақ әдебиетінің алыптары Ғабит Мүсірепов пен Мұқағали Мақатаев дидарласуының айғақты ескерткіші. Қазіргі кезде Қарасаздағы Мұқағали музейінде тұрған сол Алтын қалам арқылы сөз өнері дәстүрінің мәңгілік ұлықталатын құдіреті дәлелденген. Айтпақшы, Мұқағалидың 80 жылдық мерейтойына орай өткізілген республикалық жыр мүшәрасында бұл «Алтын қалам» балладасы – алдыңғы жүлде еншілеген шығарма.

Авторлары ұмытылып, халық әндері атауымен ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың, олардың ұрпақтарының айтуымен сақталып келе жатқан ән-өлеңдер – біздің халықтық-ұлттық жан діліміздің сырлары. Халықтың ән-өлеңдері – ұлттық мінез-құлық психологиямыздың көркемдік ойлау аясындағы дүниетаным философиясы. Ақын Әділғазы тағы бір балладасында ХХ ғасырдың 60-жылдарынан бастап, қазіргі ХХІ ғасырда да сан буын ұрпақтың әр айтылған сайын жаңа туындыны тыңдағандай, жан дүниесіндегі қуанышын да, өкінішін де, арттағы қимас күндерді, жылдарды аңсайтын сағынышын да, алдан күтетін арманды үмітін де, сенімін де айрықша бейнелеп әсерге бөлейтін Қазақ вальсінің королі – Шәмші

эндерінің әуезді көркемдік-эстетикалық, психологиялық ықпалды құдіретін оқырманның көз алдына елестетеді. Көркем шығарманың антропологиялық-поэтикалық ықпалды ерекшелігі – авторының, туындыдағы әдеби бейнелердің және оқырманның – бәрінің де кейіпкерге айналатындығы. Әділғазының «Теріскей». Шәмші. Сабырхан» атты балладасынан автордың және оқырманның, әдеби кейіпкерге айналған тыңдаушылардың даралана суреттелуін аңғарамыз. Табиғаттың күзгі пейзаждық суреттері («Кемпіршуақ. Сары күз. Сарыағашта, Қиял да жоқ қиянға ала қашқан. Қара ағашқа қонақтап бір топ торғай, Арыз айтып сайрайды бар Алашқа», «Аспан ашық. Жел де жоқ. Желемік те. Табиғат бұл жүгінбес төрелікке. Жалт қараған ару қыз ұқсап кетті – Жәудір жанар бейкүнә сол елікке») және тыңдаушы психологиясы романтикалық сарынымен баурайды: «Әуелеткен ансамбль Шәмші әніне, Ұмытасың елітіп, шаршадың не?! Маңып кеткің келеді бұлтқа еріп, Мағынасыз қол сілтеп барша күнге. Әнші жігіт басқанда «Теріскейге», Әлеуметпен арманын бөліспей ме?! Теріскей мен күнгеіге Қазақ елі, Түгел сыйып тұр десек, келіспей ме?!». Балладаның лирикалық-философиялық түйіндеулері арқылы әуез бен өлеңсөз тұтастығы, өнер туындысының эстетикалық әсері, тәлімі, тәрбиелік күші терең де сырлы бағаланған: «Теріскейден күнгеіге самғады ән, Ән құтқарар тағдырдың қармағынан. Өлең мен ән – өмірдің мағынасы, Артық нәрсе ал енді бар ма бұдан?!», «Теріскей» ән тым ұзақ қалықтады, Жұрт та ұйып тыңдаудан жалықпады. Шәмші қалай сыйғызған осы әнге Сағынғанын, сүйгенін, зарыққанын?! Толқып-толқып басылды ән, ырықты алды, Қашқан сезім қаншама құрықталды. Жақын келіп әншіге бір кейуана Алғыс-рахмет жаудырып тұрып қалды». Осы кейуана Шәмші әні өлең сөзінің авторы – ақын Сабырхан Асановтың жары Шолпан екендігін оқимыз. («Сабырхан Асановтың бір томдығы – «Шолпан» деп аталғаны түсті есіме!») Балладаның әсерлі бір тұстары кейуана көңіл-күйімен баяндалған:

Тұңғыыққа Ай батып, Күн шығады,
«Теріскейді» тыңдап ем, тыншымадым.
Тіпті, қазір, байқамай қалыппын ғой,
Тамшы жастың көзімнен ыршығанын.
Еске алдым оларды, бәлкім, жүдеп,
Әннің даңқы барады әр күн үдеп.
Қуанғанын көріп ем екеуінің:
«Халық айта жүретін ән туды!» – деп.
Шипалы су тәніңді емдер, бәлкім,
Шын талантты өмірге берген халқым.
Асылдардың соңында ән қалады,
Әкетпейді бақиға теңдеп алтын!».

Балладаның көркемдік шешімі аясында автордың да, оқырманның да, туынды кейіпкерлерінің (Шәмші, Сабырхан және оның жары Шолпан, әнші,

тыңдаушы халық) бәрі де тоқталмайтын уақыт қозғалысындағы өмір философиясының Жаратушы Алла ұйғарымындағы жастықтың кәрілікке ұласатын заңдылығына да назар аудартады. Өнерпаз өмірден өтеді, бірақ өнер мәңгілік. Дүниенің көш-керуеніндегі қазақ үшін ешқашан ұмытылмайтын асыл құндылық – туған жерге, атамекенге перзенттік махаббат екендігін, сондықтан осы «Теріскей» ән-өлеңі әлемнің барлық құрылықтарындағы қазақтардың ортақ мұрасы болып осылай жалғаса беретіндігі дәлелденген: «Теріскей, айналайын, келбетіңнен!», Талай жерде отырдым төрде кілең. Кіндік қаның тамғаннан артық мекен Іздесең де таппайсың жер бетінен...».

Ұлттық өнер және өнерпаз тұлға тақырыбына арналған Ә.Қайырбековтің балладалары («Мәткәрім», «Сұржекей», «Отызға толмай орда бұзған», «Теріскей».Шәмші.Сабырхан», «Мағжанның мұңы мұнар», «Әлқисса – Нұрғиса») бірін екіншісі толықтырады, екіншісі үшіншісінен асып түсіп жатады. Бұл өзі тылсым қазақ музыка өнерін – ән, күй, мақам, саз, сарын-әуендерін тұтастыра ұғындыратын көркемдік-эстетикалық дүниетаным әлемі. Ғарыштық-ғаламдық кеңістіктегі саналуан дыбыстардың, дауыстардың, қозғалыстардың, құбылыстардың, көріністердің, жанды және жансыз денелер, үйлесімдер мен үйлесімсіздіктер, қақтығысқан әрі үндесе, әрі қойындаса араласып жатқан әлемін әуез ауқымында түйсіну, қабылдау – ән, күй туындататын киелі өнер иесіне тән қасиет. Әділғазының «Әлқисса-Нұрғиса» атты балладасының өн бойындағы сюжеттік бөліктерден музыка өнерінің аса көрнекті тұлғалары, композиторлар Ахмет Жұбанов пен Нұрғиса Тілендиев екеуінің өмір белесінде өнер құдіреті аясында алғашқы дидарласуы, танысуы, қамқорлығы, сенімі, ортақ дүниетаным бірлігі, ісі – саналуан мағыналық бейнелеулерімен қамтылған. Балладаның оқиға желісінде ойшыл, ғұлама, академик Ахмет Қуанұлы Жұбановтың тарихи-әдеби бейнесі бірнеше ерекшелік тұрғысында сомдалған: біріншісі – өзін қоршаған тіршілік қозғалыстарының, дыбыстарының әуезді-әуенді сырларын табиғаттың шынайы ортасынан ғана сезінетінін композитор дарынына тән психологиялық-эстетикалық қасиеттер болмысының даралануы; екіншісі – қазақ даласының барлық өңірлерінен бұрынғы-соңғы көрнекті композиторлар дәстүрімен тектес жаңа буын ерекше таланттарды іздеу, соларды тәрбиелеудегі ұстаздық-тәлімгерлік мұрат өнегесі.

Баллада Алматы вокзалында қызыл іңірде пойыздан түсіп келе жатқан («Тыныстап таза ауамен жүрейін!» деп, Жаяулап көше бойлай аяңдады») атақты композитордың табиғи болмысын көз алдымызға айқын елестетеді:

...Күй сазы құлағына шалынады,
Ақ қайың жақұт сырға тағынады.
Теректер тамылжытып ән шырқаса,
Тылсымнан жан дауасы табылады.
...Аханды тағы да бір ой шырмады,

Қаланың құшақ ашып ойшыл бағы,
Соңынан қуып жеткен секілденді,
Сапарда бір тыңдаған қойшы әні...

...Кім болжап қояр дейсің күнді ілгері,
«Жазмыштан озмыш жоқ», бір білгені.
«Дүние сыры осы!» дегендей-ақ,
Домбыра бір қапталдан күмбірледі.

Оқиға дамуында көше бойлай келе жатқан Ахмет Жұбановтың қапталдан естілген домбырадан төгілген күй әуендеріне еліте құлақ тосқан сәті де реалистікпен суреттелген:

...Домбыра бебеуіне құлақ түріп,
Селт етті күй шалысын сынап тұрып.
«Осы ғой іздегенің!», «Жүр-жүрлейді»
Шақырып дәл іргеде шырақты үміт.
«Көрейін кім де болса, тілдесейін,
Керемет күй әсерін бір кешейін.
Болжамын күймен өрген абыз шығар,
Белгісіз бар ғұмыры бізге шейін...».

Бұл арада, ақын Әділғазы Алматыдай ең үлкен қаласында да, жазиралы кең-байтақ даласында да ғасырлар бойы жасанған-жайнаған, ашық-шашық, жайбарақат өмір сүріп келе жатқан қайран қазақ ұлтының әлеуметтік-тұрмыстық психологиялық болмысын бір-ер шумаққа сыйғыза суреттеген: «Бүйірде жатаған үй, шолақ көше, Үйлері келетіндей қорап десе. Құлып жоқ есігінде ешбір үйдің, Жатады айқара ашық қонақ келсе». Оқиғаны дамыта келе: «Тоқал там, жатаған үй төбесінде отырған қалқан құлақ сарбаланың» домбырасының «келтіріп оң бұрауын, сол бұрауын» төгілте тартқан күйлері («Көрұғлы», «Қайран шешем», «Балбырауын», «Би күйі», «Кісен ашқан») тыңдаушыларын қызықтыра баурағанын, өнерпаз сарбаланың шабытты сәтіне тап болған: «Ахаң сол тоқал тамға жақындады, Күй шалқып, лақылдады, лапылдады», «... Таяу кеп тыңдап тұрды үй қасында, Келтіріп иірімін, ұйқасын да...Сарбала домбырасын бебеулетті, Қос ішек түсті талай қидасынға...», «Қарайды қалқан құлақ балақайға, Үйретіп мінгендей-ақ ала тайға, Домбыра құлағында ойнап отыр, Қиқулап, дүбірлетіп, алақайлап». Баллада кейіпкері көңіл-күйінің психологиялық шарықтау-шиеленісу сәтіндегі домбырамен күй тартқан өнерпаздық болмысын Ахаңның тануын («Тұрғандай тай кезінен тұлпар танып»), көршілерден сыр тартқанда олардың бағалауларын («Аумаған әкесінен домбырашы!», «Шешесі елден асқан әнші мұның, төгетін тамағынан тамшы мұңын!») жыр арқауына ала отырып, өнер киесі ұрпағына жалғасқан отбасы дәстүрінің ұлағаты оқырманға ұсынылған: «...Әкесі мұратына жете алмады, Шоп-шолақ шолтаң

етіп қамшы-ғұмыр!», «Бір белгі осы шығар қалған деген, Таласқа түспесек те талғамменен, Тартып жүр келістіріп Тілендінің Бір күйін аһ ұрғызар «Арман» деген...».

Баллада сюжетінің шешімінде бокстан тұңғыш спорт шебері, жаттықтырушы Шоқыр Бөлтекұлының ақылымен-баулуымен («Жас бала қол қусырып отыра ма, дарын да жол таппаса тоқыраған...») боксшы болуға бағыт түзеп жүрген он үштегі сарбаланың Ахмет Жұбановтың ұйғарымымен музыка мектебіне қабылдануы да кездейсоқ әрі сәтті шешім ретінде баяндалған:

Тастүлек шаңқылдайды тұғырында,
Күй –керуен, көшпенділер ұғымында.
Сары бала өнеріне өріс ашқан
Аханды ұстаз тұтты ғұмырында.

Ақиқат өнер таңдап қонатыны,
Ағашты шебер ғана жонатыны,
Ахаңнан бата алған сол сары бала –
Нұрғиса Тілендиев болатұғын!

Өрісін өнерпаздың халық танып,
Жас қыран зау биікте қалықтады.
Орынын өнерімен анықтады,
Әлқисса – Нұрғиса боп қалып қалды!

Осы орайда, Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласындағы «Ұлттық бірегейлікті сақтау» бөлігіндегі пікірінің арқауы да ақын туындыларына тікелей қатысты да өзекті екендігін байқаймыз: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» (Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру// Егемен Қазақстан, №70 (29051), 12 сәуір, 2017 жыл, 1-2-бб-: 1-б.)

Әділғазы Қайырбеков – Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиетінің тарихынан ойып тұрып орын алған көрнекті қаламгер. Ақынның, әсіресе, соңғы жылдардағы баллада жанрындағы жетістіктері, әр алуан тақырыптарды қамти отыра тұтас Балладалар кітабын «Ғұмырдария» деген атпен әдемі өріп шыққаны назар аудартады. Әділғазының әдемі балладалар әлеміне еніп, шағын әрі тосын оқиғалы әралуан новеллалар оқығандай күй кештік. Көптеген балладалары мектептің, жоғары оқу орындарының оқу

бағдарламаларына енгізіліп, хрестоматиялық оқу құралдарынан орын алуға сұранып тұр.

Темірхан ТЕБЕГЕНОВ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор.
07.09.2017 ж.

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ

БАЛАЛЫҚ ШАҚ БАЛЛАДАЛАРЫ

- Онда мен он үштемін.....
- Бір құшақ шөп.....
- Он қанат шетен.....
- Жар жағасында.....
- Зауал.....
- Қоңыр қаз.....
- Көк боз ат.....
- Балдақ туралы баллада.....
- Мәткәрім.....
- Балалық шақтың бақшасы.....
- Батқан күннің бояуы.....
- Бір кесе сүт.....
- Қоңыр ауыл.....
- Қаракөз мұң қаршадай.....
- Құнан бәйге.....
- Белесебет.....
- Балауса дәурен – бір елес.....
- Бала мысық немесе жарық-нұр.....
- Әжемнің кебежесі.....
- Қар жауған күн.....
- Сұржекей.....

ЕКІНШІ БӨЛІМ

БАЗАРЛЫ ШАҚ БАЛЛАДАЛАРЫ

- Отызға толмай орда бұзған.....

- Жалалы жаза.....
- Қазақ десем... ..
- Айна сыртында сақталған сурет....
- Шоқанның бәкісі.....
- Топан су. Тасқын. 2010.....
- Алматы. Алмалық. Алматы.....
- Ағын... Ағын... Ағын су.....
- Алтын қалам.....
- Ақбоз ат мінген майдангер.....
- Қос қарлығаш һәм тіл үйрету.....
- Тағзым жыры.....
- Жол жыры.....
- Көк ешкі туралы.....
- Бал аштыру.....
- Бұрқаған жырдың бұлағы.....
- Бауыры алтын жез кеме.....
- Ата-бабамыздың арманы еді.....
- «Теріскей». Шәмші. Сабырхан.....
- Құс тұмауы.....
- Мағжанның мұңы мұнар.....
- «Әлқисса» – Нұрғиса.
- Бір сурет – бір серкеш.....

Т.Тебегенов. Әділғазының әдемі балладалар әлемі.....

Әділғазы
ҚАЙЫРБЕКОВ

ҒҰМЫРДАРИЯ

(Балладалар кітабы)

Жауапты шығарушы –
«Алматы-Болашақ» АҚ
Шығармашылық топ жетекшісі – Ы.С.Кененбай

Баспахана директоры – И.Ү.Ақбасов
Редакторлары – Қ.Бәкі, С.Әйтенова
Суретші – В.В.Стенякин
Беттеген – А.Рахманбай

Теруге 17.07.2020 ж., басуға 23.07.2020 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 1/32. Қаріп түрі «DS Times».

Шартты баспа табағы – 9,24.

Таралымы – 3000 дана. Тапсырыс №889

«Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында басылды
Алматы қаласы, 050026, Мұқанов көшесі, 223 «В».
Тел.: +7(727)378 36 46
